



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ
«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕ МЕНШІК
ӘРІПТЕСТІК ОРТАЛЫҒЫ» АҚ

**МЖӘ ЖОБАЛАРЫН
ІСКЕ АСЫРУҒА**

**ТӘЖІРИБЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
«Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы» АҚ

МЖӘ ЖОБАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУҒА ТӘЖІРИБЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

**Тәжірибелік ұсынымдарды әзірлеуге
қатысқандар:**

Калигазин А., Есдаулетова А., Кобетов А.,
Мырзагалиева Н., Талипов Б., Дәрбоз М.,
Ан Е., Садвокасова Ф., Умарова А.

Құжаттың электрондық нұсқасы «Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы» АҚ-ның сайтында қолжетімді www.kzprrp.kz

Осы құжатқа қатысты пікірлеріңізді, ұсыныстарыңыз бен ескертулеріңізді электрондық поштасына жолдай аласыз kanc@kzprrp.kz

Пікірлер мен ұсыныстар үшін байланыс деректері:



Қазақстан Республикасы, Астана қаласы
Темірқазық көшесі, 65, 3-қабат



+7 7172 578-525



kanc@kzprrp.kz



www.kzprrp.kz



Бұл құжат тек ақпараттық-әдістемелік сипатта болады.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын іске асыру бойынша жалпыланған ұсынымдарды қамтиды және қолдануға міндетті нормативтік құқықтық акт болып табылмайды.

Материалдарды пайдалану пайдаланушының қалауы бойынша жүзеге асырылады және құқықтық сараптама мен уәкілетті органдармен келісу қажеттілігінен босатпайды.

Авторлар мен әзірлеушілер жобаларды іске асырудың нақты шарттарын ескермей, осы ұсынымдарды қолдану нәтижесінде туындаған ықтимал салдарлар үшін жауап бермейді.

МАЗМҰНЫ



Алғысөз	6
Қабылданған қысқартулар	7
1. МЖӘ жобасына бастамашылық жасау	9
МЖӘ ұғымы	9
МЖӘ қағидаттары	13
МЖӘ жүзеге асыру тәсілдері	14
Келісімшарттық МЖӘ-нің кейбір ерекшеліктері	15
Институционалдық МЖӘ-нің кейбір ерекшеліктері	19
МИЖ инвестициялық ұсынысы	24
2. МЖӘ жобасын жоспарлау	36
Мемлекеттік бастама негізінде МЖӘ жобаларын жоспарлау	36
Жеке бастаманы іске асыру шеңберінде МЖӘ жобаларын жоспарлау	37
Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі МЖӘ жобаларын жоспарлау және іске асыру ерекшеліктері	39
МЖӘ-дегі ерекше маңызы бар жобалар. Халықаралық қаржы институттарымен үйлестірудің жаңа тетігі	41
3. МЖӘ жобасын құрылымдау және конкурстық құжаттаманы дайындау	44
Конкурстық құжаттаманың құрылымы (мазмұны)	44
МЖӘ жобасының ақпараттық парағын, техникалық-экономикалық негіздемесін, бизнес-жоспарын қалыптастыру ерекшеліктері	45
МЖӘ шартын әзірлеу	49
Сараптама және конкурстық құжаттаманы келісу	57
Конкурстық шарттарды қалыптастыру	60
Конкурстық өтінімдерге қойылатын талаптар және оларды бағалау критерийлері	61
4. МЖӘ жобаларының қаржылық тетіктер	65
МЖӘ жобаларындағы қарды тетіктерінің рөлі мен маңызы	65
МЖӘ жобаларына мемлекеттің қатысу нысандары, түрлері мен шарттары, олардың ерекшеліктері	66
МЖӘ жобаларын іске асырудың қаржылық аспектілері	85
5. Жекеше әріптесті таңдау	98
Жеке әріптесті іріктеу бойынша конкурстық рәсімдер	98
МЖӘ веб-порталы: жұмыс бойынша практикалық нұсқаулық	106
МЖӘ жобасының коммерциялық жабылуы: конкурста жеңіске жетуден бастап шартқа қол қоюға дейін	108
МЖӘ жобасының қаржылық жабылуы: қаржыландыруды тарту және кредиторлармен жұмыс	111
6. МЖӘ жобасын пайдалану және басқару	116
KPI, есеп беру және бақылау механизмдері қандай болуы керек?	117
KPI, есептілік және бақылау тетіктерін қалай енгізуге болады?	120
7. Тәуекелдерді бөлу	123
8. Қосымшалар	134
Нормативтік-құқықтық база	134
МЖӘ жобаларын жоспарлаудың жол карталары	136



АЛҒЫСӨЗ



Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің қолдауымен көптеген жылдар бойы еліміздегі МЖӘ тәжірибесін дамыту және жетілдіруде жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Осы тетік енгізілген сәттен бастап біз кәсіби қоғамдастықпен бірге қоғамдық маңызы бар мақсаттарға қол жеткізуге және инфрақұрылым сапасын арттыруға бағытталған мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылының тиімді платформасын қалыптастырып келеміз.

Бүгінде МЖӘ экономиканы жаңғыртудың және бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттырудың негізгі құралдарының біріне айналды. Бұл халықтың мүддесі үшін ұзақ мерзімді, өзара тиімді шешімдер жасай отырып, жеке сектордың ресурстары мен тәжірибесін мемлекеттің мүмкіндіктерімен біріктіруге мүмкіндік береді.

Қазақстандық МЖӘ орталығының қызметі барысында іске асырылып жатқан жобаларға тұрақты талдау, әдеттегідей қателіктер мен сәтті тәжірибелерді анықтау, қазақстандық тәжірибені халықаралық тәсілдермен салыстыру және қолданылатын қаржыландыру мен реттеу модельдеріне бағалау жүргізіледі. Осы шығарылымның негізіне аталған әзірлемелер арқау болды.

Бұл кітап мемлекеттік органдарға, жекеше әріптестерге, консультанттарға, инвесторларға және МЖӘ келісімдерін әзірлеуге, жасасуға және іске асыруға қатысушыларға арналған. Онда Қазақстанның өңірлерінде табысты іске асырылған көптеген жобаларды талдау нәтижесінде туындаған жинақталған тұжырымдар, әдістемелік тәсілдер мен практикалық кеңестер қамтылған.

МЖӘ-нің базалық тетіктерін түсіндірулер, әріптестік модельдерін таңдау, келісімдердің құрылымын қалыптастыру, қаржыландыру тетіктерін анықтау, тәуекелдерді басқару және жобалардың қаржылық тұрақтылық, жиі қойылатын сұрақтарға жауап беру сияқты қолданбалы мәселелерге ерекше назар аударылған.

Бұл кітаптың әзірленуіне өз білімдері мен тәжірибесін ықыласпен бөліскен сарапшылар мен мемлекеттік органдар өкілдерінің қосқан үлесі себеп болды. Олардың кәсіби пікірлері мен ұсыныстары бұл шығарылымды күнделікті жұмыста қолдануға ыңғайлы әрі практикалық құралға етуге мүмкіндік берді.

Біз ұсынымдар нарық қатысушыларына жобаларды табысты іске асыруға, мемлекет пен бизнес арасындағы сенімді нығайтуға және Қазақстанның заманауи инфрақұрылымын дамытуға септігін тигізеді деп үміттенеміз.



ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР



ББӘ – бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі

ҚР БК – Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі

СҰҰС – МЖӘ объектісінің сапалық сипаттамаларын қамтамасыз еткені үшін, сондай-ақ МЖӘ объектінің жеке техникалық-экономикалық параметрлеріне сүйене отырып МЖӘ объектісіне қолжетімділікті қамтамасыз етуі үшін төленетін сыйақы

БҰС – мемлекеттік меншіктегі объектіні басқарғаны үшін сыйақы

МИЖ – мемлекеттік инвестициялық жоба

МЖӘ – мемлекеттік-жекешелік әріптестік

МЖӘ туралы Заң – «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының заңы

МИЖ ИҰ – мемлекеттік инвестициялық жоба инвестициялық ұсынысы

МСК – мемлекеттік сектор компараторы

ИШӨ – инвестициялық шығындардың өтемақысы

ОШӨ – операциялық шығындардың өтемақысы

ЖАО – жергілікті атқарушы орган

ХҚИ – халықаралық қаржы институттары

НҚА – нормативтік құқықтық актілер

ҚҰТ – МЖӘ объектісіне қолжетімділік үшін төлемақы

МЖӘ қағидалары – № 52 бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау, жекеше әріптесті айқындау жөнінде конкурс (аукцион) және тікелей келіссөздер жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарының мониторингін жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылу мониторингін жүргізу және бағалау мәселелерін қамтитын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидалары

МИЖ қағидалары – № 59 бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру, инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық және қаржылық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамалар жүргізу, бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін түзету, іріктеу, іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидалары.

№ 52 бұйрығы – «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасары-Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 16 маусымдағы № 52 бұйрығы

№ 59 бұйрығы – «Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру, инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық және қаржылық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамалар жүргізу, бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін түзету, іріктеу, іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республи-



касы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 28 маусымдағы № 59 бұйрығы

APMG-нің CP3P басшылығы – мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) саласындағы мамандарға, үкімет органдарына, кеңесшілерге, инвесторларға және МЖӘ-ге мүдделі өзге де тұлғаларға арналған APMG-нің МЖӘ саласындағы сертификаттау жөніндегі басшылығы болып табылады. Ол Азия даму банкі (ADB), Еуропалық қайта құру және даму банкі (EBRD), Көпжақты инвестициялық қор арқылы ұсынылған Америкааралық даму банкі, Ислам даму банкі және Дүниежүзілік банк тобы (WBG) әзірлеген инновациялық өнім болып табылады және мемлекеттік-жекешелік инфрақұрылымдық жобаларға консалтингтік қолдау қоры (PPIAF) тарапынан қаржыландырылады.»

МЖЖ – мемлекеттік жоспарлау жүйесі

ОМО – орталық мемлекеттік орган

IRR – кірістіліктің ішкі нормасы (internal rate of return)

NPV- таза келтірілген құн (NET present value)

PSC – public sector comparator

Value for money (VfM) – баға-сапа қатынасын бағалау

WACC – орташа өлшенген мөлшерлемесі (Weighted Average Cost of Capital)



1. МЖӘ ЖОБАСЫНА БАСТАМАШЫЛЫҚ ЖАСАУ



МЖӘ ҰҒЫМЫ

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында инфрақұрылым құру міндеттерін шешуге бағытталған мемлекет пен жеке инвестордың өзара іс-қимылының нысаны болып табылады.


Бірқатар елдерде МЖӘ мемлекеттік сатып алу тәсілдерінің бірі ретінде қарастырылады, өйткені ол мемлекеттің активтерді сатып алуына бағытталған.

Шетелдік ақпарат көздерімен жұмыс істеген кезде МЖӘ-нің кейде дәстүрлі мемлекеттік сатып алудан ерекшеленетін өзіндік белгілері бар мемлекеттік сатып алу нысаны ретінде сипатталуы мүмкін екенін ескерген жөн. Терминологиялық тұрғыдан, әдетте, соңғысы «дәстүрлі сатып алулар» ретінде көрсетіледі.

Қазақстан заңнамасында «МЖӘ» мен «мемлекеттік сатып алу институттары» мақсаттарының, іске асыру тәсілдерінің және тәуекелдерді бөлу тетіктерінің әртүрлі болуына байланысты айырмашылығы нақты көрсетілген.


Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық міндеттерін шешу үшін МЖӘ-ні және активтерді сатып алудың (құрудың) өзге де нысандарын бөлудің негізінде объектінің пайдалану жарамдылығы тәуекелдерін объектіні құрған жеке инвесторға тікелей беру жатыр.

Бұл іс жүзінде қалай көрінеді: МЖӘ жобаларының институционалдық схемасы жекеше әріптес МЖӘ объектісі салынып қана қоймай, шарт талаптарына сәйкес пайдаланылып, жоба бойынша тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілген жағдайда инвестициялық шығындардың өтелуін және инвестициялық табысты алатындай етіп құрылады.



Осылайша, **МЖӘ-нің міндетті белгілеріне жобада инвестициялық және пайдалану кезеңдерінің болуы, сондай-ақ жекеше әріптестің инвестицияларды жүзеге асыруы жатады.** Бұл ретте жекеше әріптестің меншікті қаражатының үлесі МЖӘ жобасы бойынша инвестициялардың жалпы сомасының кемінде он пайызын құрауы

тиіс. Қаржыландырудың қалған бөлігі қарыздарды тарту есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.



FAQ

«***» ЖШС-нің жеке меншік құқығында жер учаскесі және өз қаражатына салынған ғимарат бар. Ғимараттың нысаналы мақсаты - балабақша. Біз оны МЖӘ шарттарымен мемлекеттік меншікке бере аламыз ба немесе МЖӘ сервистік шартын жүзеге асыра аламыз ба?

«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» ҚР Заңына сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілері ретінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру шеңберінде құрылатын (оның ішінде салынатын және қажет болған жағдайда жобаланатын) және (немесе) реконструкцияланатын және (немесе) жаңғыртылатын, сондай-ақ пайдаланылатын ғимараттар, құрылысжайлар және (немесе) жабдықтар, мүліктік кешендер, зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелері танылады. МЖӘ жобасының маңызды белгісі инвестициялық және пайдалану кезеңдерінің болуы болып табылады.

Дайын ғимаратты жеке меншіктен мемлекетке беру МЖӘ-нің жоғарыда көрсетілген белгілеріне сәйкес келмейді

Бір қарағанда, жоғарыда келтірілген мысал жақсы шешім болып табылады: егер дайын ғимарат болса, жаңа ғимарат салудың қажеті жоқ. Заң неліктен мұндай жобаларды жүзеге асыруға жол бермейді? Жеке жобаны тұтыну тәуекелдерін мемлекетке беруді болдырмау мақсатында. Жеке кәсіпкер ғимаратты өзінің биз-



нес-жоспарын іске асыру мақсатында, мектепке дейінгі тәрбие беру қызметтерін көрсету арқылы инвестицияларын қайтарып, табыс табуды көздей отырып салған. Егер ол осы қызметтерге деген қажеттілікті дұрыс есептесе, онда МЖӘ шартын жасау қажеттілігі туындамайды. Ал екінші жағынан, егер нарық субъектілері тұрғындардың балабақшаға деген сұранысын толық қамти алса, онда мемлекетке осы бағыттағы жобаларды өз бастамасымен іске асырудың қажеттілігі туындамайды.

Мемлекет нақты қажеттілікті айқындап, жеке инвестор осы қажеттілікке сай объектіні салып, оны пайдалануға бере отырып қызмет көрсеткен жағдайда, МЖӘ жобалары жүзеге асырылады.

Бұл қатынастардың бірыңғай мәміле шеңберінде реттелуі қажет екенін ескере отырып, МЖӘ шарттары күрделі және кешенді құрылымды болады, онда әдетте, кем дегенде екі түрлі мәміленің элементтері қамтылады: мысалы, құрылыс мердігерлігі мен сенімгерлік басқару, немесе жалдау, техникалық қызмет көрсету және тағы басқа мәмілелер.

МЖӘ шарттары жобаны іске асырудың толық циклін, яғни объектіні құрудан бастап оны пайдалану, сондай-ақ демонтаждау мен утильдеуді аяқтағанға дейін қамтуы мүмкін.

Өмірлік цикл келісімшарттары, мысалы, денсаулық сақтауда қолданылады. Шарттың мәні медициналық жабдықтар кешенін сатып алу, жеткізу, монтаждау, орнату және пайдалануға беру (инвестициялық кезең), сондай-ақ техникалық қызмет көрсету, жөндеу, жаңғырту, БҚ жаңарту, персоналды оқыту және кейіннен утильдеу (пайдалану кезеңі) болып табылады. Осы келісімшарттың шеңберінде орындаушы белгіленген жарамдылық мерзімі аралығында жабдықты пайдалануға дайындық деңгейінде күтіп ұстауға байланысты кешенді міндеттемелерді өз мойнына алады.

Осылайша, МЖӘ-нің міндетті белгісі шарттары мемлекеттік және жеке әріптестің қарым-қатынастарын **мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын** жасасу арқылы құру, ал оның шарттары МЖӘ заңына сәйкес келуі керек.

Жеке әріптестің инвестицияларды қайтаруы мен табыс алуы объектіні пайдалану кезеңімен тікелей байланысты екенін ескере отырып, шарттың мерзімі екі тараптың мүдделер теңдігін қамтамасыз етуге жеткілікті болуы тиіс.

Мемлекеттің мүддесі халыққа көрсетілетін қызметтердің ұзақ мерзімді, орнықты және тұрақты сапасын қамтамасыз ету. Сондай-ақ бюджет үшін МЖӘ-нің қосымша ерекшелігі қымбат инфрақұрылым объектілері үшін бірреттік ірі шығындарды қажет етпеуі болып табылады.

Жеке инвестордың мүдделілігі - инвестициялардың толық қайтарымы, максималды кіріс алу, бизнесінің тұрақтылығы.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, **МЖӘ жобаларының мерзімі 5 жылдан 30 жылға дейін болуы мүмкін.**

Жобаны іске асырудың ұзақ мерзімді кезеңі тараптарға елеулі имидждік артықшылықтар алуға мүмкіндік береді.

Осындай мерзімдегі жобаларды іске асырудың тұрақтылығы мен табыстылығы екі тараптың да тәуекелдерді басқаруына тікелей байланысты.

МЖӘ жобасының тәуекел картасы маркетингтік зерттеулер, экономикалық есептеулер және сараптамалық қорытындылар негізінде әзірленгенімен, шартта тәуекелдерді төмендетуге бағытталған іс-шаралар кешені көзделеді, сонымен қатар жобаны іске асырудағы 5–30 жыл кезең, көрсетілген тәуекелдердің іске асу



ықтималдығын айтарлықтай жоғары етеді.

Мысалы, іс жүзінде барлық азаматтық-құқықтық шарттарда еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде жауапкершіліктен босату шарттары бар. Алайда дәл МЖӘ шарттарында мұндай босатумен шектелу жеткіліксіз, өйткені тараптар халыққа көрсетілетін қызметтердің үздіксіздігін және сапасының төмендемеуін қамтамасыз ету үшін бірлесіп ең тиімді шешімді табуы тиіс.

МЖӘ жобасын іске асыруға мемлекеттік әріптес пен жеке әріптестің **бірлесіп қатысуы**, сондай-ақ **олардың ресурстарын біріктіру** МЖӘ-нің міндетті белгілері болып табылады.

МЖӘ-НІҢ БАСЫМ МҮМКІНДІК



МЖӘ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ:

1) Қазақстан Республикасының орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік әріптес пен жеке әріптестің тиімді өзара іс-қимылы үшін жағдайлар жасау;

2) инфрақұрылымды және халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерін дамыту үшін мемлекеттік әріптес пен жеке әріптестің ресурстарын біріктіру арқылы мемлекет экономикасына инвестициялар тарту;

3) халықтың, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғалардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің

қолжетімділігі деңгейін және сапасын арттыру;

4) Қазақстан Республикасындағы жалпы инновациялық белсенділікті арттыру, оның ішінде жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

МЖӘ ҚАҒИДАТТАРЫ:

1) реттілік қағидаты – МЖӘ субъектілері арасындағы өзара қарым-қатынастарды кезең-кезеңмен орнату.

Реттілік қағидаты мемлекеттік және жеке әріптес арасындағы қатынастарды кезең-кезеңмен және логикалық тұрғыда қалыптастыруды білдіреді. Жобаның өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде – бастамашылық пен негізділікті бағалаудан бастап келісім жасасуға, объектіні салуға, пайдалануға және кейіннен беруге дейін – тараптардың іс-әрекеттері келісілген, нақты ережелер мен нормативтік рәсімдерге негізделуі тиіс. Реттілік қателерді азайтады және жобаны іске асырудың болжамдылығын қамтамасыз етеді.

2) конкурстық қағидаты – жекеше әріптесті конкурстық негізде айқындау.

Конкурстық қағидат жеке әріптесті таңдау объективті және ашық негізінде, көбінше ашық конкурс өткізу арқылы жүзеге асырылады деп болжайды. Бәсекелестік рәсімдер қатысушылардың тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, адал бәсекелестікті ынталандырады және неғұрлым құзыретті, қаржылық орнықты және технологиялық тұрғыдан дайындалған әріптесті іріктеуге қол жеткізеді. Конкурстық қағидатты іске асыру мемлекеттік ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттырады және мемлекет үшін жобаның құнын төмендетеді.

3) теңгерімділік қағидаты – МЖӘ жобасын іске асыру процесінде мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптес арасында міндеттерді, кепілдіктерді, тәуекелдер мен кірістерді өзара тиімді бөлу.

Теңгерімділік қағидаты мемлекеттік және жеке әріптес арасындағы міндеттерді, кепілдіктерді, тәуекелдер мен кірістерді әділ және ұтымды бөлу қажеттілігін көрсетеді. Әрбір тарап тиімді басқара алатын міндеттемелер мен тәуекелдерді қабылдауы керек. Теңгерімділік әріптестік тұрақты моделін жасайды, ұзақ мерзімді инвестицияларды ынталандырады және жобаны іске асыру барысында жанжалдардың немесе қаржылық шығындардың ықтималдығын азайтады.

4) нәтижелілік қағидаты – МЖӘ нәтижелеріне қол жеткізуді бағалауға мүмкіндік беретін өлшемшарттар мен көрсеткіштерді белгілеу.

Нәтижелілік қағидаты МЖӘ жобасының мақсаттарына қол жеткізілгенін объективті түрде анықтауға мүмкіндік беретін нақты критерийлерді, өлшенетін көрсеткіштерді және бағалау механизмдерін белгілеуді көздейді. Бұл қағидат тараптарды тек процесске ғана емес, сонымен қатар соңғы нәтижеге – көрсетілетін қызметтердің сапасына, объектіні тиімді пайдалануына, мемлекеттің экономикалық пайдасына, тұрақтылыққа және әлеуметтік әсерге бағыттайды. Жобаның мақсатын нақты түсіну жоспарлау мен іске асыру стратегиясын дұрыс қалыптастыруға мүмкіндік береді. Нәтижелілік қағидаты жобаны бақылау және оның жүзеге асырылуын бағалау барысында міндеттемелердің орындалуын қадағалауды қамтамасыз етеді.

5) халық үшін құндылық қағидаты – МЖӘ жобасын іске асыру шеңберінде әлеуметтік инфрақұрылымды және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерін дамытуды қамтамасыз ету, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін



қызметтердің қолжетімділік деңгейі мен сапасын арттыру.

«Халыққа пайдалы болу» қағидаты Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында әзірленген Халықты бірінші кезекке қоятын мемлекеттік-жекешелік әріптестік (PPP-PF) халықаралық тұжырымдамасымен толық үйлеседі. UNECE жариялаған «Guiding Principles on People-First PPPs in support of the UN SDGs» (2018) құжатына сәйкес, МЖӘ жобалары ең алдымен азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға, қызметтердің қолжетімділігі мен сенімділігін арттыруға, сондай-ақ қоғамға әлеуметтік, экологиялық және экономикалық әсерді қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Халықты бірінші кезекке қоятын қағидаты ұлттық тәжірибеге енгізу Қазақстандағы МЖӘ моделін нығайтып, инфрақұрылымдық жобаларды жобалау және іске асыру стандарттарын жоғарылатады. Бұл қағидаттың мәні – әлеуметтік тиімділік пен ұзақ мерзімді қоғамдық пайда тараптардың тар коммерциялық мүдделерінен басым болуы тиіс екенін білдіреді. Осылайша, «халыққа пайдалы болу» қағидаты МЖӘ жобаларын қоғамның нақты қажеттіліктеріне бағдарлауды қамтамасыз ететін негізге айналып, тұрақты дамуға және халықтың мемлекеттік-жеке бастамаларға сенімін арттыруға ықпал етеді.

б) ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі қағидаты – МЖӘ жобаларын жоспарлау мен іске асыру процестері туралы ақпаратқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекте ашық қол жеткізу болып табылады.

Ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі қағидаты 2022 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңының 3-бабына МЖӘ заңнамасын кешенді жаңарту аясында енгізілді. Оның енгізілуі МЖӘ жобаларын жоспарлау, жеке әріптесті таңдау және жобаларды жүзеге асыру процестерінің ашықтығын арттыруға бағытталған маңызды қадам болды. Ашықтық жобалар туралы деректерді қоғамға уақытында, толық және қолжетімді түрде жариялауды, шешім қабылдауда субъективтілікті болдырмауды, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуды және мемлекет, бизнес пен азаматтар арасындағы сенімділікті нығайтуды көздейді. Осы қағидаттың іске асырылуы МЖӘ жобалары бойынша барлық негізгі ақпаратты, оның ішінде жоспарлар, конкурс құжаттары және іске асыру барысы туралы есептерді жариялауға арналған бірыңғай МЖӘ веб-порталының құрылуы арқылы практикалық бейнесін алды. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда конкурс рәсімдерінің толық электрондық форматына көшу жүзеге асырылды, бұл процестердің автоматтандырылуын, бірыңғай стандарттарды, шешімдердің бақылануын және адами факторды болдырмауды қамтамасыз етті. Осылайша, ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі қағидаты тек нормативтік норма ғана емес, сонымен қатар ашық, бәсекеге қабілетті және адал МЖӘ нарығын қамтамасыз ететін нақты жұмыс істейтін механизмге айналды.

МЖӘ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жүзеге асырылу тәсіліне қарай институционалдық және келісімшарттық болып бөлінеді.

МЖӘ компаниясы-айрықша мақсаты мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру болып табылатын, мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптес бірлесіп құрған заңды тұлға не бірден бір қатысушылары мемлекеттік әріптес және (немесе) жекеше әріптес болып табылатын жұмыс істеп тұрған заңды тұлға;



Келісімшарттық МЖӘ мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптес арасындағы ынтымақтастық нысаны, ол тараптардың жаңа бірлескен заңды тұлға құрмай-ақ азаматтық-құқықтық шарттар (МЖӘ шарттары) негізінде реттеледі.

Шын мәнінде, әрбір әріптес бірыңғай нәтижеге қол жеткізуге бағытталған белгілі бір функцияларды (жобалау, құрылыс, қаржыландыру, пайдалану, техникалық қызмет көрсету, өтемақылар, мемлекеттік қолдау шаралары және т.б.) өз мойнына алады және олардың жиынтығы МЖӘ шартының мәнін құрайды.

Келісімшарттық МЖӘ шарттарын жасасу және олардың орындалуы арқылы жүзеге асырылады, оның ішінде мынадай нысандарда:

- 1) концессиялық шарт;
- 2) сервистік келісімшарт.

Институционалдық МЖӘ-нің басты ерекшелігі мемлекеттік және жекеше әріптестердің заңды тұлғаны акционерлік қоғамның немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің (МЖӘ компаниясы) ұйымдық-құқықтық нысанында құруы, онда әріптестер жиынтығында дауыс беретін акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 100% тиесілі болады. МЖӘ компаниясының айрықша мақсаты МЖӘ жобасын іске асыру болып табылады.

Келісімшарттық құрылымда да айырмашылық бар. Егер МЖӘ шартын инвестициялық келісім ретінде қарастыратын болсақ, онда институционалдық МЖӘ шарты мемлекеттік және жекеше әріптестер арасындағы акционерлік келісім элементтерін де қамтиды. Әріптестердің компаниядағы өз үлестерін өзгерту немесе жобадан толық шығу мүмкіндігі опциондар тетігі арқылы іске асырылады.

Бастамашының қалауы бойынша тараптар екі шарт жасай алады: құрылтай шарты және МЖӘ шарты. Осы құжаттар арасында қайшылықтар болған жағдайда, құрылтай шартында құрылтайшылар, қатысушылар немесе акционерлер сияқты мемлекеттік және жекеше әріптестің қарым – қатынастарына қатысты, яғни жарғылық капиталды қалыптастыру және өзгерту, заңды тұлға органдарының ұйымдары мен құзыреттері, рәсімнің сәйкестігі және т. б. сияқты артықшылық болады. МЖӘ шартында тараптар мен МЖӘ компаниясының МЖӘ объектісін салуға және оны пайдалануға, үшінші тұлғалармен өзара іс-қимылға бағытталған әрекеттері реттелген болуы тиіс.

Келісімшарттық МЖӘ-нің кейбір ерекшеліктері:

МЖӘ жобаларын іске асыруды көздейтін барлық **шарттар МЖӘ шарттары** деп аталады, оның ішінде екі ерекше түрі ажыратылады:

(1) Концессиялық шарт - тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ұсынғаны үшін концессионердің тұтынушылардан төлемақы (тұтынушылардан алынатын төлемақы) алуын көздейтін МЖӘ шарты; Концессиялық шарттың тараптары концессионер (жекеше әріптес) және концедент (мемлекеттік әріптес) деп аталады.

(2) Сервистік келісімшарт - жекеше әріптеске меншік құқығында тиесілі МЖӘ объектісі пайдаланыла отырып, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, қызметтер көрсетуді көздейтін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты;

Белгілі бір түрді, сондай-ақ келісімшарттың мазмұнын таңдау МЖӘ жобасының құрылымына байланысты. Мысалы, келісімшарт түрін анықтаудағы негізгі ұсыныстар:



- тиімді пайдалануды талап ететін қолданыстағы мемлекеттік меншік объектілері бойынша-мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару немесе жалға алу элементтерімен (спорт кешендері, білім беру мекемелері, емханалар және т. б.) МЖӘ шарты жасалуы мүмкін;

- егер жобаны объектіні мемлекетке бермей-ақ, жеке меншік объектісі негізінде жүзеге асыруға мүмкіндік болса және инвестициялардың тиімділігін қамтамасыз ету үшін инвестициялық шығындар өтемақысы немесе бірлесіп қаржыландыру түріндегі бюджет шығыстары талап етілмесе, онда сервистік келісімшартты қарастыру қажет (балабақшалар, спорт объектілері, денсаулық сақтау объектілері және т.б.).

- сервистік келісімшарттар МЖӘ объектісін жекеше әріптес тарапынан техникалық қызмет көрсету немесе басқару қызметтерімен мемлекеттік әріптеске жалға беруді және т. б. көздеуі мүмкін.

Жобалардың әрқайсысына, әдетте, бір емес, бірнеше шарттардың элементтерін енгізеді.

Сервистік келісімшарт мемлекеттің күрделі шығындардан (жабдықты, бағдарламалық қамтамасыз етуді және т.б. сатып алу қажеттілігі) операциялық шығындарға көшуін көздейді. Сервистік келісімшарттарды қолдану жөніндегі халықаралық тәжірибе көрсеткендей, оның негізгі артықшылықтарының бірі – мемлекеттік әріптес үшін шығындардың алдын ала болжамды болуы. Бұл, әдетте, сервистік келісімшарт бойынша жүйенің жұмысқа қабілеттілігі үшін белгіленген (тұрақты) сома төленетінімен, ал күтпеген шығындар тәуекелдерін (жөндеу, қалпына келтіру жұмыстары және т.б.) жеке сектор өз мойнына алатынымен байланысты. Сервистік келісімшарт бойынша ресурстар мен ақшалай қаражатты үнемдеу жеке әріптеске үнемдеудің, сапаның, санның, кезеңділіктің және т. б. белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін бонустық ұпайларды (белгіленген сыйлықақы төлей отырып) есептеу есебінен қамтамасыз етілуі мүмкін.

МЖӘ келісімшартының сервистік моделінің ұзақ мерзімді болу есебінен жыл сайын конкурс өткізу қажеттілігі жоқ және уақытша, әкімшілік және материалдық ресурстарды болдырмайды.

Сервистік келісімшарт іс жүзінде кез келген салада және қызметтердің барлық түрлері бойынша қолданылуы мүмкін: тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта, денсаулық сақтау саласында (жоғары технологиялы медициналық жабдықпен жарақтандырылған диагностикалық орталықты құру және пайдалану), білім беру саласында (компьютерлік сыныптарды жарақтандыру және олардың қызметін ұйымдастыру), ақпараттандыру саласындағы сервистік қызмет көрсету (ақпараттық жүйені сатып алудың орнына қызметтер алу) және т.б.

Бұл ретте сервистік келісімшарт шеңберінде МЖӘ жобасының міндетті шарты МЖӘ-нің өзге шарттары сияқты, конкурс талаптарына сәйкес МЖӘ объектісін құрудың жеке әріптесін инвестициялау (жеке меншіктегі объектіні салу, құру, реконструкциялау немесе жаңғырту) екенін есте ұстаған жөн.

Мүлікті сенімгерлік басқаруды реттеу бөлігіндегі жалпы ережелерге сәйкес, сенімгерлік басқарушы, егер шартта немесе заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, өз атынан өзіне иелік етуге, пайдалануға және билік етуге берілген мүлікті басқаруды пайда алушының мүддесі үшін жүзеге асыруға міндеттенеді.



Осы анықтамаға сүйене отырып МЖӘ тетігі бойынша мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару жекеше әріптестің шартпен немесе заңнамалық актілермен өзгеше көзделмеген жағдайларды қоспағанда, өзінің атынан оған берілген мемлекеттік мүлікті иелену, пайдалану және жекелеген жағдайларда оған билік ету өкілеттіктерін жүзеге асыруды мемлекеттің (меншік иесі ретіндегі) мүддесі үшін атқаруын білдіреді.

Мемлекеттік меншік болып табылатын МЖӘ объектісіне билік ету оны иеліктен шығаруға әкеп соқтыратын әрекеттермен шектелетінін есте ұстаған жөн. Мемлекеттік мүлік саласындағы заңнамаға сәйкес, МЖӘ жобаларын іске асыру шеңберінде мемлекеттік меншік құқығын тоқтату тек қорғаныс объектілеріне қатысты мүмкін болады.

Сондай-ақ, МЖӘ объектісін жеке меншік иесі мемлекетке жалға бере алады. Жалдау ақысына жалға берушінің коммуналдық қызметтерге, қызмет көрсетуші персоналға, пайдалану шығындарына, жөндеу жұмыстарына жұмсайтын шығындары, сондай-ақ оның табысы да жатуы мүмкін.

Кез келген жағдайда жалдау ақысын есептеу жобаның қаржылық моделі және ҚР Ұлттық экономика министрлігі бекіткен мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін құру және (немесе) реконструкциялау құнын айқындау әдістемесі негізінде есептелетін болады.

Халықаралық терминологияда келісімшарттың пәнін білдіретін аббревиатураларды қолдану кеңінен қабылданған, мысалы:

B – Build – құрылыс

C – Construction – құрылыс

D – Design – жобалау

E – Engineering – инжиниринг (оның ішінде жобалау)

P – Procurement – сатып алу (материалдар, жабдықтар)

F – Finance – қаржыландыру

M – Maintain – пайдалану

O – Operate – қызмет көрсету немесе

Own – меншік

T – Transfer – мемлекеттік меншікке беру
және басқа терминдер.

Келісімшарттың түрін белгілеу үшін аббревиатураларға тапсырыс берушінің орындаушыға немесе мердігерге (жекеше әріптеске) беретін қызмет түрлері мен сол қызметтерге қатысты тәуекелдер енгізіледі.

Мысалы:

BOO (Build-own-Operate) – келісімшарт инвестордың мемлекеттік тарап ұсынған жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес объектіні салуын көздейді, объект инвестордың жеке меншігінде қалады да, объектіні пайдалануды ол шарт талаптарына сай жүзеге асыруға міндетті. Шарттың бұл түрі сервистік келісімшарт түріндегі МЖӘ-ге сәйкес келеді. Мұндай тетікті іске асыру, атап айтқанда, денсаулық сақтау саласындағы бағдарламалық МЖӘ құжаттарының жобасында көзделген.

Келісімшарттардың кейбір нысандары IRS (Engineering, Procurement, Construction) және DBT (Design-Build-Transfer) синонимі болуы мүмкін және/немесе белгілі бір негізгі ережелерді қамтымауы мүмкін екенін ескеру керек. Осылайша,



МЖӘ барлық жобалары инвестициялау тәуекелдерінің жекеше әріптеске берілуін білдіреді, алайда олар BTO, DBOM немесе DBFOM және басқа да аббревиатуралармен белгіленуі мүмкін. Сонымен қатар, бір үлгідегі екі келісімшарт тәуекелдердің толық немесе ішінара берілуіне байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін.

Мұндай терминология Қазақстанда нормативтік тұрғыда бекітілмеген, іскери тіркесті қолдану дағдысына жатады және контекстті ескере отырып, тәуекелдердің бөлінуіне байланысты түсіндірілуі тиіс.

Мемлекеттік сатып алу шеңберінде құрылыс (B), жобалау және құрылыс (DB), «толық бітіріп берілетін» құрылыс (EPC немесе DBF) жобалары іске асырылуы мүмкін. Мұндай келісімшарттарда мемлекет техникалық тапсырманы әзірлеуге (немесе дайын жобалық құжаттаманы беруге) тікелей қатысады, құрылысқа және/немесе жобалауға қаржыландыру жүргізеді, сондай-ақ активке кейінгі иелік етумен байланысты барлық тәуекелдерді өз мойнына алады: объектінің кездейсоқ жойылу қаупі мен оны ұстау шығындары, халықтың қажеттіліктеріне сәйкестігі, қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындауға жарамдылығы және т.б. Егер мемлекеттік сатып алу шартында көзделген болса, мердігер кепілдік қызмет көрсетуге және жасырын ақауларды жоюға жауапты болуы мүмкін. Алайда, тапсырыс беруші (мемлекет) құрылыс құнын толығымен төлеуге (аванстап төлеу – EPC үлгісінде, ал аяқталғаннан кейін төлеу – DBF) міндетті, бірақ кез келген жағдайда құрылыс аяқталып, актив қабылданған күннен бастап, *объектінің пайдаланылуына немесе пайдаланылмауына қарамастан, тіпті оның толық жойылуы орын алса да, егер ол жойылу мердігердің тиісінше орындамауына байланысты болмаса да* 3 айдан кешіктірмей толық есеп айырысуы тиіс.


Объектіні пайдалануды және/немесе оған техникалық қызмет көрсетуді жеке-леген мемлекеттік сатып алу шарты негізінде немесе нормативтік құқықтық актілер негізінде тартылған ұйым (мемлекеттік заңды тұлғалар, квазимемлекеттік сектор субъектілері) жүзеге асыратын болады. Активтің меншік иесі ретінде мемлекет осы объектінің қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі үшін пайдаланушы ұйым алдында жауапкершілікті өзіне алады.

Мемлекеттік сатып алулардың МЖӘ-ге қарағанда айтарлықтай артықшылығы – актив құнының төмен болуы, себебі сол уақыттағы ақшаның құны және жекеше әріптес өз мойнына алатын тәуекелдер есепке алынбайды. Мемлекеттік сатып алу-да мердігер әрқашан ең төменгі бағамен анықталады. Салыстырмалы қарапайымдылық және жобаларды жоспарлаудың қысқа мерзімі.

Осылайша, егер Тапсырыс берушінің мақсаттарға жетуде жеткілікті дайын техникалық-технологиялық шешімі болса, сондай-ақ объектіні пайдалануға қабылдау тәуекелдерін көтеру үшін ұқсас активтерді басқару тәжірибесі болса мемлекеттік сатып алу тиімді құрал болып табылады. Бұл жағдайда Мемлекеттік сатып алудың артықшылығы бюджеттік тиімділікке байланысты болады.

МЖӘ шеңберінде жобалау, құрылыс, пайдалану және қызмет көрсетуді, сондай-ақ жеке қаржыландыруды (DBOM, DBFOM, BOT, BTO, вот) қамтитын шарттар іске асырылады.





Институционалдық МЖӘ-нің кейбір ерекшеліктері

Институционалдық МЖӘ мемлекеттік бюджет есебінен квазимемлекеттік секторды капиталдандыруға балама ретінде қарастырылады.

Егер бюджеттік инвестициялық жобаны іске асырудың дәстүрлі схемасы кезінде мемлекет республикалық не жергілікті бюджет қаражаты есебінен квазимемлекеттік компанияның жарғылық капиталы толықтырса, сондай-ақ осы қаражат есебінен жобаны іске асыратын болса, онда институционалдық МЖӘ кезінде мемлекеттік және жеке әріптестер МЖӘ компаниясының жарғылық капиталын бірлесіп қалыптастырады және МЖӘ жобасын іске асыру үшін қарыз қаржыландыруды тартады.

Бұл схеманың бірқатар маңызды артықшылықтары бар.



- Жекеше әріптес өз қаражатын сала отырып, мемлекетпен тәуекелдерді бөліседі, тиісінше, маркетинг, кірістілік және салынған қаражатты қайтару бөлігінде жобаға талдау жүргізіледі.

- Банктік қаржыландыруды тарту үшін әріптестер МЖӘ жобасының қаржылық тұрақтылығын және қарызды өтеуге қажетті ақша ағындарын қалыптастыру қабілетін қамтамасыз етуге міндетті болады.

- Жобаны іске асыру бірлесіп бақыланатын компания органдары арқылы жобалық басқару әдістеріне негізделетін болады.

Институционалдық МЖӘ тиімсіз мемлекеттік инвестициялық жобалардың санын азайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ жобаға қатысатын мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік компаниялардың жобалық және корпоративтік басқарудың заманауи әдістеріне көшуіне ықпал етеді.





FAQ

Мысалы, өнеркәсіп саласында инновациялық жоба бар және патент бар. Кәсіпкер мемлекетке бірлесіп қаржыландыру арқылы кәсіпорын құру және оның патентін пайдалана отырып өнім шығару жөніндегі жобаға қатысуды ұсынады. Бұл өнімге облыста сұраныс бар. МЖӘ мүмкін бе? Институционалдық немесе келісімшарттық МЖӘ ме?

МЖӘ аясында шағын сериялы өндірісті ұйымдастыруды және ғылыми-техникалық жобаларды іске асыруды, технологияны, технологиялық үдерістерді, техникалық регламенттерді әзірлеуді, тәжірибелік үлгі мен тәжірибелік-конструкторлық қондырғыны дайындауды және өзге де жұмыстарды көздейтін жобаны жүзеге асыру мүмкін.

Бұл ретте, МЖӘ туралы Заңның 55-бабына сәйкес МЖӘ жобасына байланысты зияткерлік қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды бағалау (қайта бағалау) мәселелерін міндетті түрде көздеуі тиіс. Сонымен қатар, бірлесіп қаржыландыру жүзеге асырылған жағдайда МЖӘ объектісі мемлекеттік меншікке берілуі тиіс.

Алайда, бірінші кезекте салалық уәкілетті орган : ұсынылып отырған бастама мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына, әлеуметтік-экономикалық міндеттерге және сала мен өңірдің қажеттіліктеріне сәйкес келе ме, соны айқындауы қажет.

Жобаны іске асыру келісімшарттық немесе институционалдық МЖӘ тәсілімен мүмкін болады. Мұнда шешуші факторлардың бірі – мемлекеттік әріптестің жобаны қандай тәсілмен бақылауды жоспарлап отырғаны: келісімшарт та-

лаптары негізінде ме, әлде МЖӘ компаниясының басқару органдары арқылы ма деген сұрақ болып отыр.

Жобаның оңтайлы схемасы тараптардың әрқайсысының мүмкіндіктерін анықтай отырып, жобаны неғұрлым егжей-тегжейлі зерделеу кезінде анықталады.

Аутсорсинг МЖӘ тетігі бойынша сервистік келісімшарт ретінде қарастырыла ма? Бұл жағдайда Мемлекеттік сатып алу туралы заң бойынша аутсорсерді таңдау қалай жүзеге асырылады?

Аутсорсингте тұрған белгілі бір қызметті көрсетуді, егер қолданыстағы инфрақұрылым қызмет көрсету үшін жеткіліксіз болса және оны жаңғырту, реконструкциялау, құру (инвестициялық кезең) жүзеге асыру қажет болса, МЖӘ жобасы ретінде, оның ішінде сервистік модель бойынша құрылымдауға болады. Ол үшін жобаның институционалдық схемасын заңда көзделген МЖӘ қағидаттарына, белгілері мен құралдарына сәйкес қалыптастыру қажет.

Бұл жағдайда аутсорсер жекеше әріптес болып табылады, ол «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға сәйкес таңдалмайды, МЖӘ туралы Заңның 2-бабы 4) тармақшасына сәйкес, МЖӘ туралы Заң мен МЖӘ-нің жекелеген түрлерін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер бойынша конкурс негізінде айқындалады.


МЖӘ шеңберіндегі сенімгерлік басқару мен мемлекеттік мүлік туралы заң бойынша сенімгерлік басқарудың айырмашылығы неде?

Мемлекеттік мүлік туралы заң шеңберінде сенімгерлік басқарудан айырмашылығы, МЖӘ шарттарында жекеше әріптес инвестицияларды міндетті түрде салуы керек, 30 жылға дейінгі ұзақ мерзімді қатынастар, мемлекеттік қолдау шаралары, инвестициялық және/немесе операциялық шығындарды өтеу көзделуі мүмкін, МЖӘ-де Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген түрлі мәмілелердің элементтері болуы мүмкін.

Жобаны келісімшарттық немесе институционалдық МЖӘ схемасы бойынша жүзеге асыруды қалай дұрыс таңдауға болады?

Жобаны институционалдық МЖӘ схемасы бойынша іске асыру мемлекеттік әріптес активтерді жобаға беруді және құрылатын МЖӘ компаниясының жарғылық капиталын қалыптастыруға қатысуды жоспарлаған кезде мәні болады. Сондай-ақ институционалдық МЖӘ мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен квазимемлекеттік компанияларды капиталдандыруға балама ретінде қарастырылады. Мемлекеттік және жекеше әріптестердің МЖӘ компаниясының жарғылық капиталын қалыптастыруға қатысуы компанияның қаржылық тұрақтылығын және қарыздық қаржыландыруды тарту мүмкіндігін арттырады (қаржы ұйымдарының көпшілігіне қаржыландыруды ұсыну үшін меншікті капиталдың болуы бойынша талаптар қойылады).

Егер жобаны жекеше әріптестің күшімен жүзеге асыру жоспарланып, төлемдер МЖӘ объектісін пайдалану кезеңінде жүргізілетін болса, онда келісімшарттық МЖӘ тетігін іске асыру анағұрлым қолайлы болып саналады.



Институционалдық МЖӘ аясында келісімшарттардың басқа түрлерін пайдалануға бола ма? Мысалы, мүлікті сенімгерлік басқару шарты.

Заңнамада шектеулер жоқ. Іскерлік тәжірибеде МЖӘ шарты көп жағдайда аралас, яғни әртүрлі шарттардың элементтерін қамтиды.

Осылайша, институционалдық МЖӘ Шарты құрылған МЖӘ компаниясының басқаруына мемлекеттік мүлік берілетінін және басқарғаны үшін сыйақы төлеу көзделетінін көздеуі мүмкін. Сондай-ақ, шартта мердігерлік шарттың, қызмет көрсету шартының және басқалардың элементтері қарастырылуы мүмкін.

МЖӘ компаниясының қызметі құрылтай шартымен ме, Жарғымен немесе МЖӘ шартымен реттеле ме?

МЖӘ компаниясының қызметі құрылтай шартының ережелері қамтылатын МЖӘ шартымен және жарғымен реттеледі. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты мен МЖӘ компаниясының жарғысы арасында қайшылықтар болған жағдайда келесі шарттар қолданылуы тиіс:

- МЖӘ шарттары, егер олар мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптес арасындағы ішкі қатынастарға қатысты болса;
- жарғы, егер оларды қолдану МЖӘ компаниясының үшінші тұлғалармен қарым-қатынасы үшін маңызды болса.

МЖӘ компаниясы МЖӘ туралы заңда көзделген төлемдер мен өтемақыларды ала ала ма?

МЖӘ туралы заңда көзделген төлемдер МЖӘ субъектілеріне беріледі. МЖӘ компаниясы іске асыруға қатысушы тұлға ретінде МЖӘ субъектілеріне жатады. Бюджет, сыйақы, қоса қаржыландыру есебінен өтемақы берудің орындылығы мәселесі жобаны құрылымдау және бюджет тиімділігін есептеу кезінде шешілуі тиіс.

Жобаның деңгейін айқындауға оның құрылымында МЖӘ объектісі болып табылмайтын, МЖӘ объект коммуналдық меншікке тиесілі болып, ал пайда алушылар бір облыстың субъектілері болған жағдайда, бірақ жобаны іске асыру үшін қажетті, республикалық меншікке жататын және МЖӘ тетігінен тыс жеке әріптеске жалға немесе пайдалануға берілген өзге мүліктің болуы әсер ете ме?

МЖӘ жобасын іске асыру үшін қажетті, бірақ МЖӘ объектіне жатпайтын өзге объектілерге қатысты мүліктік құқықтар МЖӘ жобасының деңгейін айқындауға негіз болып табылмайды.

Бір уақытта бірнеше МЖӘ жобаларын іске асыру мақсатында бір заңды тұлға құру мүмкін бе, әлде әрбір МЖӘ жобасы үшін жеке заңды тұлғалар құру қажет пе?

МЖӘ жобаларының әрқайсысы бойынша жекеше әріптес конкурстық рәсімдермен айқындалады. Қолданыстағы МЖӘ туралы заңнамада бір инвесторлардың бірнеше конкурстарға қатысуы немесе әрбір МЖӘ жобасын іске асыру мақсатында жеке заңды тұлға құру бойынша шектеулер көзделмеген. Сонымен қатар, конкурстық өтінімдерді бағалау кезінде МЖӘ жобаларын іске асыру тәжірибесінің болуы қосымша ерекшелік ретінде бағалануы мүмкін. Осыған байланысты, жобаның ерекшелігіне және техникалық күрделілігіне және/немесе оның бірегейлігіне байланысты бір заңды тұлғаның бірнеше жобаларға қатысуы мүмкін деп есептейміз.



МИЖ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҰСЫНЫС

МЖӘ тетігі аясында жобаға бастамашылық жасау - бұл жобаның орындылығы, оның мемлекеттік саясаттағы орны айқындалатын, мақсаттары, ауқымы тұжырымдалатын және баламалы нұсқалары бағаланатын негізгі кезең. Дұрыс ұйымдастырылған бастамашылық кезеңі тәуекелдерді барынша азайтып, мемлекеттік басымдықтар мен қағидаларға сәйкестікті қамтамасыз етеді, сондай-ақ кейінгі кезеңде жеке әріптесті іріктеуге берік негіз қалайды.

МЖӘ туралы заңға сәйкес МЖӘ жобаларына бастамашылық жасау жеке және мемлекеттік секторлар тарапынан ұйымдастырылуы мүмкін. Мемлекеттік бастама кезінде мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысы МЖӘ жобалары үшін бастапқы нүкте болып табылады.

Бұл кезеңде МЖӘ емес, мемлекеттік инвестициялық жоба ұғымын пайдалану кездейсоқ емес, өйткені МЖӘ мемлекеттік инвестициялық жобалардың бір түрі болып табылады. Басқаша айтқанда, МЖӘ – бұл мемлекеттік инфрақұрылымды құру және дамыту, мемлекет алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу құралдарының бірі.

Жалпы алғанда, кез келген мемлекеттік инвестициялық жоба Бюджет кодекsinде көзделген, жаңа өндірістерді құруды, қолданыстағы өндірістерді кеңейтуді және (немесе) жаңартуды қоса алғанда, **активтерді құруға және (немесе) дамытуға** бағытталған іс-шаралар кешенін білдіреді.

Мемлекеттік инвестициялық жобаларға мыналар жатады:

- 1) бюджеттік инвестициялар;
- 2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары;
- 3) мемлекеттік кепілдікпен берілген мемлекеттік емес қарыздар есебінен квазимемлекеттік сектор субъектілері іске асыратын жобалар;
- 4) бюджеттен тыс қор, Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры есебінен іске асырылатын жобалар;
- 5) бюджеттік кредиттеу;
- 6) «толық бітіріп берілетін» құрылыс жобалары.

Мемлекеттік инвестициялық жобалардың мақсаты мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарымен айқындалады және

- объектілерді салу (құрылысы) немесе реконструкциялаумен, соның ішінде *келісімшарттық МЖӘ тетігі арқылы* байланысты болуы мүмкін
- немесе салалардың институционалдық дамуы арқылы, яғни бюджеттік кредиттеу, мемлекеттік кепілдікпен тартылатын мемлекеттік емес қарыз немесе мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы мысалы, институционалдық *МЖӘ тетігі арқылы* байланысты болуы мүмкін.

«Құралды» таңдауды, яғни мемлекеттік инвестициялық жобаны қаржыландыру және іске асыру тәсілін айқындауды бюджеттік бағдарламалар әкімшісі әзірлеген инвестициялық ұсынысты қарау нәтижелері бойынша бюджеттік саясат саласындағы орталық уәкілетті орган (ҚР ҰЭМ) немесе тиісінше мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган (экономика басқармасы) жүзеге асырады.

ББӘ келесі критерийлер негізінде МЖӘ немесе МЖӘ емес ретінде МЖӘ инвестициялық ұсынысын одан әрі әзірлеу үшін МЖӘ-ні бастапқы іріктеуді жүзеге асырады, бірақ онымен шектелмейді:



• МЖӘ-ні іске асыру үшін объектіні беру бойынша заңнамалық шектеулердің болуы (мысалы, объектіні «Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру үшін, оның ішінде концессияға беруге жатпайтын объектілер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 қарашадағы №710 қаулысына сәйкес МЖӘ-ні іске асыру үшін беруге жатпайтын объектілер тізбесіне қосу және т. б.);

• МИЖ шеңберінде объектіні салу (құрылысы және/немесе реконструкциялау және/ немесе жаңғырту) жөніндегі іс-шараның болмауы;

• МЖӘ жобасын іске асыру шеңберінде жекеше әріптес объектіні пайдалану және немесе оған техникалық қызмет көрсету бойынша заңнамалық шектеулердің болуы.

МИЖ-ді МЖӘ емес жоба ретінде айқындау үшін жобаның жоғарыда көрсетілген критерийлердің кем дегенде біреуіне сәйкес келуі жеткілікті.

Яғни, мемлекеттік органдардың кез-келген бастамасы МЖӘ-ні қолдану мүмкін еместігі тұрғысынан мұқият талдануы керек және МЖӘ-нің орындылығы мен тиімділігінің жоқтығы негізделгеннен кейін ғана бюджеттік инвестициялар тетігі таңдалуы керек.

МЖӘ мен мемлекеттік инвестициялық жобалардың өзге де нысандарының тұжырымдамалық айырмашылығы неде?

МИЖ түрлері	Бюджеттік инвестициялар	Мемлекеттік кепілдіктер	Бюджеттік несие	Ұлттық қор	«Толық бітіріп берілетін»	МЖӘ
Қаржылық жабу	Бюджет (аванс+құрылыс аяқталғаннан кейін толық төлем)	Квазимемлекеттік сектор субъектісінің капиталы. (кредиторға қарызын өтеу мерзімін кешіктіріп алған жағдайда бюджеттен төлем жасау.)	Бюджет (ЕДБ немесе ЖАО-ға кредиттеу)	Қор (бюджетке трансферттер)	Жеке меншік капитал, бюджет (аванс + құрылыс аяқталғаннан кейін толық төлем)	Жеке меншік капитал (ірі жобалар бойынша бюджеттен 30% - ға дейін қоса қаржыландыру болуы мүмкін)
Әрі қарай пайдалану тәуекелдері	Мемлекет	Квазимемлекеттік сектор субъектісі			Мемлекет	Жекеше әріптес: Мемлекет немесе халық кемінде 5 жыл бойы тиісті түрде орындалған жағдайда ғана «төлем жасайды».

МЖӘ жобаларының құнына жекеше әріптес өз мойнына алатын тәуекелдердің ақшалай мәні міндетті түрде қамтитынын түсіну қажет, бұл оларды мемлекеттің



активтерді өзге тәсілдермен сатып алу нысандарына қарағанда алғаш қарағанда қымбатырақ жобалар ретінде көрсетеді.

Алайда қаржыландырудың әртүрлі нысандарын салыстырған кезде Мемлекеттік сатып алу шарттары негізінде объектілерді салуда ескеру керек объектіні салған кезде аталған тәуекелдерді сатып алынатын активтің тапсырыс берушісі әрі меншік иесі ретінде мемлекет әдеттегідей, «есепсіз» түрде өз мойнына алатынын ескеру керек.

Инвестициялық ұсыныс (ИҰ) – бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері әзірлейтін тиісті іс-шаралар жиынтығын қоса алғанда, инвестициялау мақсатын, оған қол жеткізу жолдарын және қаржыландырудың ықтимал тәсілдерін көрсететін, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің (ММЖ) құжаттарын іске асыру шеңберінде барлық МИЖ іске асырудың орындылығын негіздейтін тұжырымдамалық ұсыныс.¹

Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамаларды жүргізу тәртібі Мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру, инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық және қаржылық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамалар жүргізу, бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялық жобалардың бекітілген (нақтыланған) параметрлерін түзету, іріктеу, іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларында көрсетілген.² Осы Қағидалар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2025 жылғы 28 маусымдағы № 59 (№59 бұйрық) бұйрығымен бекітілген.

МИЖ инвестициялық ұсынысы келесі құжаттарды қамтиды:

- ЖК ақпараттық парағы;
- ЖК салалық сараптамасының қорытындысы;
- жобаның қаржы-экономикалық моделінің (ҚЭМ) базалық параметрлері және жобаны іске асырудан экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеу;
- құрылыс нормативтеріне немесе коммерциялық ұсыныстарға сәйкес МИЖ құнын есептеу және негіздеу;
- Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы орталық уәкілетті органнан (ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі) МИЖ шеңберінде жоспарланған жұмыс орындарының санына қатысты деректердің негізділігін растайтын ИҰ келісімхат
- ерекше жағдайларда ұсынылатын өзге де құжаттар (МИЖ қағидаларында көрсетілген).

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық парақтың, жобаның қаржылық-экономикалық моделі (ҚЭМ) бойынша базалық параметрлердің және жобаны іске асырудың экономикалық әсерін есептеу нысандары мен мазмұны МИЖ қағидаларының 1 және 2-қосымшаларында ұсынылған.

Атап айтқанда, МИЖ ИҰ ақпараттық парағында мыналар бар:

- 1) ББӘ және іске асыруға ұсынылатын МИЖ туралы деректер;
- 2) ретроспектива (МИЖ бойынша, оның ішінде ағымдағы бағдарламалар бойынша бұрын бөлінген және игерілген қаражат туралы ақпарат);
- 3) саланы маркетингтік талдау;

1 ҚР БК 148-бабы <https://www.adilet.zan.kz/rus/archive/docs/K2500000171/31.08.2025>

2 МИЖ қағидаларының 3-тарауының 1 және 2-параграфтары



4) МИЖ шеңберінде іске асырылуы көзделген жобалардың жалпы сипаттамасы;

5) МИЖ басқарудың институционалдық схемасы;

6) әлеуметтік және экологиялық әсер;

7) МИЖ іске асыруда қаржыландырудың ықтимал түрлері мен тәсілдері бойынша баламалы нұсқалары.

Бұл жерде бастамашыл жоба үшін әлеуетті баламаларды қарастырған кезде (техникалық тұрғыдан) таңдалған опция мемлекеттік сектор тарапынан анықталған қажеттіліктерге ең қолайлы екеніне көз жеткізу үшін таңдаулы техникалық шешімді таңдау қажет екенін атап өткен жөн.

Мұндай қажеттіліктерді неғұрлым толық түсіну үшін оларды қанағаттандыру нәтижесінде алынған артықшылықтарды анықтау қажет (мысалы, пайдаланушылар үшін қолжетімділіктің жоғары деңгейі, ұсынылған қызметтердің немесе инвестициялардың төмен бағасы және т.б.).

Техникалық баламалардың мысалдары (APMG СрЗр нұсқаулығынан)

Мысалы, сіз маңызды екі аудан арасындағы өзен арқылы қатынау уақытын қысқартуға бағытталған жобаны басқарып жатырсыз деп көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Өзеннен өтудің әртүрлі жолдары бар. Бұл паром, көпір немесе туннель болуы мүмкін. Көпірді немесе туннельді таңдағанда автомобильдерді, автобустарды, теміржолды, жеңіл рельсті желілерді және тіпті жаяу жүргіншілер өткелдерін пайдалануға болады. Өзеннен өту қызметі ақылы немесе ақысыз болуы мүмкін. Бұл баламалардың барлығы шығындардың әртүрлілігімен, көрсетілетін қызмет мазмұнымен және азаматтар үшін туындайтын салдарларымен сипатталады. Мұндай салдарлар тек пайдаланушылардан төлем алу жағдайындағы қаржылық қана емес, уақыт үнемдеу тұрғысынан көрінуі мүмкін, сонымен қатар жердің немесе мүліктің құнына, жол қозғалысына, қоршаған ортаға әсеріне және өзге де көптеген аспектілерге байланысты туындайды. Егер жобаны үкімет басқарса, онда ол құн параметрін, яғни шекті бағаны ескеруі мүмкін. Белгіленген шектерден шығатынның бәрі баға тұрғысынан қолжетімсіз деп саналады. Сонымен қатар, жобадан күтілетін қызмет сапасының ең төменгі деңгейі белгіленуі мүмкін, бұл минималды шығындарды білдіреді. Шығындардың минималды және максималды шектеулерін белгілеу кезінде бірқатар техникалық баламалар болуы мүмкін. Үкімет сонымен қатар техникалық баламаға байланысты әртүрлі сапаның деңгейлерін қарастыруы керек. Кейбір баламалар бастапқы кезеңде қажет деңгейден едәуір жоғары сапаны қамтамасыз етуі мүмкін (мысалы, қолданыстағы пайдаланушылар санынан айтарлықтай көп өткізу қабілеті бар көпір). Мұндай шешім тиімсіз болуы мүмкін. Бұл ретте үкімет пайдаланушылардың немесе басқа да зардап шеккен азаматтардың сапаға қойылатын талаптарына сәйкес келмейтін техникалық баламаны таңдай алмайды. Қандай балама таңдау керек? **Қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес келетін.**



МИЖ ИҮ әзірлеу кезінде барлық МИЖ іске асырудың орындылығы, ең алдымен, олардың мемлекеттік жоспарлау жүйесінің (МЖЖ) құжаттарына сүйене отырып айқындалатынын ерекше есте ұстаған жөн. Мемлекеттік жоспарлау жүйесі (МЖЖ) ұзақ

мерзімді (5 жылдан жоғары) және орта мерзімді (1 жылдан 5 жылға дейін) кезеңдерге арналған құжаттардан, қатысушылардан, қағидаттардан, сондай-ақ үдерістер мен деректерді басқару элементтерінен тұратын өзара байланысты компоненттердің кешені.

МЖЖ құжаттарына Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспары, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы, сондай-ақ үш түрдегі даму жоспарлары жатады: мемлекеттік органдардың; облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың); ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың даму жоспарлары.

МИЖ ИҰ-да көбіне мемлекеттік органдардың, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың даму жоспарларына сілтеме жасалады. Мәселен, мемлекеттік органның даму жоспары Мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсетуді қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып, орталық мемлекеттік органның орта мерзімді кезеңдегі МЖЖ-нің жоғары тұрған құжаттарын, функцияларын, өкілеттіктері мен құзыреттерін іске асыруға бағытталған қызметін айқындайды.

Өз кезегінде, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспары тиісті аумақтың ерекшеліктері мен өңірдің даму әлеуетін ескере отырып, МЖЖ-ның жоғары тұрған құжаттарына сәйкес оның дамуын айқындайды. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын өңірлік саясат жөніндегі уәкілетті органмен және мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып, аталған облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы міндетті түрде ең төменгі стандарттарды, сондай-ақ елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін қолдана отырып, әр үш жыл сайын бес жылдық кезеңге әзірлеп, ол облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органы шешімімен бекітіледі. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының нысаналы индикаторлары ДЕКОМПОЗИЦИЯЛАНҒАН түйінді ұлттық индикаторларға және ҰБК жоғары тұрған құжаттарының нысаналы индикаторларына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Даму жоспарларына МИЖ ИҰ әзірлеуге негіз болып табылатын және бюджет заңнамасының талаптарын ескере отырып әзірленетін инвестициялық жоспар қоса беріледі. Бұл жоспар бюджеттік процесте әкімшілік және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін, оның ішінде МИЖ-ді жоспарлауға басымдық беру үшін қолданылады. Инвестициялық жоспарда даму жоспарларының мақсаттарына, нысаналы индикаторларына немесе МЖЖ құжаттарына қол жеткізуге не даму жоспарларын әзірлемейтін мемлекеттік органдар үшін тиісті функцияны, өкілеттіктер мен құзыреттерді іске асыруға бағытталған, мерзімдерді, орындаушыларды, аяқтау нысанын, шығындардың қажетті көлемін белгілей отырып, іс-шаралар туралы ақпарат қамтылады. Оған басым тәртіппен келесілер енгізіледі:

- Алдыңғы қаржы жылдарында басталған (жалғасып жатқан) МИЖ;
- аса маңызды объектілер;
- ұлттық маңызы бар жобалар;
- ТЭН, үлгілік жобалар және мемлекеттік құрылыс жобалары банкінің жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы қолданылған жағдайда жүзеге асырылатын жаңа объектілердің құрылысы.



Инвестициялық жоспар Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын әзірлеу, іске асыру, мониторингін жүргізу және түзету әдістемесіне сәйкес және соған сәйкес нысанда әзірленеді.³

Қазақстанның бюджеттік жүйесіндегі барлық құжаттар сияқты, мемлекеттік жобалық бастамалар да сараптамадан өтеді. Атап айтқанда, МИЖ ИҰ сараптаманың екі кезеңінен өтеді: салалық және экономикалық.

МИЖ ИҰ-ға салалық сараптаманы тиісті саланың орталық уәкілетті немесе жергілікті атқарушы органы жүргізеді. Егер жоспарланып отырған жоба бірнеше салалық органдардың құзыретіне қатысты болса, онда олар МИЖ бойынша тиісті салалық сараптамалардың қорытындыларын қосымша ұсынады. Бұл ретте, МИЖ-ды қандай да бір белгілі бір салаға жатқызу мүмкін болмаған жағдайда, салалық қорытындыны ИҰ әзірлеген бюджеттік бағдарлама әкімшісі (ББӘ) ұсынады.

Салалық сараптама бастамаланған жобаның оны іске асыру көзделген саланың дамуына ықпалын бағалау тұрғысынан жүргізіледі және оның нәтижесінде тиісті қорытынды беріледі де, бұл қорытынды кейіннен МИЖ ИҰ-ның құрамдас бөлігі болып табылады. Атап айтқанда, МИЖ қағидаларына сәйкес мұндай сараптаманың қорытындысы келесі көрсеткіштерді бағалау нәтижелерін қамтиды:

Көрсеткіштердің атауы	Бағалау қорытындыларының мазмұны
Саланың ағымдағы жай-күйінің проблемасы	Саланың одан арғы дамуына әсер ететін проблема, сондай-ақ қолданыстағы және ұсынылып отырған қызметтердің салыстырмалы талдауы.
МИЖ-ді іске асырудың экономикадағы іргелес салаларға (секторларға) ықпал ететін болжамды мультипликативтік әсері.	Сондай-ақ бюджеттің кіріс бөлігін толықтыруға, тұрақты және уақытша жұмыс орындарын құруға әсерін бағалау жатады
Балама нұсқалар	Шетелдік тәжірибені ескере отырып, оңтайлы шешім ретінде ағымдағы шешімді негіздей отырып, мәселені шешудің балама нұсқалары
МИЖ-ді басқарудың болжамды институционалдық схемасының негізділігі	Негізгі қатысушылар, олардың өзара іс-қимыл схемасы, баланста ұстаушылардың пайдасы мен шығындарының бөлінуі, сондай-ақ МИЖ-ді инвестициялық және инвестициядан кейінгі кезеңдерде басқару схемасы.
Жобаның болжамды тәуекелдер және оларды азайту іс-шаралары	Қаржылық, операциялық, техникалық, кредиттік, нормативтік-құқықтық, технологиялық, маркетингтік, нарықтық, коммерциялық, экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер
Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің МИЖ құжаттарына сәйкестігі	Сәйкестікті бағалауды да қамтиды: • мемлекеттік органдарды немесе облыстарды, республикалық маңызы бар қалаларды, астананы дамыту жоспарларын; • квазимемлекеттік сектор субъектілерін дамыту және (немесе) іс-шаралар жоспарларын
Негіздемелік	МИЖ-ның негізделген көлемін, сондай-ақ мемлекеттік инвестицияларға деген қажеттілікке байланысты МИЖ-ді іске асыру тетігін басымдықпен айқындауды.

3 ҚР Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 93 бұйрығымен бекітілген <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100024908>



МИЖ ИҮ әзірлегеніп, салалық сараптамадан өткеннен кейін **экономикалық сараптама** жүргізу үшін құжаттардың толық пакеті (ақпараттық парақ, салалық қорытындылар, есептеулер, келісу хаттары және т.б.) ұсынылады.

МИЖ ИҮ-қа экономикалық сараптама жүргізу құрамына кіретін құжаттарды республикалық жобалар бойынша бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе жергілікті жобалар бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның қараап, тиісті экономикалық қорытынды беруі дегенді білдіреді.

Экономикалық сараптама кезінде МИЖ ИҮ экономикалық орындылығы және жоба мақсаттарының экономика саласын (аясын) дамыту басымдықтарына сәйкестігі тұрғысынан қаралады. Аталған басымдықтар МЖЖ құжаттарында айқындалған, оларға мемлекеттік органдардың немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарлары, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарлары және (немесе) іс-шаралары жатады.

ИҮ-тың экономикалық сараптамасы, МИЖ қағидаларына сәйкес, МИЖ іріктеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады (МИЖ қағидаларына 5-қосымша). Атап айтқанда, ИҮ-ға сараптама **пайда мен шығындарды талдауды** қолдана отырып жүргізіледі.

№59 қағидадан:

«...Пайдалар мен шығындарды талдау мынадай көрсеткіштерді бағалаумен сипатталады:

1) бюджеттік тиімділік – бюджет алған нәтиженің шығындарға қатынасы ретінде айқындалатын инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде бюджет үшін тиімділіктің салыстырмалы көрсеткіші;

2) МИЖ өтелімділігі – МИЖ инвестициялық ұсыныстарында көзделген ақша ағындарын генерациялау мүмкіндігі;

3) МИЖ басымдығы – байланысты әлеуметтік, стратегиялық, саяси, экологиялық және басқа факторларға негізделген МИЖ-ді іске асырудың маңыздылығы...»

Сондай-ақ МИЖ ИҮ-ға сараптама жүргізу кезінде (оны әзірлеу барысында да) «Value for Money» (VfM) талдауын ескеру қажет, ол Компараторалық мемлекеттік сектор (МСК) әдісі арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сектордың компараторы (Public Sector Comparator, PSC) МЖӘ тетігін қолданудың орындылығын бағалаудың негізгі құралы болып табылады және Value for Money (VfM) талдауымен тікелей байланысты. Мемлекеттік сектордың компараторы (МСК)-бұл активтің бүкіл өмірлік циклі бойынша шығындарды, тәуекелдерді, қаржыландыру мен активті басқаруға жұмсалатын шығыстарды ескере отырып есептелген дәстүрлі мемлекеттік жобаның шартты моделі. МСК-ны ұсынылған МЖӘ құрылымымен салыстыра отырып, мемлекет МЖӘ-нің базалық мемлекеттік нұсқамен салыстырғанда қосымша құн қалыптастыратынын айқындайды. Осылайша, МСК VfM талдауының сандық негізі ретінде қызмет етеді, бұл жоба әріптестің арқылы тәуекелдерді тиімдірек бөлуді, активке иелік етудің жиынтық құнын төмендетуді, шешімдердің сапасын немесе инновациясын қамтамасыз



ететінін объективті түрде өлшеуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, бұл «МСК + VfM талдауы» тізбегі мемлекеттік жоспарлау жүйесі шеңберінде жобаны іске асырудың оңтайлы тетігін таңдау туралы дәлелді шешім қалыптастырады.

Аталған ұғымдар халықаралық тәжірибеге негізделген, МИЖ-ді іске асыру тетігін таңдау үшін қолданылатын негізгі қағидаттар болып табылады және олар жоғарыда аталған МИЖ-ді іріктеу әдістемесінде де сипатталған.

Атап айтқанда, осы Әдістемеде МИЖ ИҰ-қа экономикалық қорытындының екінші деңгейі баға мен сапаның арақатынасын талдау (VfM) әдісімен жүргізілетіні және оның төмендегі формулаға сәйкес айқындалатыны көрсетілген:

мұнда,

$$VfM = \sum_{t=0}^n \frac{Y_{Ct} + AR_{Ct}}{(1+r)^t} - \sum_{t=0}^n \frac{CC_{Ct} + OM_{Ct} + RR_{Ct} + AC_{Ot} + AC_{Nt} + ASE_{Ct} + AR_{Ct}}{(1+r)^t}$$

МЖӘ жобасы бойынша шығындарды бағалау көрсеткіштері:

Y_{Ct} - мемлекет үшін t жылындағы МЖӘ схемасының жылдық құны (мысалы, қолжетімділік үшін төлемдер). Бұл көрсеткіш МЖӘ жобасын орындау шеңберінде жекеше әріптестің пайдасына мемлекет төлемдерінің көлемін көрсетеді (күрделі шығындарды (мысалы, құрылысқа арналған шығыстарды), объектіні пайдалану және/немесе оған қызмет көрсету жөніндегі операциялық шығыстарды, жекеше әріптеске ол қабылдаған тәуекелдер үшін өтемақыларды қамтуы мүмкін).

AR_{Ct} - Реттеуші шығыстарға түзету

Реттеуші шығыстар - реттеуші талаптарға байланысты қосымша шығындарды есептеуге қосу (экологиялық нормаларды сақтауға, өнімді сертификаттауға, салықтар мен алымдарды төлеуге, рұқсат алуға және т.б. шығыстар).


Сондай-ақ салық төлеушілер үшін жанама шығындар болып табылатын мемлекеттік қолдаудың басқа да түрлерін қамтуы мүмкін (мысалы, Қарыз бойынша сыйақыларды Даму арқылы мемлекет тарапынан субсидиялау және т.б.)

r = дисконттау ставкасы, жобаны талдаудың осы кезеңінде инвестициялық ұсынысты әзірлеу күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық ставкасына не Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес болжанатын инфляцияның орташа мәніне тең қабылданады.

БИЖ ретінде жобаны іске асыру үшін мемлекеттің түзетілген шығындары:

CC_{Ct} - t жылы PSC бойынша құрылысқа арналған шығыстар (артық шығысты қоса алғанда) көрсетіледі.

Құрылысқа арналған шығыстар - нормативтік көрсеткіштерді пайдалану жолымен айқындалады. Жобаны іске асырудың инвестициялық кезеңінде бюджеттік инвестициялардың баламалы құны бойынша шығыстарды қоса алғанда, (болған кезде)/ретроспективті (тарихи) көрсеткіштер/балама жобалар бойынша алдыңғы мемлекеттік келісімшарттар бойынша деректер/халықаралық тәжірибе (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің орналастырылатын ұзақ мерзімді облигаци-



яларының мөлшерлемесі бойынша инвестициялық кезеңде мемлекеттік бағалы қағаздар шығару жолымен Қазақстан Республикасының Үкіметі тартатын борышқа қызмет көрсету жөніндегі шығындар (<https://kase.kz/ru/gsecs/>).

OMt - t жылы PSC бойынша пайдалануға және/немесе техникалық қызмет көрсетуге арналған операциялық шығыстар.

Операциялық шығыстар - жобаны іске асырудың пайдалану кезеңіндегі бюджеттік инвестициялардың баламалы құны бойынша шығыстарды (инвестициялық кезеңде мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару жолымен Қазақстан Республикасының Үкіметі тартатын борышқа қызмет көрсету бойынша шығыстарды қоса алғанда, балама жобалар бойынша алдыңғы мемлекеттік келісімшарттар бойынша нормативтік көрсеткіштерді (болған кезде)/ретроспективті (тарихи) көрсеткіштерді/халықаралық тәжірибені пайдалану жолымен айқындалады Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің орналастырылатын ұзақ мерзімді облигациялары (<https://kase.kz/ru/gsecs/>).

RRt - жылына PSC бойынша жаңарту және ауыстыру шығыстары.

Жаңартуға және ауыстыруға арналған шығыстар - нормативтік көрсеткіштерді (болған кезде)/ретроспективті (тарихи) көрсеткіштерді/балама жобалар бойынша алдыңғы мемлекеттік келісімшарттар бойынша деректерді/халықаралық тәжірибені пайдалану жолымен айқындалады.

Жоғарыда көрсетілген деректер болмаған кезде - жаңартылатын және ауыстырылатын активтер бойынша құн оларды сатып алуға арналған бастапқы инвестициялық шығындарды негізге ала отырып, экономиканың осы сегментінің инфляция көрсеткішіне түзетумен (инфляция болған кезде) пайдаланылады, салалық инфляция болмаған кезде - Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес болжанатын инфляцияның орташа мәніне түзетуге болады.

ARt - t жылына тәуекелге түзетулер.

Жекеше әріптеске МЖӘ моделі бойынша берілген ақшалай мәндегі тәуекелдер көрсетіледі.

ACNt - t жылындағы бәсекелестік бейтараптықты қамтамасыз ету үшін түзетулер.

Бәсекелестік бейтараптық: мемлекеттік компаниялардың салықтық артықшылықтары (ҚҚС, мүлік салығы және т.б.), МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттен кепілдіктер (жобаның тәуекелдерін төмендетуі мүмкін) және т.б. болуы мүмкін.

ASEt - жобаның әлеуметтік-экономикалық салдарларындағы айырмашылықтарды ескере отырып түзетулер t

Қаралып отырған сатып алу тәсілдерінен түсетін әлеуметтік-экономикалық салдарлар (пайдалар) (мысалы, МЖӘ жобалары бойынша құрылысты аяқтау мерзімдерін кешіктіру ықтималдығы аздау болуы мүмкін және әлеуметтік-экономикалық пайда алу мерзімдері дәстүрлі сатып алуларға қарағанда жеделдетілуі мүмкін).

ACOt = t жылына операциялық шығыстарға түзету

Қосымша операциялық шығыстар - нормативтік көрсеткіштерді (болған кезде)/ретроспективті (тарихи) көрсеткіштерді/балама жобалар бойынша алдыңғы мемлекеттік келісімшарттар бойынша деректерді/халықаралық тәжірибені пайдалану жолымен айқындалады (мысалы, МЖӘ жобалары бойынша қосымша персо-



налды тарту, мемлекеттік кәсіпорындар тарапынан қарыздармен МЖӘ жобасын қолдау кезіндегі шығыстар, Даму желісі бойынша қарыздар бойынша пайыздарды субсидиялау).

VfM талдауы жобаның мақсаттарына қол жеткізу үшін баға мен сапа (пайда мен шығындар) арақатынасын оңтайландыруға, жекеше әріптестің тәуекелдерді тиімді басқару ынталандырулары мен мүмкіндіктерінің болуын/болмауын бағалауға, оларды төмендетуге және мемлекеттік сатып алумен салыстырғанда үлкен пайда алуға бағытталуы тиіс. Осы кезеңде баға мен сапа арақатынасын бағалау (VfM) қол жетімді көздерден алынған деректерді (ретроспективті/тарихи деректер/аналогтар/халықаралық тәжірибе, жанама көздерден алынған деректер және т.б.) пайдалана отырып жүргізіледі. Әртүрлі уақыт деректері бар шығыстардың екі құрылымынан алынған салыстырмалы мәндерді бірдей дисконттау ставкасын пайдалана отырып, көрсеткіштерді салыстыру үшін таза келтірілген құнға келтіру қажет. Егер VfM көрсеткіші **теріс** болса, онда МЖӘ тетігі арқылы МИЖ-ді іске асыру неғұрлым тиімді болып табылады, егер **VfM көрсеткіші оң болса**, онда МЖӘ жобасы ретінде емес, МИЖ өзге түрлері арқылы МИЖ-ді іске асыру неғұрлым тиімді болып табылады.

Осылайша, Value for Money (VfM) МЖӘ жобаларын дайындау мен іске асырудың негізгі қағидаты болып табылады, өйткені ол мемлекетке таңдалған іске асыру механизмі (МЖӘ немесе қаржыландырудың басқа әдісі болсын) жобаның бүкіл өмірлік циклі бойына шығындар мен нәтижелердің ең жақсы арақатынасын қамтамасыз ететініне көз жеткізуге мүмкіндік береді. VfM талдауы іске асырудың әртүрлі нұсқаларын салыстыруға, тәуекелдердің таралуын бағалауға, бюджет қаражатын тиімді пайдалануға кепілдік беруге және шешім қабылдаудың ашықтығын арттыруға көмектеседі. Мемлекеттік инвестициялардың негізділігі және ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық әсерлерге қол жеткізу аса маңызды Қазақстан үшін VfM қолдану инфрақұрылымдық жобалардың сапасын арттыру, қоғам мен жеке инвесторлардың сенімін нығайту, сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру құралы ретінде қызмет етеді.

Жалпы алғанда, салалық сараптамамен салыстырғанда тиісті қорытынды шеңберінде ұсынылатын экономикалық сараптаманың нәтижесі МИЖ-ді бюджеттен қаржыландырудың ықтимал түрлері мен тәсілдерін айқындауды білдіреді. Есеп төмендегі ақпаратқа баға беруді қамтиды:



Көрсеткіштердің атауы	Бағалау қорытындыларының мазмұны
Жоба бойынша жалпы ақпарат	• мемлекеттік инвестициялық жобаның атауы • жобаның қуаты (өлшем бірлігі) • іске асыру кезеңі (жылдар) • пайдалану кезеңі (жылдар) • жобаны іске асырудың негіздемесі (салалық сараптаманың қорытындысына сәйкес) • қаржыландыру тетіктері мен көлемі (пайдалануға берілгенге дейінгі барлық шығындар) (мың теңге) • бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу (түзету) құны (мың теңге) • жерді сатып алу құны (мың теңге) • мемлекеттік міндеттемелердің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген шектерде мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мүмкіндігі (жобаны МЖӘ ретінде іске асырған жағдайда) • бюджеттік инвестициялық саясаттың басымдықтарына сәйкестігі • ұсынылған құжаттаманың болуы
МБК құжаттарының ережелеріне сәйкестігі	мемлекеттік органдардың немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарларын және (немесе) іс-шараларын қоса алғанда (құжаттың деректемелерін көрсету)
Жобаны басқарудың институционалдық схемасы	іске асыру барысында да, инвестициядан кейінгі кезеңде де жобаның барлық қатысушылары туралы ақпарат, олардың өзара іс-қимылы
Түпкілікті нәтижелер	Түпкілікті нәтиженің өлшенетін (сандық) көрсеткіштерінің болуы
Тәуекелдер	Тәуекелдерді бағалау тұрғысынан жобаны іске асыру мүмкіндігі
Негіздемелік	мемлекеттік инвестициялық жобаның құнын есептеу
Негіздемелік	мемлекеттік инвестициялардың қажеттілігіне қарай МИЖ іске асыру тетігін басым таңдау
Қорытындылар	бюджеттен МИЖ-ді қаржыландырудың ықтимал түрі мен әдістерін, сондай-ақ МИЖ іске асырудың орындылығын анықтау

МИЖ ИҮ-ға (оның ішінде түзетілген) арналған экономикалық қорытындының қолданылу мерзімі шектеулі екенін есте ұстаған жөн. Егер МИЖ бойынша қаржыландырудың түрлері мен тәсілдерін айқындайтын мұндай қорытынды берілгеннен кейін үш жыл ішінде жоба жоспарлауының келесі сатыларына жататын құжаттар (ТЭН, ЖСҚ, ҚЭО, МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасы) әзірленбесе немесе олардың әзірленуі басталмаса, онда аталған қорытынды өзектілігін жоғалтқан деп танылады.

Бюджет заңнамасында ББӘ-ның бірінші басшыларының ИҮ пен оларға қатысты уәкілетті органдардың және (немесе) ұйымдардың сараптама қорытындыларының болмағаны үшін жауаптылықтары қарастырылған. Сондай-ақ, тиісті ББӘ және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшылары ұсынылатын инвестициялық ұсыныстардың негізділігі үшін Қазақстан Республикасының




заңдарында белгіленген жауаптылықта болады. ⁴ Мұншалықты жоғары жауапкершілік деңгейі ИҰ-тың МИЖ-ді жоспарлау үшін негіз болып табылуымен байланысты (Қазақстан Республикасының МЖӘ туралы заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген «толық бітіріп берілетін» құрылыс туралы ережелерде өзгеше көзделмеген жағдайларды қоспағанда).⁵

4 ҚР БК 41-бабы <https://www.adilet.zan.kz/rus/archive/docs/K2500000171/31.08.2025>

5 ҚР БК 148-бабы <https://www.adilet.zan.kz/rus/archive/docs/K2500000171/31.08.2025>



2. МЖӘ ЖОБАСЫН ЖОСПАРЛАУ



МЕМЛЕКЕТТІК БАСТАМА НЕГІЗІНДЕ МЖӘ ЖОБАЛАРЫН ЖОСПАРЛАУ

Мемлекет бастамашылық ететін МЖӘ жобаларын жоспарлау МЖӘ инвестициялық ұсынысын әзірлеу мен бағалаудан және экономикалық орындылығын талдаудан басталады.

Сонымен қатар, Ұлттық экономика министрлігінің немесе экономика басқармасының МИЖ ИҰ-қа оң қорытынды беруі жобаның міндетті түрде тек МЖӘ ретінде іске асырылуы тиіс дегенді білдірмейді. Бұл бірінші «жасыл жарық».

Әрі қарай жоспарлауға іс-шаралар кешені жатады, ол іс-шаралардың барысында жобаның құжаттамасы, оның институционалдық моделі пысықталады, нақтыланады, жобаның құрылымы жүзеге асырылады.

Жобаның өміршеңдігі мен іске асырудың таңдалған тәсілінің дұрыстығына көз жеткізу үшін жоспарлаудың әр кезеңінде жобаның бюджеттік және коммерциялық тиімділігін, баға мен сапа арақатынасын (VfM) қайта бағалауды жүзеге асыру ең жақсы тәжірибе болып табылады. Бұл ұсынымды халықаралық сарапшылар растайды және жоба тараптары қабылдайтын ұзақ мерзімді кезеңнің тәуекелдерімен байланысты.

Әрине, қазіргі уақытта мемлекеттік сектор белгілі бір ресурстық шығындарға ұшырады, іске асыру жоспарларын қалыптастырды, уақыт жұмсалды, әкімшілік, мүмкін саяси шешімдер қабылданды. Алайда ағымдағы кезеңде МИЖ-ді таңдаудың бастапқы позициясына оралумен және келесі кезеңдерде жобаның бұзылуымен немесе дефолтымен байланысты тәуекелдерді сыни тұрғыдан бағалап, өзара салыстыру қажет.

ЖЕКЕ МЕНШІК БАСТАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ МЖӘ ЖОБАЛАРЫН ЖОСПАРЛАУ

Жеке сектор бастамашылық ететін МЖӘ жобаларын жоспарлау шеңберінде жоспарлаудың бастапқы кезеңінде кешенді бағалауды уәкілетті тұлға жеке бастамашының өтінішін мақұлдаған жағдайда Ұлттық экономика министрлігі немесе экономика басқармасы жүзеге асырады.

Бастаманы тиісті деңгейде бағалау үшін жеке бастамашының өтініміне оның әзірлеген ақпараттық парақ жобасы (егер конкурс көзделсе) немесе бизнес-жоспары (егер тікелей келіссөздер бастамаланса) қоса беріледі, яғни, ол тиісті орталық немесе жергілікті мемлекеттік органның әлеуметтік-экономикалық міндеттер тізбесіндегі бір немесе бірнеше міндетті шешуге бағытталған жобаның техникалық-технологиялық және қаржылық шешімдерінің, сондай-ақ институционалдық схемасының сипаттамасын қамтуы тиіс.

Әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесін мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары негізінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың салалық министрліктері мен ЖАО қалыптастырады. Бұл мемлекеттің жалпы саясатының бөлігі. Мұндай тізімдер МЖӘ веб-сайтында жарияланады.

МЖӘ жобаларына бастамашылық жасау үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттер тізбесін қалыптастырудың мақсаты жоспарлауға жүйелі көзқарасты қамтамасыз етуден тұрады, уәкілетті мемлекеттік орган мәселелерді шешудің басымдылығын айқындайды. МЖӘ арқылы өңірдің немесе саланың қажеттіліктеріне жауап бермейтін, тек коммерциялық құрылымдардың мүддесіне сай келетін жобаларды іске асыруға жол берілмеуі тиіс.

Жеке бастама МЖӘ жобасын іске асыру көзделген жерге немесе өзге объектілерге қатысты жеке меншікке негізделмеуі тиіс екеніні назар аудару керек.

Бастаманың түріне қарамастан, МЖӘ жобалары мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелерін шешуге бағытталған және жекеше әріптес мемлекет жариялаған конкурс негізінде айқындалатын болады.

Тиісінше, уәкілетті органдар мемлекетке тиесілі емес жер учаскесіне немесе мүлікке қатысты конкурс жариялай алмайды.

Сонымен қатар, конкурстың шарттары ең жақсы қаржылық және техникалық-технологиялық шешімдерді ұсына отырып, оны іске асыруға барлық мүдделі әлеуетті инвесторлар қатыса алатындай болуы тиіс. Мұндай тәсілдер кәсіпкерлік субъектілерінің теңдігі және адал бәсекелестік қағидаттарының орындалуын қамтамасыз етеді.

Ерекше жағдайларда жеке инвестор мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру үшін, яғни конкурстық рәсімдерсіз **тікелей келіссөздер** жүргізуге бастамашылық жасай алады.



Тікелей келіссөздер бастапқыда бәсекелестік мүмкіндігін жоққа шығаратын осындай жобаларды іске асыру кезінде ғана жүргізілуі мүмкін. МЖӘ объектінің бірегейлігі, яғни баламалы ұсыныстардың болмауы және технологиялар трансферінің қажеттілігі оның белгілерінің бірі болып табылады.

Кең мағынада баламалы шешімдер әртүрлі объектілердің құрылысын қарастыруы мүмкін. Мысалы, елді мекенді сумен қамтамасыз ету үшін ашық немесе жерасты көздерінен орталықтандырылған су құбыры жүйесі арқылы жүзеге асырылатын дәстүрлі су алудан бөлек, бейдәстүрлі көздерді (жаңбыр суы, тазартылған ағынды сулар) пайдалану, жеке құдықтар мен скважиналар қазу, суды жерінде тазарту мен зарарсыздандыру технологияларын қолдану, су тасымалдайтын автоцистерналар арқылы жеткізу және т.б. ұсынылуы мүмкін. Бұл ретте, барлық жобаларда қызмет мәні бойынша біреу – сумен жабдықтау болып табылады.

Бірегейлік объектімен емес, оны пайдалану кезінде өндірілетін қызметпен немесе тауармен тікелей байланысты болуы керек.

Мысалы, инвестор өзенді кесіп өту үшін өзен түбінің астында Қазақстан үшін бірегей автомобиль туннелін салуды ұсынады-бұрын мұндай туннельдер салынып қана қоймай, сондай немесе ұқсас құрылыс технологиялар да қолданылмаған. Техникалық ұсыныстың бірегейлігіне және технологияның трансферіне қарамастан, уәкілетті орган тікелей келіссөздер жүргізу үшін өтінімді қабылдай алмайды, өйткені туннельді пайдалану кезінде көрсетілетін **қызметтің** өзі – автокөліктің өтуі үшін жағалаулардың қатынасы – **бірегей сипатқа ие емес**. Мұндай қызмет, соның ішінде көпірлер, паромдар және т. б. салу арқылы көрсетіледі.

Бұл жобада баламалы техникалық-технологиялық шешімдерді анықтау үшін екі кезеңді конкурс жариялау қажет, оларды салыстыру кезінде ең жақсысы – одан әрі ұзақ мерзімді пайдалануды ескере отырып, ең тиімдісі айқындалатын болады (Қазақстанның көптеген елдермен салыстырғанда ерекшелігі халықтың төмен тығыздығы және жол инфрақұрылымының төмен рентабельділігі болып табылады). Сондай-ақ, шешімдер әлеуметтік, экономикалық, коммерциялық, бюджеттік тиімділік тұрғысынан талдануы керек.

Әйтпесе, туннель салу Аймақ экономикасы үшін «ақ пілге» айналуы мүмкін.

Инвестициялардағы «пайдасыз мүлік» идиомасы қымбат активті, тиімсіз немесе пайдасыз, талап етілмеген жобаны белгілеу үшін қолданылады, оны ұстауға арналған ағымдағы шығындар оның құны мен пайдалылығынан қымбатқа түседі. Сонымен қатар, әдетте, бұл активтен құтылу оңай емес – сұраныстың болмауына байланысты иеліктен шығару мүмкін емес, ал демонтаждау және жою өте қымбат.

Осылайша, пайдалану кезінде бұрын Қазақстанда өндірілмеген тауарлар, жұмыстар, қызметтер өндірілетін осындай объектілер бірегей объектілерге жатқызылуы мүмкін. Тікелей келіссөздер бірегей объектілер құруды көздейтін және технологиялар трансферін талап ететін МЖӘ жобаларына қатысты ғана бастама жасалуы мүмкін.

Тікелей келіссөздер жүргізудің жеке бастамасы негізінде МЖӘ жобаларын жоспарлау бастамашының бизнес-жоспарын бірегейлікті, технологиялар трансферінің қажеттілігін анықтау тұрғысынан талдау жолымен жүзеге асырылады. Бұл процесс ашық болып табылады, МЖӘ веб-порталында өткізіледі, мүдделі тұлғалар



уәкілетті тұлғаның атына ұсыныстар мен ескертулер енгізе алады.

Егер жобаны іске асырудың бірегейлігі мен орындылығы анықталса, тікелей келіссөздер жүргізу туралы шешімді ҚР Үкіметі қабылдайды.

Бастаманың түріне қарамастан, МЖӘ жобаларын жоспарлау оның МЖӘ құжаттарының негізінде айқындалған қажеттіліктер мен міндеттерге сәйкестігі кезінде, сондай-ақ оның тиімділігін ескере отырып, іске асырудың таңдалған тәсілінің негізділігі жағдайында жүзеге асырылады.

МЖӘ жобасын жоспарлаудың негізгі құжаттары:

- ақпараттық парақ (егер техникалық шешім болса) немесе МЖӘ жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі-бұл құжаттар конкурстық құжаттаманың негізі болып табылады;

немесе

- тікелей келіссөздер жүргізу кезіндегі бизнес-жоспар.

Бұл құжаттар мазмұны бойынша ұқсас және жобаның толық сипаттамасын көрсетеді («МЖӘ жобасын құрылымдау және конкурстық құжаттаманы дайындау» бөлімін қараңыз).

FAQ

Егер МЖӘ құжатында мұндай жобаға қажеттілік анықталса, ал әлеуметтік-экономикалық міндеттер тізбесінде болмаса, МЖӘ жобасын бастауға бола ма?



Жоқ. Сізге тиісті уәкілетті мемлекеттік органға хабарласып, осы міндетті Тізбеге енгізуді ұсыну қажет. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі тиісті жобаны бастаған немесе жоспарлаған немесе қажеттілік өзектілігін жоғалтқан болуы мүмкін.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес жобаны жоспарлау кезеңінде қолданған кезде МЖӘ жобасының техникалық-экономикалық негіздемесіне ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қажет пе?

МЖӘ жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу және бекіту тәртібі МЖӘ ережелерімен реттеледі. МЖӘ жобасының ТЭН конкурстық құжаттаманың бір бөлігі болып табылады және сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін нормативтік реттеу саласына жатпайды. МЖӘ жобасының ТЭН-не ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу заңнамада көзделмеген.

ӨНДІРІСТІК (ИНДУСТРИЯЛЫҚ) ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ МЖӘ ЖОБАЛАРЫН ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ


Тәжірибеде жеке инвестор өз коммерциялық жобасын бастамалайтын жағдайлар, мысалы, құрылыс материалдарын өндіретін зауыттың құрылысын және оны одан әрі пайдалануды жоспарлаған инвестор қала сыртынан жер сатып алып, барлық рұқсаттарды алған, жобалық құжаттаманы бекіткен және жергілікті атқарушы органдармен келісулерден өткен сияқты жағдайлар да кездеседі. Бірақ жер учаскесіне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тартылмаған.



Энергия беруші және су құбыры желілерінің, су бұрудың және т.б. құрылысын учаскеге дейін тартуды ЖАО жүзеге асыруы тиіс. Тиісті шешімдер қабылданды, іс-шаралар жоспарына енгізілді, бірақ саяси, экономикалық немесе өзге де тәуекелдерге, оның ішінде форс-мажорлық сипатқа байланысты коммуникациялар уақтылы тартылмаған.

Зауыттың құрылысы тіпті көршілес учаскелердің желілеріне уақытша қосылуларды пайдалана отырып та жүзеге асырылуы мүмкін. Алайда, кәсіпкер объектіні пайдалануға беруді кешіктіру және кредиттік міндеттемелер бойынша дефолт, жобаның дефолт тәуекелі бар.

Мұндай жағдайда жеке инвестор МЖӘ жобасын бастамалауы мүмкін, оның мәні инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салу және техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ оны мемлекет меншігіне беру (ВТО) болып табылады.



Жоспарлау ерекшеліктері: инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізу талап етілетін кәсіпорын салу жобасы қазірдің өзінде басталды (кем дегенде ЖСҚ бекітілді немесе құрылыс жұмыстары басталды) және бұл жоба әлеуметтік-экономикалық тиімділікті қамтиды. Коммуникацияларды салу жөніндегі МЖӘ жобасын жеке инвестор бастамашылық етуі мүмкін және өзге қатысушылар болмаған жағдайда конкурс өткізілді деп танылатын болады.

Жобаны жоспарлау және оны тиісінше іске асыру кезеңдерінде жобаны құрылымдаудың ерекшелігі мынада: инвестициялық шығындарды өтеу жөніндегі алғашқы төлем негізгі жеке кәсіпорын (зауыт) жұмыс істей бастағанға дейін жүзеге асырылмауы тиіс.

Бұл шара МЖӘ жобасының (инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысының) өздігінен халық үшін құндылық тудырмайтындығына байланысты, ал әлеуметтік-экономикалық тиімділік жеке кәсіпорын іске қосылған жағдайда ғана, яғни осы екеуінің жиынтығында қамтамасыз етіледі.

Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды іске асыруға арналған МЖӘ жобаларын жоспарлау жеке бастама негізінде жүзеге асырылған жағдайда өзіндік ерекшеліктерге ие: МЖӘ жобасының тиімділігі жеке инвестордың жеке жобасымен (МЖӘ объектісі болып табылмайтын) жиынтық түрде қаралады, сондай-ақ конкурсқа өзге қатысушылардың міндетті түрде қатысуы жөніндегі талап қолданылмайды. Мемлекеттік бастама болған жағдайда МЖӘ жобасы жалпы ережелер негізінде бастамашылық жаса-



лып, жоспарланады.

FAQ

Жекеше әріптес үшінші тұлғалардың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға қосылуынан коммерциялық кіріс ала ала ма?



Иә. Алайда табиғи монополиялар саласындағы заңнаманы (Табиғи монополияларды реттеу комитетімен келісу), коммуникациялардың ерекшелігін (заңнама тиісті коммуникацияларға уақытша иелену немесе басқару құқығындағы тұлғаның оларды пайдалануына және қызмет көрсетуіне рұқсат ете ме) ескеру қажет, сонымен қатар мұндай қосымша табыс жобаның қаржылық-экономикалық моделін есептеу кезінде назарға алынуы тиіс.

МЖӘ-ДЕГІ ЕРЕКШЕ МАҢЫЗЫ БАР ЖОБАЛАР. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫМЕН ҮЙЛЕСТІРУДІҢ ЖАҢА ТЕТІГІ

Ерекше маңызы бар жобалар бір мезгілде төрт өлшемге сәйкес келетін МЖӘ-жобалардың жеке санатын білдіреді:

1. Техникалық күрделілік Объект «Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығына сәйкес техникалық күрделі бірінші жауапкершілік деңгейіндегі жатқызылуы тиіс.

2. Қоғамдық бағыт Жоба мемлекет пен азаматтар үшін жоғары әлеуметтік маңыздылығын көрсете отырып, қоғамдық қажеттіліктер мен мүдделерді қанағаттандыруды қамтамасыз етуі керек.

3. Меншік мәртебесі Жоба объектілері республикалық немесе коммуналдық меншікке жатқызылуы тиіс.

4. Жоғары қаржылық шек Салу, құрылыс, реконструкциялау немесе күрделі жөндеу құны 4 миллион айлық есептік көрсеткіштен асуы тиіс (2025 жылғы АЕК кезінде бұл 15,7 млрд теңгеден асады).

Ерекше маңызы бар жобаның кешенді мысалы:

Халықаралық әуежайда жаңа терминал салу-техникалық жағынан күрделі авиациялық құрылыстарды қамтитын жоба (1-критерий), авиатасымалдауға қоғамдық қажеттіліктерге қызмет көрсететін (2-критерий), республикалық меншіктегі жер учаскесінде (3-критерий), құны шекті мәннен едәуір асатын жоба (4-критерий).

Ерекше маңызды жобалар жоспарлау рәсімдеріне арнайы көзқарасты қажет ететін жеке санатқа бөлінеді. Кәдімгі МЖӘ жобаларынан айырмашылығы, ерекше маңызды жобалар халықаралық қаржы институттарының оларды әзірлеуге қатысу мүмкіндігін міндетті түрде қарастыруды талап етеді. Қазақстандық МЖӘ орталығы осы процестің үйлестірушісі болып табылады.



1 КЕЗЕҢ**Бастау**

Бұл рәсімді бастауға жобаны МЖӘ форматында іске асырудың орындылығын айқындайтын МИЖ жөніндегі инвестициялық ұсынысқа оң экономикалық қорытындының алынуы негіз болады.

2 КЕЗЕҢ**Арнайы рәсімдерге қосу**

Жоба ерекше маңыздылықтың барлық төрт өлшеміне сәйкес келген жағдайда ҚР Ұлттық экономика министрлігі немесе облыстық экономика басқармасы міндетті:

- Инвестициялық ұсыныс пен экономикалық қорытындыны Қазақстандық МЖӘ орталығына жолдау;
- Бұл туралы уәкілетті тұлғаға (жоба бастамашысына) хабарлау.

3 КЕЗЕҢ**Халықаралық әріптестерді іздеу**

Құжаттарды алғаннан кейін Қазақстандық МЖӘ орталығы халықаралық қаржы институттарымен (ХҚИ) келіссөздерге кіріседі.

4 КЕЗЕҢ**Алдын ала тізімдерді қалыптастыру**

ХҚИ-мен талқылау қорытындысы бойынша Қазақстандық МЖӘ орталығы жобаларға қызығушылық білдірген халықаралық қаржы институттарының қатысуымен ерекше маңызы бар жобалардың алдын ала тізбесін дайындайды.

5 КЕЗЕҢ**Үкіметтің бекітуі**

ҚР Ұлттық экономика министрлігі ерекше маңызы бар жобалардың тізбесін бекіту немесе толықтыру жөнінде ҚР Үкіметінің Қаулысын қабылдауға бастамашылық жасайды.

6 КЕЗЕҢ**Үйлестіру және қорытынды сараптама**

МЖӘ жобасы ерекше маңызы бар жобалар тізбесіне енгізілгеннен кейін ең ұзақ және техникалық жағынан күрделі кезең - халықаралық қаржы институттарының қатысуымен конкурстық құжаттаманы тікелей әзірлеу басталады. Бұл кезең халықаралық қаржы институттары мен конкурстық құжаттаманы әзірлеуге уәкілетті тұлға арасында келісім жасасуды көздейді.

МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасын әзірлеу процесінде Қазақстандық МЖӘ орталығы жоба бойынша кездесулерге, келіссөздерге, жұмыс іс-шараларына қатысады, Жобаның мақсаттары мен міндеттеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына, мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкестігі тұрғысынан конкурстық құжаттама құжаттарының алдын ала және қорытынды жобаларын талдайды. ХҚИ консультанттары конкурстық құжаттаманы әзірлеуді аяқтағаннан кейін Қазақстандық МЖӘ орталығы конкурстық құжаттамаға кешенді қорытынды дайындайды, ол конкурстық құжаттаманың жобаларын Жобаның мақсаттары мен міндеттеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан талдауды, құжаттамаға ұсынымдар мен ұсыныстарды, сондай-ақ конкурстық құжаттаманы бекіту жөніндегі ұсыныммен қарар бөлігін қамтиды. Бұл тәсіл жобаның экономикалық сараптамасын болдырмауға мүмкіндік береді және бұл оны жоспарлау рәсімдерінің мерзімін қысқартуды қамтамасыз етеді.

Бұдан әрі уәкілетті тұлға конкурстық құжаттаманы бекіту үшін құжаттар топтамасын қалыптастырады:

- ХҚИ қатысуымен әзірленген конкурстық құжаттама
- Қазақстандық МЖӘ орталығының қорытындысы



- Салалық сараптамалардың нәтижелері
- Алынған келісімдер.

Уәкілетті тұлға конкурстық құжаттаманы бекітеді және таңдалған рәсімдер бойынша жекеше әріптесті конкурстық іріктеуді жүргізуге кіріседі.

Бұл кезең аса маңызды болып табылады, өйткені дәл осы жерде халықаралық сараптама мен қаржыландыру Қазақстандық МЖӘ жүйесіне интеграцияланып, ерекше маңызы бар жобалардың барлық тетігінің жетістігін айқындайды.

ЖАО үшін МЖӘ жобаларын жоспарлаудың бұл тәсілі құжаттаманы әзірлеуге ХҚИ қаражатын тарта отырып, ірі жобаларды іске асыруға және инвесторлардың халықаралық нарығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.



3. МЖӘ ЖОБАСЫН ҚҰРЫЛЫМДАУ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ ДАЙЫНДАУ



КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (МАЗМҰНЫ)

Бұл кезеңде не болады:

- **Экономикалық талдау:** жобаның қаржылық-экономикалық моделін есептеу, шығындарды өтеу көздерін анықтау жекеше әріптестің кірістерін алу, мемлекеттік қолдау шаралары, мемлекеттік міндеттемелердің шектері;
- **Жобаны нақтылау:** техникалық параметрлерді және институционалдық схеманы, жоба құрылымын түпкілікті қалыптастыру;
- **Тиімділікті бағалау (VfM):** мемлекеттік-жекешелік әріптестік критерийлеріне сәйкестігін растау ⁷;
- **Тәуекелдерді талдау және тәуекелдер картасын қалыптастыру:** құқықтық, экологиялық және техникалық тәуекелдерді сәйкестендіру және сараптамалық бағалау жобаны құрылымдау үшін айтарлықтай маңызы бар;
- **Жекеше әріптестікті таңдау стратегиясын қалыптастыру:** жекеше әріптес таңдаудың критерийлері, конкурс рәсімі.

Осы кезеңнің қорытындысы бойынша конкурс ұйымдастырушысы, яғни мемлекеттік тарап іске асырылатын жоба туралы нақты түсінікке толық және барынша жақын болуы тиіс. Жобаның жекелеген ережелері конкурс өткізу барысында, конкурстық өтінімдерді қарау кезінде, конкурс жеңімпазымен келіссөздер жүргізу кезінде – оның ұсынысына орай өзгертіліп, түзетілетін болады.

Бірақ осы кезеңде конкурсты ұйымдастырушы (мемлекеттік Тарап) өзі қабылдай алатын және жоба бюджеттік, қаржылық-экономикалық және әлеуметтік-экономикалық тиімділікті сақтайтын міндеттемелердің шегін айқындауы тиіс.

Бұдан басқа, бағалау кезеңінде болашақ келісімшарттың базалық құрылымы айқындалады, шарттың жобасы қалыптастырылады.

Құрылымдау кезеңінің нәтижесі төрт бөлімнен тұратын конкурстық құжаттама пакетін қалыптастыру болып табылады:

1. МЖӘ жобасының ақпараттық парағы немесе ТЭН – жобаның толық сипаттамасын, техникалық және пайдалану сипаттамаларын, экономикалық және қаржылық негіздемені, тәуекелдер мен орындылықты талдауды, күтілетін нәтижелерді (әлеуметтік-экономикалық әсерлер және тиімділіктің негізгі көрсеткіштері) қамтиды.

2. Конкурстық шарттар – конкурстық өтінімдерге қойылатын талаптар, конкурстық өтінімдерді бағалау критерийлері, конкурс кестесі мен рәсімі, сондай-ақ конкурс шарттарының икемділік шектері.

3. МЖӘ шартының жобасы.

4. Жобаның паспорты - титул парағы, жоба туралы қысқаша жалпы мәліметтер.

⁷ Тиімділікті бағалау МЖӘ жобасын жоспарлау мен құрылымдаудың барлық кезеңдерінде жобаның тиімсіздігі немесе одан әрі бұзылуы тәуекелдерін болдырмау үшін жүзеге асырылуы тиіс («МЖӘ жобасын жоспарлау» бөлімін қараңыз)



МЖӘ ЖОБАСЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ПАРАҒЫН, ТЕХНИКАЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІН, БИЗНЕС-ЖОСПАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кез-келген жобаны дайындаудың негізгі аспектісі-жұмысты мұқият жоспарлау және ұйымдастыру.

МЖӘ жобасын бағалау, құрылымдау және іске асыру жөніндегі жұмыстың өзі басқаруды талап ететін жеке жоба болып табылады. Құжаттаманың сапасына қол жеткізу үшін уақытты дұрыс ұйымдастыру және сақтау өте маңызды.

Бұл жағдайда табыстылық қысқа мерзімді перспективада – барлық келісулер мен сараптамаларды уақтылы аяқтап, конкурс рәсімін белгіленген мерзімде нарықта жариялауға мүмкіндік беруді білдіреді, ал кең мағынада қойылған мақсаттарға, МЖӘ жобасының тікелей және түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін құжаттаманы қалыптастыруды білдіреді.

Құжаттаманы әзірлеу мерзімдері бір жағынан сапалы маркетингтік зерттеулер жүргізу, мүмкін техникалық және қаржылық шешімдерді талдау үшін жеткілікті болуы тиіс. Бірақ екінші жағынан, бірнеше жылға созылған құрылымдау процесінің өзі қабылданған шешімдердің өзектілігін жоғалту тәуекелдерін тудырады.

FAQ

МЖӘ жобасын әзірлеу, жоспарлау орташа есеппен қанша уақытқа созылады?



Біртекті жауап жоқ. Мұның бәрі жобаның ауқымына, күрделілігіне, іске асыру саласына, уәкілетті орган мамандары мен оның консультанттарының тәжірибесіне байланысты. мемлекеттік- жекешелік әріптестікті сертификаттау жөніндегі АРМГ нұсқаулығына сәйкес: «Әртүрлі елдер жобаны құрылымдауға және конкурстық құжаттаманы әзірлеуге жұмсайтын уақыт: техникалық күрделілік немесе тәуекелдер тұрғысынан айтарлықтай қиындықтары жоқ, егжей-тегжейлі ұсынымдар мен стандарттар негізінде іске асырылатын қарапайым жобалар бойынша шамамен 6 айдан басталып, неғұрлым күрделі жобалар бойынша 12–18 айға дейін созылуы мүмкін.. Осы уақыт аралығында жобаны бағалау кезеңінен кейін іске асырылуы мүмкіндігін сенімді тексерулерден өткен, сапалы әзірленген жоба мен шарттың алдын ала құрылымы жан-жақты дайындалған деген болжам жасалады.»

Тиімділікті қалай арттырып, құжаттаманы әзірлеу мерзімін қалай қысқартуға болады

Бірінші кезекте – сапалы команда қалыптастыру. Пайдаланыңыз:

1) ірі жобалар бойынша, әсіресе бірнеше саланы қамтитын немесе өзге салаларға қатысты тәуекелдерге ұшырайтын жобаларда ведомствоаралық жобалық топ қалыптастыру. Салалық органдардың, бөлімшелердің, ведомстволық бағынысты ұйымдардың кадрлық ресурстарын, тәжірибесін, зерттеу нәтижелерін және талдауын жұмылдыру;

2) МЖӘ саласында кәсіби кеңесшілерді тарту. 2026 жылдан бастап МЖӘ саласындағы консультациялық және сараптамалық қызметтерге аккредиттеу енгізілді. Аккредиттеу бірқатар талаптарды белгілеуді, оның ішінде МЖӘ жобаларында 5 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар кемінде үш маманның болуын, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдары әзірлеген және (немесе) мойындаған халықаралық сертификаттау бағдарламасы бойынша МЖӘ саласында маман сертификаты бар



кемінде екі маманның болуын көздейді. Бір адам бірден екі талапқа жауапты болуы мүмкін. Аккредиттелген компанияларды тарту міндеті тек мемлекеттік органдар үшін ғана белгіленетін болады.

Жеке бастама жағдайында-ақпараттық парақты немесе бизнес-жоспарды жеке бастамашы әзірлейді. Тиісінше, ол аккредитациясыз кеңесшілерді тартуға құқылы. Сонымен қатар, олардың МЖӘ саласында: экономикалық, техникалық, заңдық сипаттағы жеткілікті тәжірибесінің болуына назар аудару ұсынылады;

3) жобамен жұмыс істеуге өзге стейкхолдерлерді тарту. Мысалы, көптеген елдерде жобаны әзірлеуге әлеуетті кредиторлар болып табылатын қаржы ұйымдарын тарту тәжірибесі бар.

Тәуекелдерді басқару жүйесі ең консервативті, қатаң реттелетін және шығындарды барынша азайтуға бағытталған салалардың бірі – банк секторы болып табылатыны көпке мәлім. Сондықтан банктер мен кредиттік ұйымдар түсінікті және ашық құрылымы бар, ең төменгі тәуекелдері бар жобаларға инвестиция салуға мүдделі – бұл олардың жобаны құрылымдауға қатысуы арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін.

Қаржы ұйымдарынан басқа, МЖӘ жобасын жоспарлау үдерісіне жоспарланып отырған жобаға қызығушылық білдіру туралы сұрау жолдау, дөңгелек үстелдер, кездесулер, road-show, networking сияқты іс-шараларды ұйымдастыру арқылы өзге кәсіпкерлік субъектілері де тартыла алады..

Екіншіден, үлгілік құжаттарды пайдалану кезінде жоспарлау мерзімдерін қысқартуға болады.

Мысалы, Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік құрылыс жобалары банкінің технико-экономикалық негіздемелері, үлгілік жобалары және жобалық (жобалау-сметалық) құжаттамасы қолданылуы мүмкін.

Немесе бағдарламалық МЖӘ шеңберінде әзірленіп, бекітілген үлгілік конкурстық құжаттаманы қолдануы мүмкін. Алайда, мұндай жүйеде шектеулер бар: жобаның негізгі параметрлерінен ауытқу кезінде үлгілік құжаттар мен жеңілдетілген рәсімдерді қолдану мүмкін емес.

МЖӘ жобасын құрылымдау мемлекеттік инвестициялық ұсыныстың мақұлданған инвестициялық ұсынысын неғұрлым терең талдаудан тұрады және техникалық сипаттамалар мен шешімдерді егжей-тегжейлі пысықтауды, күрделі, операциялық шығындарды нақтылауды, тәуекелдерді бағалауды, инвестицияларды өтеу көздерін талдауды және жекеше әріптестің табысын алуды, оның ішінде нарықтық сұранысты, ұсынысты, бағаны болжауды қамтиды.

Маркетингтік талдаудың мақсаттары:

- Нарықтық сұранысты бағалау: МЖӘ шеңберінде құрылатын қызметке немесе инфрақұрылымдық объектіге шынайы сұраныстың бар-жоғын айқындау
- Мақсатты аудиторияны талдау: жобаның әлеуетті пайдаланушыларының (салық төлеушілер, қызмет тұтынушылары) сұраныстары мен қалауларын түсіну.
- Бәсекелестік ортаның анықтамасы: балама қызметтерді немесе өнімдерді ұсына алатын бар және әлеуетті бәсекелестерді зерделеу.
- Қаржылық өміршеңдікті бағалау: қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін жобаның кірістерін, шығыстарын және кірістілігін болжау.



• Баға саясатының анықтамасы: пайдаланушылар қабылдайтын және инвестициялардың қайтарылуын қамтамасыз ететін оңтайлы тарифтер мен бағаларды әзірлеу.

Мысал. ЖОО жатақханасының құрылысы мен пайдалануға беру жөніндегі құжаттаманы әзірлеу барысында, инвестициялық ұсыныс кезеңінде жатақханаға қажеттілік осы оқу орнында жатақханамен қамтамасыз етілмеген басқа қаладан келген студенттердің санына қарай айқындалды.



Ақпараттық парақты құрылымдау кезінде әзірлеуші бірнеше қалалар мен басқа да жоғары оқу орындарының студенттері арасында сауалнама жүргізді. Сауалнамаға қатысушыларға жатақханада тұруға дайын болу (қалау) деңгейі, жатақхана үшін төлемнің шекті мөлшері, жатақханадағы жайлылық талаптары, қосымша қызметтерге деген қажеттілік жөнінде сұрақтар ұсынылды. Сауалнама деректері бұрын анықталған қажеттіліктен айтарлықтай ерекшеленді.

Алайда уәкілетті орган консультантқа осындай сауалнаманы оқу орнының бейініне қарай студенттік контингенттің төлем қабілеті де өзгертетінін ескере отырып, тек жатақхана ЖОО студенттері арасында ғана жүргізуді ұсынды. Сонымен қатар, жалға берілетін тұрғын үй бағасын, оқу ғимараттарынан қашықтығын, инфрақұрылымның дамуын, жол трафигін ескере отырып, әр түрлі қалаларда жатақханаға деген сұраныста айырмашылық бар.

FAQ

Ақпараттық парақтың маркетинг бөлімінде статистикалық деректер қолданылуы мүмкін бе?



Мемлекеттік статистика деректері маркетингтік талдауды жүзеге асыру кезінде пайдаланылуы тиіс, бірақ МЖӘ жобасын құрылымдау үшін жеткіліксіз болып табылады. Маркетингтік зерттеулердің нәтижелерінің бірі-SWOT – талдау (Strengths (күшті жақтары), Weaknesses (әлсіз жақтары), Opportunities (мүмкіндіктер), Threats (қауіптер)) - МЖӘ жобасын іске асыру шеңберінде болжанатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің әлеуетті күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін анықтау және бағалау.

Негізделген деректер жобаның тәуекелдерін азайтуға және оның өміршеңдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Техникалық талдауға объектінің таңдалған техникалық-технологиялық шешімін нақтылауды ғана емес, сонымен қатар жер учаскесін, іргелес инфрақұрылымды егжей-тегжейлі зерделеу жатады. Мысалы, желілердің болуы мен қуаты, геологиялық, экологиялық тәуекелдер, учаскеде орналасқан объектілерді демонтаждау, демобилизациялау қажеттілігі.

МЖӘ объектісіне қойылатын техникалық талаптар тікелей және түпкілікті нәтижелерге сүйене отырып қалыптастырылады. Ол үшін жобаның әсерлері айқын әрі өлшемді болуы тиіс.

Техникалық талаптарды құрылымдаудың тәсілдерінің бірі жекеше әріптес өз қалауы бойынша материалдарды, жабдықтарды, құрылымдық шешімдерді және



т.б. таңдай алатын шарттарды айқындау болып табылады. Мемлекеттік әріптес объектінің қуатына, қызмет көрсету мерзімдеріне, көлеміне, сапасына қойылатын талаптарды, ең төменгі техникалық талаптарды айқындайды, сондай-ақ міндеттемелердің орындалуын бағалау өлшемшарттарын белгілейді.

Мұндай тәсілдің артықшылығы жекеше әріптес өз тәжірибесіне сүйене отырып, жоба үшін ең тиімді шешімдерді таңдай алуында, мысалы, операциялық шығындарды азайту үшін қымбат материалдарды қолдану немесе қызметтердің сапасын арттырып, табыстылықты өсіру үшін ноу-хауды пайдалану мүмкіндігі бар.

Кемшіліктері - активті сатып алушы тарап ретінде мемлекет үшін тәуекелдердің артуы, сондай-ақ жобаның экономикалық және бюджеттік тиімділігінің бұрмалану тәуекелдері. Мұндай шешім қабылдаған кезде мемлекет барлық тәуекелдерді есептеп, жобаның орындалуына мониторинг жүргізудің нақты жүйесін әзірлеуі қажет. Бұл тәсілді үшінші санаттағы жобаларда және/немесе сервистік келісімшарттарда қолдануға болады.

Мысал. Денсаулық сақтау министрлігі қызмет көрсету учаскесін бекітуді ескере отырып, емхананың құрылысы мен пайдаланылуын көздейтін жобаның қаржы-экономикалық моделінің есептеулерін жүргізді. Жүргізілген есептеулер негізінде уәкілетті орган жобаның өміршеңдігі мен бюджеттік тиімділігі қамтамасыз етілетін мемлекеттік міндеттемелердің шекті көлемін айқындады. Жекеше әріптестерге кем дегенде мемлекеттік әріптес жариялаған техникалық ерекшелікке (қуат, қызмет түрлері және жабдыққа қойылатын талаптар) сәйкес келетін жеке меншік құқығындағы емхана салу ұсынылады, ал мемлекет өз тарапынан учаскенің бекітілуіне, сондай-ақ бәсекелестік туралы міндеттемеге (осы учаскеде мемлекеттік емханалар салынбайды) кепілдік береді.



Бұл жобада өңірлік «тіркеуге» қарамастан, тұтыну тәуекелі жекеше әріптесте қалады, өйткені халықтың емхананы таңдау құқығы бар. Осылайша, жекеше әріптес қызметтердің сапасын жақсартуға мүдделі болып, қосымша инвестициялармен шектелмейді, ал мемлекет тұтынушыларды минималды параметрлерді орнатумен қорғап, бюджеттік жүктеме шегін белгіледі.

Құрылыс пен жабдыққа қойылатын талаптардың толық тізімін қоса бере отырып, егжей-тегжейлі техникалық модельді қалыптастыру диаметрлі қарама-қарсы тәсіл болып табылады. Мұндай жобаларда мемлекеттік әріптес бюджет шыңында-рының негізділігі бөлігінде барынша «қорғалған» болады. Алайда, мұндай жобалар бойынша объектілер стандартты мемлекеттік сатып алуларға жақын болады, өйткені жекеше әріптес оны жақсартуға мүдделі емес және қосымша инвестициялар салуға мүмкіндігі жоқ.

Мұндай жобалардың ықтимал проблемасы олардың ұзақ мерзімділігінен туындайтын тәуекелдер болып табылады.

Мысал. ҰАААЖ құрылысына шарт жасалған кезде жобада төлем қабылдайтын терминалдарды орнатуға арналған техникалық параметрлер қойылды. Жолды пайдалануға бергеннен кейін біраз уақыттан кейін автокөлікті бейнекамераларда автоматты түрде тіркеу және контактісиз төлем жасау тетігі пайда болды. Жаңа жүйеге көшу жобаға өзгерістер енгізуді талап етті.



Техникалық-технологиялық бөлімге мыналар кіреді:

- Технологиялық инновациялар
- Жобалық шешімдер, оның ішінде Қайта қолданылатын ЖСҚ, үлгілік жобалар
- МЖӘ объектісінің физикалық параметрлері мен техникалық сипаттамалары
- Болжамды өндірістік қуаты
- Жобалау, салу және пайдалануға беру мерзімдері
- Объектінің орналасқан жері
- Персоналға қажеттілік
- Тұрақты және ауыспалы шығындарды есептеу

МЖӘ объектісін салу мен пайдаланудың халыққа әсерін зерделеу және есепке алу маңызды болып табылады. Қоғамның мүдделерін жете бағаламау теріс әсер етуі мүмкін, жобаны жүзеге асыруға кедергі келтіруі мүмкін.

Осындай тәуекелдерді нивелирлеу үшін жобаны жоспарлаудың барлық кезеңдері бұқаралық ақпарат көздерінде барынша жариялануы тиіс, мемлекеттік органдар мен олар уәкілеттік берген өкілдер тұрғындарға тек қана шынайы, өзекті ақпаратты ұсынуы, диалогқа ашық болуы, халықтың дәлелдері мен ұсыныстарын зерделеуі тиіс.

Осы терең талдаудың нәтижелеріне байланысты жобаның экономикалық орындылығын растау немесе оны түзету үшін **шығындар мен пайданы қайта бағалау** (cost-benefit analysis) қажет болуы мүмкін.

*Халықтың мүдделерін дұрыс есепке алудың **мысалы**.*

Университет ауруханасын салу және пайдалану жоспарлануда. Университеттің меншік құқығында жеткілікті жер учаскесі бар. Участкеде сүрілетін апаттық құрылыс және университет пайдаланбайтын қосалқы станция бар. Жобаның техникалық-технологиялық бөлімінде бұл объектілерді демонтаждау көзделген.

Алайда, елдімекенді тексеру кезінде қосалқы станцияға бірнеше жеке тұрғын үй қосылғаны анықталды. Оларда басқа электр энергия көзі жоқ. Бұл қосылу құқықтық жағынан даулы болып табылады, ресми шарттар, рұқсаттар, келісімдер берілмеген. Ажыратуға және демонтаждауға заңды кедергілер жоқ.

Сонымен қатар, қала басшылығына әлеуметтік шиеленіс пен құрылыс жұмыстарына келтірілетін кедергі ықтималдығы тәуекелдерін болдырмау үшін жобаны іске асыру басталғанға дейін тұрғындар үшін қажетті инфрақұрылымды салу мәселесін шешу ұсынылды



МЖӘ ШАРТЫН ӘЗІРЛЕУ

МЖӘ шарты - МЖӘ объектісін салу және пайдалану жолымен бір немесе бірнеше әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу мақсатында жасалатын, мемлекеттік және жеке әріптестің, сондай-ақ шарттың өзге де тараптарының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейтін жазбаша келісім.

Маңызды сәттер!

Біріншіден, МЖӘ Шарты МЖӘ жобасының барлық шарттарын көрсетуі керек.



МЖӘ шартына қол қойылған және тіркелген сәттен бастап екі тарап үшін де заңдық маңызы бар құжат тек шарт болып табылады. Бұған дейін жарияланған барлық ережелер мен ниеттер, мысалы, конкурстық құжаттама шеңберінде, сондай-ақ бұған дейін қол жеткізілген барлық келісімдер, мысалы, келіссөздер, роуд-шоулар, ашық талқылаулар немесе конкурстық өтінімді нақтылау барысында жасалған келісімдер, егер олар шартта бекітілмеген және екі тарап қол қоймаған болса, заңды күші болмайды.

Екіншіден, МЖӘ шарты – ұзақ мерзімді, 5 жылдан 30 жылға дейінгі мерзімге жасалады. Сондықтан, МЖӘ шартын жасасуға дейін жүргізілген мұқият дайындыққа, құрылымдауға, қаржылық есептеулер мен модельдеуге қарамастан, шарт жаңа, өзгерген жағдайларда жобаның өміршеңдігін қамтамасыз ете алатындай жеткілікті икемді болуы тиіс. Біз барлық мүмкін жағдайларды көздей алмайтындықтан, шартта әмбебап сценарийлер, мән-жайлардың өзгеруіне ден қою алгоритмдері көзделуі тиіс: өзгерістер енгізу үшін негіздер және олардың шектері, ақпарат алмасу, келіссөздер жүргізу, сараптамалық пікірді тарту, жеделдікті қамтамасыз ететін іс-қимылдардың шекті мерзімдері және т. б.

Алдын ала кезең

Шарт мәтінін әзірлеуге дейін жобаны құрылымдау және ақпараттық паракты әзірлеу, қаржы-экономикалық және әлеуметтік-экономикалық модель құру, тәуекелдер картасын дайындау және басқа да жұмыстар жүргізіледі. Осы жұмыстың негізінде конкурсты ұйымдастырушы түпкілікті институционалдық схема, техникалық-технологиялық шешімдер, шығындарды өтеудің және жеке әріптестің табысын алудың ықтимал көздері, мемлекеттік қолдау шаралары туралы шешім қабылдайды.

1. Жобаның мақсаттары мен міндеттерін анықтау: қандай нысан құрылатынын, қандай қызметтер көрсетілетінін және қандай қоғамдық міндеттер шешілетінін нақты анықтау керек.

2. Қаржылық модельді, өтелу мерзімін, қажетті инвестицияларды және ықтимал кірістерді бағалау керек.

3. МЖӘ нысанын таңдау: бұл таза келісімшарттық МЖӘ (мысалы, концессия немесе сервистік келісімшарт) немесе институционалдық МЖӘ (бірлескен компания құру) болатынын анықтау керек.

4. Заңнамалық базаны талдау: жобаның МЖӘ туралы заңнамаға сәйкес келетініне көз жеткізу керек: объект МЖӘ шеңберінде берілуі мүмкін, жеке инвестор МЖӘ объектісін құруды ғана емес, одан әрі пайдалануды да жүзеге асыруға құқылы.

5. Тәуекелдерді бағалау және бөлу: бұл өте маңызды кезең. Барлық тәуекелдерді (құрылыс, операциялық, қаржылық, құқықтық, саяси және т.б.) анықтау және олардың әрқайсысы үшін қай тарап жауапты екенін анықтау қажет.

МЖӘ шартының негізгі бөлімдерін құрылымдау және қалыптастыру

МЖӘ Шарты 8 маңызды шартты, 16 міндетті шартты және өзге де шарттарды қамтиды.

Маңызды талаптар келісілмей жасалған шарт жасалмаған деп есептелетін ережелер, бұл тараптарды бастапқы жағдайға қайтаруға әкеп соғады (бұл ретте Тараптардың шығындары сөзсіз). Бұл шарттар келісімнің мәнін анықтайды және құжат



мәтініне енгізу үшін міндетті болып табылады.

1) жобаның мақсаттары, міндеттері, тікелей және түпкілікті нәтижелері. Бұл параметрлердің әрқайсысы нақты, айқын тұжырымдалған, өлшемді болуы керек. Күтілетін нәтижеге нақты көзқарас тек соңғы тиімділікті ғана емес, сонымен қатар жобаны іске асыруды дұрыс басқару және оның тиімділігін ағымдағы бағалау үшін де қажет;

2) жобаны іске асыру кезеңі ішінде МЖӘ объектісі және МЖӘ объектісіне мүлік-тік құқықтар-ол мемлекеттік меншікке беріле ме және беру кезеңінде тараптардың қайсысы объектіні ұстау ауыртпалығын және кездейсоқ жойылу тәуекелдерін және өзге де мәселелерді көтереді;

3) МЖӘ жобасының инвестициялық және операциялық кезеңдерінің мазмұны мен мерзімдері;

4) МЖӘ жобасын қаржыландыру мөлшері, мерзімдері мен шарттары, сондай-ақ инвестициялардың мөлшері, мерзімдері мен шарттары;

5) шығындарды өтеу және кіріс алу көздері, мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну түрлері, көлемі, мерзімдері мен шарттары;

6) МЖӘ жобасын іске асыру мерзімі;

7) МЖӘ шартының тараптары арасында тәуекелдерді бөлу;

8) ҚР Ұлттық экономика министрлігі бекіткен әдістемелік ұсынымдарға сәйкес есептелген жобаның әлеуметтік-экономикалық және қаржылық-экономикалық модельдері.

Маңызды талаптар - бұл шарттың негізі. Олардың болмауы немесе бұлыңғырлығы мәмілені барлық заңды және қаржылық салдарлармен жасалмаған деп тану тәуекелін тудырады.

МЖӘ туралы заңда көрсетілген міндетті шарттар шарттың жұмысы, жобаны іске асыру үшін қажетті болып табылады, бірақ олардың болмауы шартты жасалмаған деп тануға әкеп соқпайды. Соған қарамастан, тараптар осы шарттар бойынша бір-бірінен келісімге қол жеткізуді талап етуге құқылы және мұны істеуге міндетті.

Шарттың объектісі мен нысанасы

МЖӘ шартының мәні, әдетте, екі негізгі компонентті қамтиды:

1. МЖӘ объектісі-құрылуы (нөлден тұрғызылуы), реконструкциялануы, жаңғыртылуы немесе күрделі жөндеу жүргізілуі қажет инфрақұрылым объектілері (мысалы, жаңа автомобиль жолы, аурухана, мектеп, сумен жабдықтау жүйесі) және халыққа қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіру үшін пайдалануды жүзеге асыру.

МЖӘ объектісін сипаттау кезінде келесі талаптарға назар аудару керек

1) құрылысқа арналған жер учаскесі, сондай-ақ қажетті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым (әдетте-мемлекеттік әріптестің жауапкершілік саласы);

2) МЖӘ жобасын іске асыру үшін қажетті өзге де мүлік. Бұл, әсіресе, пайдалы ресурсы МЖӘ шартының мерзімінен аз жабдықтау, жарақтандыруға, бағдарламалық қамтамасыз етуге қатысты. Мұндай жабдықтау қойылатын талаптарды, меншік құқығының пайда болуы мен тоқтатылуын, ауыстыру тәртібін реттеу қажет.

2. Тараптардың іс-әрекеттері мен міндеттемелері (жұмыстар мен қызметтер): объектіге қатысты жекеше әріптес орындауға міндеттенетін нақты іс-қимылдардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік әріптестің міндеттемелері.



• Жекеше әріптестің міндеттемелері мәміле құрылымынан туындайды және МЖӘ объектісін пайдалана отырып қаржыландыру, жобалау, құрылыс, пайдалану, техникалық қызмет көрсету, белгілі бір қызметтер көрсетуді қамтуы мүмкін.

• Мемлекеттік әріптестің міндеттемелері: жобалау құжаттамасын, жер учаскесін ұсыну, құқықтық режимді қамтамасыз ету, өтемақылар, сыйақылар, мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну (егер көзделсе), нәтижелерге мониторинг пен қабылдауды жүзеге асыру.

Көптеген басқа азаматтық-құқықтық шарттардан айырмашылығы, мұнда зат көбінесе тауарды беруге немесе белгілі бір жұмысты орындауға дейін азаяды, МЖӘ шартының мәні **кешенді болып** табылады. Ол бірнеше қызмет түрлерін (инвестициялық, құрылыс, операциялық) біріктіреді және әлеуметтік маңызды мақсаттарға жетуге бағытталған.

Затты және барлық ілеспе әрекеттерді нақты анықтамайынша, МЖӘ шарты жасалған деп есептелмейді.

Қаржылық шарттар мен есептеу тетіктері

• **Қаржыландыру көздері:** жекеше әріптестің меншікті және қарыз қаражаты, ортақ қаржыландыру.

• **Төлем тетігі:** кім төлейтіні анықталады - түпкілікті пайдаланушы (тарифтер) немесе мемлекеттік әріптес (қолжетімділік үшін ақы).

• **Қаржылық модель:** тарифтерді/төлемдерді есептеу тәртібі, индекстеу, инвестициялардың қайтарымдылығына кепілдік.

Тәуекелдер мен жауапкершілікті бөлу

Бұл бөлім тараптардың алдын-ала анықталған тәуекелдерді қалай басқаратынын егжей-тегжейлі көрсетеді. Тәуекелдерді нақты бөлу болашақта дау-дамайды болдырмауға көмектеседі.

Сонымен қатар, тәуекелдер картасын және/немесе тәуекелдер матрицасын шартқа енгізу тәуекелдерді басқару шарасы болып табылмайды. Мысалы, уақытылы қаржылық жабу тәуекелін жекеше әріптес көтеретінін көрсету жеткіліксіз.

Шартта осы тәуекелді басқару құралдары көрсетілуі тиіс: жекеше әріптестің белгіленген мерзімде кредиттік шарттар жасасу, кредиттер алу, меншікті капиталды енгізу, сақтандыру шарттарын жасасу, қаржылық жабу жөніндегі міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету міндеті. Шарттың күрделілігі мен ауқымына байланысты онда кезең-кезеңімен қаржыландыру, сондай-ақ жекеше әріптестің немесе оның құрылтайшыларының резервтерді, қорларды және өзге де тетіктерді қалыптастыруы көзделуі мүмкін.

Міндеттерден басқа, осы тәуекелді басқару жүйесі жеке әріптестің орындалу кестесі мен есеп беру тәртібін, мемлекеттік әріптес тарапынан мониторингті, тиісінше орындамағаны үшін санкцияларды, одан түсетін пайданы бөлуді қоса алғанда, қайта қаржыландыру жөніндегі іс-шараларды, қаржыландыру шарттарын өзгерту мүмкіндігі мен шектерін, шешімдер қабылдау тәртібін қамтитын болады.

Тараптар жобаны басқару құралы болып табылатын кредиторлармен тікелей келісім жасасуды көздеуі мүмкін.



Шартта көрсетілген барлық шарттардың жиынтығы осы тәуекелді басқаруды білдіреді.

Жобаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері

МЖӘ шартының кестесіне мыналар кіреді

- 1) жобалау, салу, пайдалануға беру және операциялық қызмет кезеңдері;
- 2) бақылау нүктелері - белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге болатын күндер.

Шарттың жалпы мерзімі 30 жылдан аспауы тиіс.

Сонымен қатар, осы мерзімде және орындау кестесіне мыналар енгізілуі тиіс екенін ескеру керек:

- алдын ала талаптарды орындау кезеңдері (жоба бойынша құжаттамамен алмасу, өкілеттіктер мен құзыреттерді растау, арнайы құрылған компанияны тіркеу, қамтамасыз етуді ұсыну, орындалуына шарттың негізгі бөлігін орындауға көшу байланысты өзге де талаптар);

- МЖӘ объектісіне меншік және/немесе иелік ету, пайдалану, билік ету құқықтарын беру кезеңі (көбінесе Тараптар бұл рәсімдерге жеткілікті уақыт бөлмейді, бұл реттелмеген мәселелердің туындауын тудырады, мысалы, осындай кезеңдерде объектіні ұстау ауыртпалығына байланысты);

- жобадан шығу кезеңі (төменде қараңыз).

МЖӘ шартының мерзімі тараптардың бірінің талабы бойынша сот немесе төрелік шешімі негізінде ұзартылуы мүмкін, мынадай жағдайларда:

- 1) еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауы нәтижесінде МЖӘ жобасын кідірту немесе тоқтата тұру;

- 2) мемлекеттік әріптестің және (немесе) мемлекеттік органдардың әрекеттері немесе әрекетсіздігі нәтижесінде МЖӘ жобасын тоқтата тұру;

- 3) мемлекеттік әріптес шартта көзделмеген талаптарды қою нәтижесінде МЖӘ жобасын іске асыруға байланысты шығыстардың ұлғаюы.

Бұл ретте, мерзім МЖӘ шартының өзге шарттар сияқты талабы болып табылады және заңнамада белгіленген тәртіппен шартқа қосымша келісім жасасу арқылы тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

Қызметтердің тиімділігі мен сапасына қойылатын талаптар

Нысан мен көрсетілетін қызметтер сәйкес келуі тиіс нақты және өлшенетін көрсеткіштер (KPI). Бұл сапа стандарттары, қол жетімділік деңгейі, апатқа жауап беру уақыты және т. б. болуы мүмкін.

Стандарттар ақауларды жоюдың уақытша шараларының рұқсат етілуін қамтуы мүмкін, бірақ олар уақытша шараларды тиісті шараларға ауыстыру тәртібін қамтуы керек.

Мысалы, МЖӘ объектісі - мектеп оқушыларын тасымалдайтын автобус паркі. Автобустың бұзылуына байланысты жекеше әріптес қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында шарт талаптарына (мысалы, түсі, үлгісі, отырғызу орындарының саны бойынша) сәйкес келмейтін, бірақ қызмет көрсетудің негізгі талаптарына балалар санына, қауіпсіздікке, уақыт пен санитарлық талаптарға сай келетін жалға алынған автобусты пайдалануы мүмкін.



Шартта мұндай уақытша ауыстыруды (ақауды жоюға немесе жаңа автобус сатып алуға қажетті мерзім) 7 күнге дейінгі уақыт ішінде рұқсат етеді. Егер көрсетілген мерзімде жекеше әріптес жалға алынған машинаны шарт талаптарына сәйкес келетін автобусқа ауыстыруды қамтамасыз еткен жағдайда, мемлекеттік әріптес қызметтерді көрсетуді тиісінше, KPI қолжеткізілді деп санайды.

Дауларды шешу туралы ережелер

МЖӘ шарттарында дауларды шешу рәсімдерін айқындау қажет. Бұл ретте, МЖӘ-нің барлық жобалары әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге бағытталғанын, оларды іске асыруды тоқтата тұру немесе тоқтату қоғамдық резонанс тудыруы мүмкін екенін назарға ала отырып, әріптестер жобаны жалғастыру, тұтынушылардың мүдделеріне нұқсан келтірместен мәселелерді реттеу үшін оларға байланысты барлық шараларды қабылдауы тиіс.

МЖӘ туралы заңда шарттарда дауларды сотқа дейін реттеу тетіктері болуға тиіс екендігі нақты көрсетілген.

Дауларды сотқа дейінгі реттеу **талап қою тәртібін** (ресми талап қоюдың бағыты, дәлелдеу, дауласу, қанағаттандыру тәртібі), **келіссөздерді** (шақыру рәсімі, регламент, шешімдер қабылдау тәртібі), сондай-ақ **тәуелсіз техникалық сарапшыны** тарту (тарту, ақы төлеу тәртібі, тараптардың өзі қабылдаған шешімді тану) немесе **медиация** (бейтарап делдалдың шешімі) сияқты **баламалы әдістерді** қамтиды). Бұл тетіктер жанжалды сотқа жүгінгенге дейін шешуге, тараптардың уақыты мен шығындарын қысқартуға, иссалы шешім табуға мүмкіндік береді.

Дауды шешудің соңғы мүмкіндігі-сот немесе төрелік. МЖӘ шарттарында жекеше әріптес немесе оның құрылтайшысы (қатысушысы) ретінде резидент еместер қатысатын жағдайда, тараптар АХҚО төрелігіне немесе халықаралық төреліктергі жүгінуді де қарастыруға болады.

Жалпы юрисдикция соттары дауды ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінде көзделген тәртіппен қарауды жүзеге асырады. Төреліктер істерді өз регламенттеріне сәйкес қарайды. Процестер бәсекелестік және тараптардың тең құқықтары қағидаттарына негізделген.

Соттардың да, төреліктердің де шешімдері бірдей міндетті заңды күшке ие, атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындауға жатады. Соттар мен төрешілер өз шешімдерінде тәуелсіз.

Азаматтық соттардың төрелік соттан сапасы жаңынан айырмашылығы соттар кез келген азаматтық істерді қарауға міндетті кәсіби, жоғары білікті заңгерлер болса, ал төрешілер, әдетте, белгілі бір салада еңбек өтіліне негізделген мамандануы бар және нақты бағыттағы дауларды қарастыруында болуы мүмкін:

Тараптар шартта олар үшін ең қолайлы қарау түрін айқындауға тиіс.

Төрелік ескертпе салалық мемлекеттік органның келісімі болған кезде шартқа енгізілуі мүмкін.

Тараптар алдыңғы итерацияда нәтижеге қол жеткізілмеген жағдайда кезең-кезеңімен қолданылуы керек келіспеушіліктерді шешудің бірнеше әдісін таңдай алады: мысалы, хат алмасу немесе шағым жіберу, келіссөздер, сот немесе төрелік.

Сондай-ақ, шартта сотқа дейінгі кезеңде тек тәуелсіз техникалық кеңесші/сарапшы шешетін мәселелер шеңбері айқындалуы мүмкін, ал қалған мәселелер



шағымдар мен келіссөздерді қолдану арқылы реттелетін болады. Ерекшеліктеріне байланысты бірнеше кеңесшілер таңдалуы мүмкін: техникалық, фискалдық және т.б.

Дауды шешудің таңдалған әдісі тараптардың шығындарының азды-көпті өсуіне әкелетінін және сайып келгенде жобаның қымбаттауына әкелуі мүмкін екенін ескеру керек. Алайда, жобаның бұзылуымен байланысты беделді және қаржылық тәуекелдер мұндай шығындардан едәуір асып түсуі мүмкін. Тараптар ұқсас жобаларды іске асыру тәжірибесінің болуына (тәжірибе неғұрлым жоғары болса, дау-жанжалдардың туындау және оларды келіссөздер арқылы шеше алмау тәуекелі соғұрлым төмен), шартта көзделген мониторинг жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесінің сапасына (дау-жанжалдар тәуекелін азайту сапалы басқаруға, жобадағы тәуекелдерге уақтылы әрекет етуге және қамтамасыз ету шараларының болуына байланысты), жобаның құнына және өзге де елеулі шарттарға сүйенуі тиіс.

Шартты өзгерту және бұзу жағдайлары

Заңда өзгертуге болмайтын жағдайлар, сондай-ақ басқа шарттарды өзгерту тәртібі-келісу, сараптама жасау, қосымша келісім жасасу қажеттілігі айқындалған.

Осыған қарамастан, тараптар МЖӘ шартында өзгерістер енгізу рәсімін, қаржы жағдайларын түзетуді есептеу шектері мен әдістемесін айқындай алады.

Барлық қосымша келісімдер қазынашылық органдарында тіркелуі керек, бұл олардың күшіне енуінің шарты болып табылады.

Жобадан шығу

МЖӘ шартындағы жобадан шығу кезеңін реттеу (кейде «off-boarding», «termination period» немесе «transfer provisions» деп аталады) — бұл инфрақұрылым объектісінің мемлекеттік әріптестікке немесе жаңа операторға шарттың қолданылу мерзімінің соңында немесе ол мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда бірқалыпты өтуін қамтамасыз ететін маңызды бөлім.

Бұл процесс қызметтерді тоқтату тәуекелдерін азайту, объектіні тиісті жағдайда ұстау және екі жақтың да мүдделерін қорғау үшін егжей-тегжейлі реттелуі керек.

Шартта шығу кезеңі басталған кезде нақты жазылуы керек. Ол әдетте басталады:

- **Шарттың мерзімі аяқталған кезде:** шығу рәсімдері жоспарланған аяқталу күніне дейін белгілі бір мерзімде (мысалы, 12, 18 немесе 24 ай) автоматты түрде басталады .

- **Мерзімінен бұрын тоқтату кезінде:** рәсімдер тоқтату туралы хабарлама күшіне енгеннен кейін бірден басталады.

Реттеудің негізгі тетігі – жекеше әріптестің нысанды тапсырудың егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеу және оны мемлекеттік әріптеспен келісу жөніндегі міндеттемесі болып табылады, бұл жоспар объектіні түгендеу тәртібін, бірлескен комиссиямен тексеру жүргізуді, ақау актісін жасауды және анықталған ақауларды жою тәртібін қамтуы тиіс. Тараптар мемлекетке берілетін барлық жылжымалы және жылжымайтын мүліктің тізімін жасауға, қабылдау-тапсыру актілерін дайындауы тиіс.

Шарт беру кезінде объект сәйкес келуі керек нақты стандарттарды белгілеуі керек:

- KPI шығу кезінде: беру кезінде объектінің жұмыс қабілеттілігі мен техникалық



жағдайының нақты көрсеткіштері анықталады.

- **Күрделі жөндеу бағдарламасы:** Жеке әріптес шарттың соңғы жылдарында барлық қажетті күрделі жөндеулер мен жабдықтарды жаңартудың дәлелдерін ұсынуға міндетті, сондықтан объект берілгеннен кейін бірден үлкен инвестицияларды қажет етпейді.

- **Сәйкес келмегені үшін санкциялар:** Егер объект белгіленген стандарттарға сәйкес келмесе, мемлекеттік әріптес төлемдердің бір бөлігін ұстап қалуға немесе жекеше әріптеспен өз есебінен қажетті жұмыстарды жүргізуді талап етуге құқылы.

Мүліктік құқықтарға не жататынын ұмытпау керек:

- қолданыстағы қосалқы мердігерлік және коммуналдық шарттар бойынша құқықтар мен міндеттерді беру (мысалы, ресурстарды ұсынушылармен, клинингтік компанияларымен жасалған шарттар);

- техникалық, қаржылық, құқықтық құжаттаманы, клиенттердің/пайдаланушылардың дерекқорларын, бағдарламалық қамтамасыз етуді және лицензияларды беру;

- мемлекеттік әріптестің немесе жаңа оператордың атына қажетті лицензиялар мен рұқсаттарды қайта ресімдеуді қамтамасыз ету.

Жобадан шығу рәсімдеріне тараптардың негізгі қызметкерлерді жаңа операторға немесе мемлекеттік әріптеске (қолданылатын жағдайда) беру жөніндегі міндеттемелері, сондай-ақ берілетін жабдықпен жұмыс істеуге рұқсат алу үшін талап етілетін ісін жалғастырушы мамандарды оқыту және сертификаттау бойынша шаралар енгізілуі тиіс.

Шығу кезеңінде барлық **қаржылық мәселелерді** реттеу қажет:

қорытынды есеп айырысу: есеп айырысуларды, барлық қарыздар мен қарыз сомаларын төлеуді соңғы салыстыру рәсімі;

мерзімінен бұрын бұзылған кездегі өтемақылар: белгілі бір тараптың кінәсінен шартты мерзімінен бұрын бұзған кезде өтемақыны (мысалы, өтелмеген капиталды қайтару, тиімділік сыйлықақылары, айыппұлдар) есептеу формуласын нақты белгілеу қажет.

Жобадан шығу кезеңін дұрыс реттеу халыққа қызмет көрсетудің үздіксіздігін қамтамасыз етеді және екі тараптың да инвестицияларын қорғайды.

МЖӘ шартының жобасын әзірлеу кезіндегі ұсынымдар

- **Екіұштылықтан аулақ болу керек:** тұжырымдар, әртүрлі түсіндіруге жол бермейтіндей, барынша нақты және дәл болуы тиіс.

- **Үлгілік нысандарды (негіз ретінде):** бағдарламалық МЖӘ шеңберінде бекітілген үлгілік шарттарды, үлгілік шарттарды және халықаралық практиканың ұсынымдарын (Юнситрал, FIDIC, т.б.), Қазақстандық МЖӘ орталығының шарт конструкторын, өзге де үлгілік жобаларды пайдалануға болады. Оларды белгілі бір жобаға бейімдеу арқылы бастапқы нүкте ретінде пайдалануға болады.

- **Білікті сарапшыларды тарту:** МЖӘ шартын әзірлеу Заңтану, қаржы, техника және МЖӘ жобаларын басқаруда терең білімді қажет етеді. Кеңесшілерді тарту міндетті.

- **Кредиторлардың мүдделерін ескеру керек:** жекеше әріптес әдетте қарыз қаражатын тартады. Шартта олардың мүдделерін қорғайтын және проблемалар туындаған жағдайда инвестициялардың қайтарылуына кепілдік беретін ережелер болуы



керек, бұл жобаның банкбилитін арттырады.

МЖӘ шартын әзірлеу - бұл мемлекеттік мүдделерді қорғау мен жеке инвестор үшін коммерциялық тартымдылықты қамтамасыз ету арасындағы тепе-теңдікті талап ететін күрделі процесс. Сапалы пысықталған шарт ұзақ мерзімді және өзара тиімді әріптестіктің кепілі болып табылады.

Сараптама және конкурстық құжаттаманы келісу

Конкурстық құжаттаманың жобаларын әзірлеу аяқталғаннан кейін заңнамада көзделген міндетті сараптамалар мен келісулерден өтеді.

Нарық тарапынан да, мемлекеттік органдар тарапынан да ең жиі айтылатын күтулердің бірі – конкурстық құжаттама жобаларын келісу рәсімдерін қысқарту.

Алайда, осы жобаға бастамашы болған конкурсты ұйымдастырушыға белгілі бір салада ғана өкілеттік берілгенін және ол заңнамаға байланысты өз құзыретінен шыға алмайтынын түсіну керек.

Бұл ретте МЖӘ туралы Заңға сәйкес мемлекеттік әріптес жекелеген мемлекеттік орган емес, **Қазақстан Республикасы** болып табылады.

Аталған ереже жобаның мазмұнына толық сәйкес келеді, өйткені оны іске асыру үшін мемлекеттік әріптес өзіне тиісті келесілер бойынша міндеттемелерді қабылдайды.

міндеттемелер	жер учаскесінің	жер қатынастары	құзыреттілік саласы
	жобалық құжаттама	сәулет және қала құрылысы	
	зияткерлік меншік объектілері	әділет + салалық реттеу	
	коммуникациялар жүргізу	ТКУШ	
	объектіні уақытша пайдалануға беру және меншікке қабылдау	мемлекеттік мүлік	
	тікелей қабылдайды бюджеттік міндеттемелер	бюджеттің атқарылуы	
	Мемлекеттік кепілдік пен кепілдік береді	бюджетті жоспарлау және орындау	
	тұтыну кепілдіктері	салалық реттеу, бюджеттің атқарылуы	
	мемлекеттік қолдаудың өзге де шараларын көрсетеді	табиғи монополияларды, ұлттық және қоғамдық қауіпсіздікті реттеу және т. б.	


Келтірілген міндеттемелер тізбесі толық емес, алайда тіпті осының өзі құзыретінің шектеулігін ескере отырып, жекелеген мемлекеттік органмен жеке дара қабылдана алмайды.

Бұл білім басқармасының басшысы МЖӘ шартына қол қойған кезде мемлекеттік әріптес те, жеке тұлға да оның уақтылы және толық көлемде орындалатынына сенімді болуға тиіс дегенді білдіреді. Демек, жоба барлық мүдделі мемлекеттік органдар тұрғысынан талдануы керек, оның шешімдері оның орындалуына байланысты.

МЖӘ қағидаларына сәйкес конкурстық құжаттама жобасы салалық сараптамадан, бюджетті атқару органдарында (мемлекеттік міндеттемелер және мемлекеттік меншік құқықтары мәселелері бойынша), егер жобада тарифтік реттеу көз-



делген болса, табиғи монополияларды реттеу саласындағы органда келісуден өтеді. Сондай-ақ ҚР ҰЭМ/экономика басқармасында келісу, оның шеңберінде тартылған сарапшылардың экономикалық сараптамасы жүзеге асырылады.



FAQ

Құжаттама жобасын бір уақытта бірнеше мемлекеттік органдарға келісуге және сараптамаға жіберуге бола ма?

Тікелей тыйым жоқ. ҰЭМ / экономика және экономикалық сараптама басқармасының келісімін қоспағанда, өйткені конкурстық құжаттама жобасына бұрын берілген барлық қорытындылар мен келісімдер қоса берілуі тиіс. Алайда, келісудің алдыңғы кезеңінде құжаттарды бір мезгілде қарауға жіберу орынды емес, өйткені аталған органдар ескертулер берулері мүмкін, оларды жою кезінде барлық органдармен қайта келісу қажет болады. Мүмкін, бұл рәсімдердің мерзімін ұзартуға ғана әкелуі мүмкін.

Қорытындылай келе, мемлекеттік органдардың оң келісімі мен сараптамалық қорытындылары жоба бойынша қабылданған барлық шешімдердің объективтілігі мен заңдылығын ғана емес, сонымен қатар іске асырудың бастапқы және кейінгі кезеңдерінде МЖӘ жобасын саяси қолдаудың өзіндік нысаны болып табылатынын атап өткен жөн.

Салалық сараптаманың негізгі міндеті - МЖӘ жобасын саланың ағымдағы проблемалары тұрғысынан оның өзектілігі, іске асырылуы және тиімділігі тұрғысынан бағалау. МЖӘ жобасы осы проблемалардың барабар шешімі болып табылатынын және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің стратегиялық құжаттарына сәйкес келетінін растау.

Салалық сараптама шеңберінде:



- Қажеттіліктің негіздемесі: нарықтың (саланың, аймақтың) ұсынылатын тауарларға, жұмыстарға немесе қызметтерге сұранысын растау, сондай-ақ жобаның нақты түпкілікті нәтижесінің болуы.

- Іске асырудың орындылығы: МЖӘ жобасының техникалық күрделілігі мен бірегейлігін талдауды қоса алғанда, ұсынылған схема бойынша іске асырылуы мен тиімділігін бағалау.

- Жекеше әріптес пен түпкілікті тұтынушылардың мүдделерінің теңдігін ескере отырып, жобаны іске асырудың баламалы тәсілдерін қарастыру.

- Сценарийлік модельдеу: МЖӘ жобасын іске асыру жағдайында да, ол болмаған жағдайда да саладағы өзгерістерді болжау.

- Экономикалық тиімділік пен пайданы талдау: пайданы бөлуді, мультипликативті әсерді, халық үшін құндылықты бағалау, сондай-ақ қаржыландыру көздерін, мемлекеттік қолдау мен баға шешімдерін талдау.

- Техникалық аспектілері: технологиялық және техникалық шешімдерді, сондай-ақ объектінің жоспарланған физикалық параметрлері мен сипаттамаларын сараптау.

- Құрылысқа байланысты жобалар үшін МЖӘ объектісі компоненттерінің оңтайлылығын, жеткіліктілігін және құнын бағалау жүргізіледі.

Жоғарыда айтылғандардан бөлек, **салалық сараптаманың маңыздылығы** мынада: кейінгі барлық келісу рәсімдері мен экономикалық сараптама жобаның барлық техникалық параметрлері, орындылығы және негізгі қаржы-экономикалық бастапқы деректері негізгі мүдделі тараптардың күтуіне сай келеді, негізделген және мақсатқа сай деп есептеу ұйғарымына негізделіп жүргізіледі, бұл ретте жобаның салалық тұрғыдан іске асырылу мүмкіндігі мен өміршеңдігі алғышарт ретінде қабылданады.

Экономикалық сараптама

Сараптама шеңберінде мынадай аспектілер бойынша бағалау жүргізіледі:

- **Құқықтық сәйкестік:** конкурстық құжаттаманың Қазақстан Республикасының МЖӘ саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкестігін тексеру.

- **Экономикалық негіздеме:** техникалық-экономикалық негіздемені (ТЭН) немесе МЖӘ жобасының ақпараттық парағын талдау. Бұл бағалауды қамтиды:

- 1) мемлекеттік қолдаудың жоспарланған шаралары.

- 2) жекеше әріптестің шығындарды өтеу және кіріс алу көздері.

- 3) ҚР Бюджет кодексінің талаптарына сәйкес белгіленген лимиттер шегінде мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мүмкіндіктері.

- **Конкурс шарттары мен шарты:** конкурстық құжаттаманың талаптарын және МЖӘ шартының жобасын сараптау.

Сараптама нәтижелері бойынша конкурсты ұйымдастырушыға конкурстық құжаттаманы дайындау сапасын арттыру, МЖӘ жобасын басқаруды жақсарту, ілеспе тәуекелдерді басқару мақсатында ұсынымдар берілуі мүмкін.

ҰЭМ немесе Экономика басқармасы экономикалық сараптама нәтижелерін ескере отырып, тиісінше конкурстық құжаттама жобасын келісу немесе келісуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.



Конкурстық шарттарды қалыптастыру

МЖӘ жобаларының ерекшелігі тәуекелдерді бөлу болып табылады, бұл объектіні құруды және оны пайдалануды, сондай-ақ олардың ұзақ мерзімділігін қамтитын шарттар мазмұнының кешенді сипатын анықтайды.

Сондықтан жеке әріптесті анықтау рәсімін ұйымдастыруға ерекше назар аударылады.

Үміткерлерге қойылатын конкурстық талаптар екі топқа бөлінеді: біліктілік іріктеу шеңберінде және конкурстық өтінімдерді бағалау кезінде қойылатын талаптар.

Біліктілік талаптары.

Біліктілік іріктеудің негізгі міндеті - МЖӘ шартын жасасу үшін құзыреттердің ең төменгі қажетті деңгейін анықтау. Нақты критерийлер жеке әріптестің шарт шеңберінде қызметті жүзеге асыру үшін құқықтық негіздердің немесе қажетті ресурстардың болмауына байланысты жобаның сәтсіздік қаупін азайтуға көмектеседі.

Экономикалық дамыған елдердің тәжірибесінде МЖӘ жобасының объектісіне ұқсас жобаларды басқарудың немесе іске асырудың жеткілікті тәжірибесінің болуы сияқты біліктілік критерийі де қолданылады.

Салыстырмалы түрде белсенді емес, қанықпаған инвестициялық нарығы бар, сондай - ақ жекелеген салалардағы жобалар ұқсастықтарының жеткілікті үлкен үлгісі жоқ Қазақстанда тәжірибе критерийін бағалау ретінде-үздік конкурстық өтінімді анықтау үшін пайдалану ұсынылады.

Техникалық жағынан күрделі денсаулық сақтау объектілерінің құрылысы да ерекше болып табылады. Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексіне, Денсаулық сақтау объектілерін құруды және пайдалануды көздейтін ерекше маңызы бар жобалар бойынша қосымша (арнайы) біліктілік талабы техникалық жағынан күрделі денсаулық сақтау объектілерін салу немесе пайдалану жөніндегі тәжірибенің болуы болып табылады.

Бәсекелестікті қорғау мақсатында МЖӘ туралы заңда әлеуетті жеке әріптестерге қойылатын біліктілік талаптары тек заңдар (кодекстер) деңгейінде белгіленуі мүмкін екендігі бекітілген. Оларды бұйрықтармен, қаулылармен немесе конкурстық құжаттамамен толықтыруға, кеңейтуге жол берілмейді.


Біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін конкурсқа әлеуетті қатысушылар Ұлттық экономика министрлігінің бұйрығымен және конкурстық құжаттамада айқындалған құжаттарды ұсынады.

Егер конкурсқа жобаны іске асыру үшін арнайы компания (SPV) құруға ниет білдірген инвесторлар қатысса, онда құрылтайшыларға біліктілік талаптары қойылады.

Құжаттар тізімінен басқа, конкурстық құжаттамада біліктілік пакеттерін беру және қабылдау, ашу тәртібін көрсету қажет. Барлық рәсімдер МЖӘ веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

FAQ

Өткен жылы екі заңды тұлғаны біріктіру арқылы қайта құру жүргізілді. МЖӘ жобасы бойынша конкурсқа біріккен әрбір қатысушы техникалық жағынан күрделі объектілерді салу бойынша оң тәжірибесі болған жағдайда, осындай жаңадан құрылған заңды тұлға қатыса ала ма? Егер екі



жыл өтпесе, қаржылық есептілік қай кезеңде ұсынылады?

Мүмкін. Жаңа заңды тұлға мемлекеттік тіркелген кезден бастап кезең үшін қаржылық есептіліктің түпнұсқасын ұсынуға тиіс. Еншілес ұйымдары бар ұйымдар негізгі ұйымның қызметі бойынша қаржылық есептілікке қосымша «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңына не ҚЕХС сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасап, ұсынады.

КОНКУРСТЫҚ ӨТІНІМДЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**1. Конкурстық өтінімдердің мазмұны, тәсілі, орны, ұсыну мерзімі және қолданылуы, сондай-ақ конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу шарттары**

• **Өтінімнің мазмұны:** қажет болған жағдайда жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін, қаржылық-экономикалық үлгісін, ұсынылған технологиялық шешімдерді, іске асыру кестесін, тәуекелдерді басқару жоспарын және МЖӘ шартының талаптары бойынша ұсыныстарды қоса алғанда коммерциялық және техникалық бөлімдері.

Немесе конкурстық құжаттаманың шарттарымен келісу. Әлеуетті жекеше әріптес өзгерте алмайтын шарттар.

Конкурстық құжаттамада конкурстық өтінімде өзгертілмейтін шарттар айқындалуға тиіс.

Мысалы, әдетте, объектінің қуаты, өйткені бұл параметр объективті қажеттілік пен техникалық мүмкіндіктерге байланысты. Жекелеген жағдайларда жобаның шарттарына байланысты қуаттың ұлғаю жағына қарай өзгеруі мүмкін.

FAQ

Конкурстық құжаттамада конкурстық өтінімде әлеуетті жекеше әріптестің инвестициялар мөлшеріне қатысты ұсынысы болуға тиіс екені анықталды. МЖӘ объектісінің құны конкурстық құжаттамада жарияланғаннан жоғары болуы мүмкін бе? Немесе құнын төмендету керек пе?



Конкурсты ұйымдастырушы жобаны әзірлеу және құрылымдау кезінде қаржылық-экономикалық модельді есептеп, жобаның бюджеттік тиімділігі мен коммерциялық өміршеңдігін анықтады. Болашақта жобаның осы шарттары уәкілетті органдармен келісіліп, сараптамамен расталды. Егер жоба инвестициялық шығындарды өтеу немесе бірлесіп қаржыландыру түріндегі мемлекеттік міндеттемелерді көздесе, онда инвестициялардың болжамды көлемін ұлғайту бюджеттік тиімділіктің жоғалуына әкеп соғуы мүмкін, жоба мемлекеттік міндеттемелер лимитінен асып кетуі мүмкін және т. б.

Мұндай шешім қабылдаған кезде конкурсты ұйымдастырушы мүдделі мемлекеттік органдардың келісімінсіз жобадағы инвестициялық шығындарды ұлғайта отырып, өкілеттіктерден асып кету тәуекелін өзіне қабылдайды.

Конкурс құжаттамасына мұндай ықтималдық алдын ала енгізілген жағдайларды қоспағанда, өзге шарттарда инвестициялар көлемінің ұлғаюы жобаны іске асыруға оң әсер етуі мүмкін – егер тікелей мемлекеттік міндеттемелер болмаса және/немесе нысан жеке меншік ретінде қалса, және/немесе жеке әріптес сұраныс



тәуекелін өзіне алса, сондай-ақ басқа да жағдайларда.

Конкурсты ұйымдастырушы құжаттаманы әзірлеу кезінде ықтимал тәуекелдердің шектерін есептеп, уәкілетті органдармен келісуге, шарттарда инвестициялар мөлшерінің өзгеру мүмкіндігі мен шектерін тікелей және біржақты көрсетуге тиіс.

Пайдалануға берілген МЖӘ объектілері бойынша инвестициялық шығындарды өтеу МЖӘ шартының талаптарында көзделген сомалар мен мерзімдер шегінде толық көлемде жүзеге асырылады (51-бап, 4-тармақ).

Бұл норма объектіні пайдалануға бергеннен кейін мемлекет жекеше әріптестің инвестициялық шығындарын өтеу жөніндегі міндеттемелерін толығымен орындауын қамтамасыз етеді, бұл жекеше әріптес үшін де, оның кредиторлары үшін де маңызды кепілдік болып табылады.

Кепілге беру рәсімі және құқықтардың құнын бағалау

Жекеше әріптестің МЖӘ шарты бойынша өз құқықтарын кредиторға кепілге беруі және осы құқықтардың құнын есепке алу Қазақстан Республикасының МЖӘ саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады (51-бап, 3-тармақ).

Қаржылық жабылу - МЖӘ жобасын іске асырудың маңызды кезеңі. Қаржыландыруды сәтті тарту жобаның қаржылық моделін пысықтау сапасына, банктермен тиімді өзара іс-қимылға және тікелей келісімдерді сауатты құрылымдауға байланысты.

Мемлекеттік органдар үшін банктік қаржыландырудың логикасын түсіну және кредиторлармен сындарлы диалогқа дайын болу маңызды. Жекеше әріптестер банктермен жұмысты мүмкіндігінше ертерек бастауы керек және қаржыландыруды құрылымдау кезінде мемлекеттік әріптестің талаптарын ескеруі керек.

Барлық қатысушылардың үйлесімді жұмысы кезінде ғана қаржылық жабылу кедергі емес, МЖӘ жобасын табысты іске асырудың катализаторы болады.

FAQ

Кредиторлардың талабы бойынша жекеше әріптесті ауыстыру қалай жүзеге асырылады?



Ауыстыру тікелей келісімге сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды:

- кредиторлардың мемлекеттік әріптесті хабардар етуі;
- жаңа үміткерді ұсыну;
- конкурстық комиссияның мақұлдауы;
- жаңа құжаттарға қол қою;*



өзгерістерді тіркеу.

Кредиторлар тікелей келісім болмаса ауыстыруға бастамашылық жасауға құқылы емес.

МЖӘ қағидалардың 4-тарауының 2-параграфына сәйкес жекеше әріптесті ауыстыру шеңберінде қол қойылатын құжаттар тізімі:

- **Конкурс өткізу туралы шешім** – жекеше әріптесті ауыстыру мақсатында конкурс түрін, конкурстың шарттары мен критерийлерін белгілейді (246-тармақтың 1-тармақшасы).

- **Жекеше әріптесті ауыстыру жөніндегі конкурсты өткізуге арналған конкурстық құжаттама** – қатысу шарттарын, жаңа жекеше әріптеске қойылатын талаптарды, оның ішінде кредиторлар алдындағы міндеттемелерді қамтиды (246-тармақтың 2), 3) және 4) тармақшалары).

- **МЖӘ шартына жекеше әріптесті ауыстыру туралы қосымша шарт** – жекеше әріптесті ауыстыруға байланысты шарт талаптарының өзгерістерін ресімдейді; бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда немесе оның аумақтық бөлімшесінде тіркелуге жатады (246 және 249-тармақ).

- **Мүліктік құқықтарды қабылдау-беру актісі** – қосымша шарт тіркелгеннен кейін бұрынғы жекеше әріптестен жаңа мүліктік құқықтардың берілуін тіркейді (249-тармақ).

Мемлекеттік әріптес заңды тұлға таратылған немесе жеке кәсіпкер - жекеше әріптес қайтыс болған жағдайда МЖӘ объектісін басқаруды жүзеге асыратын тұлғаны қалай айқындайды, сондай-ақ бұл ретте қандай критерийлер мен рәсімдер қолданылады?

№52 қағидалардың 62-тармағына сәйкес заңды тұлға таратылған немесе жекеше әріптес ретінде әрекет ететін жеке кәсіпкер қайтыс болған жағдайда, мемлекеттік әріптес әріптесті ауыстыру жөніндегі конкурс аяқталғанға дейін және тиісті қосымша шартқа қол қойылғанға дейін МЖӘ объектісін басқаруды уақытша жүзеге асыратын тұлғаны өзі тағайындайды. Бұл ретте мұндай адамды таңдау кезінде ұқсас үлгідегі объектілерді басқарудың біліктілігі мен тәжірибесіне қойылатын талаптар, сондай-ақ қолданыстағы МЖӘ шарты бойынша талаптар мен міндеттемелердің сақталуы ескеріледі.



6. МЖӘ ЖОБАСЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ:



МЖӘ жобасын басқару – бұл шартқа қол қойылған сәттен бастап активті мемлекетке қайтарғанға дейін (немесе шарттың аяқталу мерзімі) **жобаның бүкіл өмірлік циклін қамтитын негізгі процесс**. Оның мақсаты – шығыс сипаттамаларында көрсетілген қызметтерді алуды қамтамасыз ету, сонымен қатар бағаның тұрақты қолжетімділігіне, қаражаттың максималды тиімділігіне және тәуекелдерді беруді дұрыс басқаруға кепілдік беру.

Пайдалану кезеңінде **МЖӘ шартын тиімді басқару**:

- Шарттың талаптарына сәйкес жобаның операциялық тиімділігінің мүмкіндіктерін барынша арттыру.
- Жобаның операциялық тиімділігін оңтайландыру.
- Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде тұрақты дамуды қолдау, сапа мен инновацияларды арттыру.
- Жобаның максималды мәнін қамтамасыз ету (Value for Money – VfM).
- Коммерциялық тәуекелдерді тиімді басқару.
- Тараптар арасындағы тиімді жұмыс қатынастарын қолдау.
- Өзгермелі талаптарға жауап беру үшін икемділікті қамтамасыз ету.
- Нақты рөлдерді, міндеттерді және есеп беруді көрсету.
- Барлық жұмыстар мен қызметтердің заңнамаға, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету.

Шартты дұрыс басқармаудың салдары өте ауыр болуы мүмкін және жобаның сәтсіздігіне әкелуі мүмкін:

- **Үкімет сапасыз немесе ұсынылмаған қызметтер үшін төлейді.** Егер тиісті бақылау болмаса, жекеше әріптес қызметтердің сапасын бақылауды әлсіретуі мүмкін.
- **Жоба тиімділік болжамдарына сәйкес келмейді.** Мысалы, көлік жобаларында жоғары төлемдер немесе қызмет көрсету сапасының төмендігі пайдаланушыларды қорқытып, жобаның пайдасына қауіп төндіруі мүмкін.
- **Шарттағы тәуекелдер балансының өзгеруі.** Білімнің жеткіліксіз деңгейі Үкіметтің бастапқыда жекеше әріптеске берілген тәуекелдерді қабылдауына әкелуі мүмкін (мысалы, шарттық процестен тыс кішігірім өзгерістер енгізу).
- **Мердігердің қанағаттанарлықсыз нәтижелерін алдын ала болжай алмау немесе оларға дер кезінде әрекет ете алмау.** Қаржылық қиындықтар, меншік құрылымындағы өзгерістер немесе мердігердің пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулығы үлкен сәтсіздіктерге әкелуі мүмкін.
- **Қарым-қатынастың нашарлауы.** Түсініспеушілік, мүдделі тараптардың жеткіліксіз қатысуы немесе жағдайларды теріс пайдалану әріптестіктің бұзылуына әкелуі мүмкін.

Мемлекет жекеше әріптестің жұмысын бақылай алуы керек:

- объект қолжетімді және қауіпсіз болды;
- қызметтер сапалы түрде ұсынылды;
- бюджет қаражаты тиімді жұмсалды.

Ол үшін МЖӘ шарттарында үш негізгі құрал қолданылады:

1. **KPI (тиімділіктің негізгі көрсеткіштері)** - сапа көрсеткіштері.

2. **Есеп беру** – KPI орындалуын растау.

3. **Шарттың орындалуын бақылау** – тексеру және ықпал ету шаралары.

KPI, есеп беру және бақылау механизмдері қандай болуы керек?

1. **Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері (KPI)**

KPI болуы керек:

Түсінікті – екі тарап оларды оңай қадағалай алады.

Өлшенетін – сандармен санауға болады.

Шынайы – жекеше әріптес шын мәнінде орындай алады.

Маңызды – азаматтар үшін қауіпсіздікке, қолжетімділікке және жайлылыққа байланысты.

Қызметтердің шығыс сипаттамаларына байланысты – шартта белгіленген қызмет көрсету деңгейлеріне қолжеткізу деңгейіне бағытталған.

Бұзушылықтардың ауырлығын көрсету – негізгі салаларда операциялық тиімділікке қолжеткізбегені үшін жоғары айыппұлдар.

KPI қалай өлшеуге болады: оңай өлшенетін объективті сандық көрсеткіштерден басқа (мысалы, жауап беру уақыты, сәтсіздіктер саны), қызмет пайдаланушылары үшін маңызды, бірақ объективті бағалауға қиын болатын сапалы аспектілер де бар. Оларға мыналар кіруі мүмкін:

Соңғы пайдаланушылардың қанағаттанушылығына арналған сауалнамалар: мұндай сауалнамалардың нәтижелері жеке қабылдауға негізделгенімен, егер сұрақтар мұқият тұжырымдалған болса, операциялық тиімділікті бақылаудың пайдалы құралы бола алады. Жекеше әріптес пайдаланушылардың қанағаттану деңгейін арттыруға міндетті болуы мүмкін.

«Құпия сатып алушыларды» тарту: субъективті аспектіні жоя отырып, бірдей объективті стандарттарды қолдана отырып, қызмет көрсетуді тексеретін білікті мамандар.

Іріктеп тексеру: Егер мониторинг іріктеме негізінде жүзеге асырылса, әдістеме (көлемі мен жиілігі) шартқа қол қойылғанға дейін келісілуі тиіс.

KPI мысалдары

Мектеп: кабинет уақыттың 99% қолжетімді; ақауларды жою уақыты ≤ 2 сағат; тазалық «жақсы» стандартына сәйкес.

Аурухана: жабдық уақыттың 98% жұмыс істейді; операциялық бөлмедегі температура уақыттың 99% қалыпты; пациенттердің шағымдары ≤ 5%.

Жол: 98% қолжетімді; шұңқырлар ≤ 24 сағат ішінде жойылады; жарықтандыру уақыттың 95% жұмыс істейді.

Жұмыс кезеңіндегі нашар басқаруға байланысты жобалардың сәтсіздіктерінің мысалдары:

• Лондон метросы (Ұлыбритания): Басқару консорциумындағы мәселелер, бақылаудың жеткіліксіздігі және тәуекелдерді сапасыз бөлуге байланысты Үкімет 20 жылдық МЖӘ шарты жасалғаннан кейін алты жыл өткен соң инфрақұрылымға бақылауды өзіне қайтарды.

• Дар-эс-Салам сумен жабдықтау (Танзания): Келісім екі жыл ішінде City Water компаниясының міндеттемелерін орындамауына байланысты бұзылды, нәтижесінде күрделі төрелік іс жүргізілді. Себептер тәуекелдерді азайту жөніндегі шаралардың жеткіліксіздігі, шарттың тиімсіз мониторингі және тиісті емес конкурстық рәсім болды.



2. Есеп беру

Есеп беру жүйесі ашық, уақтылы және дәл болуы керек.

Шартта есептердің түрлері және оларды ұсыну мерзімдері көрсетіледі.

Жобаға байланысты жекеше әріптес ұсынуға міндетті:

ай сайынғы (техникалық: бұзылу, жөндеу, жабдықтың жұмысы);

тоқсан сайынғы (қаржылық: кірістер, шығыстар, төлемдер) ;

жыл сайынғы (қорытынды: KPI орындау, экология, азаматтардың шағымдары).

FAQ



Қандай бақылау механизмдері жиі қолданылады?

- сайттағы инспекциялар,
- автоматтандырылған бақылау (мысалы, жолдағы датчиктер),
- тәуелсіз техникалық аудит,
- айыппұлдар мен бонустар жүйесі.

Бірдей типтегі жобалар үшін KPI бірдей болуы мүмкін бе?

Жоқ. KPI әрқашан МЖӘ келісімшартының түріне байланысты: функционалды қызметтермен немесе техникалық қызмет көрсетумен, мемлекеттік меншікке және жеке меншікке көшумен, бюджеттен немесе тұтынушылардан төлемдермен және т. б.

Есеп беру мысалдары

Мектеп: ай сайын – бұзылулар тізімі; жыл сайын-ата-аналардың қанағаттану деңгейі.

Аурухана: ай сайын – жабдықтың жұмысы; жыл сайын – санитарлық тексерулер және пациенттердің шағымдары.

Жол: ай сайын – қамту ақаулары; жыл сайын – апаттық және қауіпсіздік.

Халықаралық тәжірибеде МЖӘ шартын басқарудың ақпараттық жүйелері – **басқарушылық ақпарат жүйелері (MIS)** жиі қолданылады:

Жекеше әріптеске мониторинг пен есеп беруде көмектеседі, құжаттаманы ұсыну мерзімі мен шығындарын азайтады.

Деректерді сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ құжаттардың нұсқаларын бақылау үшін қолданылады.

Сапа менеджменті жүйесінде қолданылатын сенімді және дәл деректерді үнемі жасайды.

Жоба деректеріне ашық қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

3. Шарттың орындалуын бақылау тетіктері

Бақылау тетіктері жекеше әріптесті талап етілетін операциялық тиімділікке қолжеткізуге ынталандыруға және міндеттемелерді орындамау жағдайларына ден қоюға бағытталған.

Айыппұлдар мен шегерімдер:

Бұзушылыққа **пропорционалды** және шартта нақты сипатталған болуы керек. Операциялық тиімділік неғұрлым төмен болса, айыппұлдар соғұрлым көп болады; операциялық тиімділік неғұрлым ұзақ сақталса, айыппұлдар соғұрлым көп бола-



ды.

Мемлекеттік секторға төленетін МЖӘ-те айыппұлдар әдетте **төлемді азайту немесе түзету** арқылы қолданылады.

Пайдаланушының төлемдеріне негізделген МЖӘ-те мемлекетке немесе тәуелсіз реттеушіге төленетін **тікелей айыппұлдар немесе алдын-ала бағаланған шығындар** қолданылуы мүмкін.

FAQ

Шартқа қол қойылғаннан кейін KPI өзгертуге бола ма?

Тек ерекше жағдайларда және тараптардың келісімі бойынша. Мысалы, қауіпсіздік стандарттары өзгерсе немесе жаңа технологиялар пайда болса. Әдетте өзгерістер қосымша келісіммен жазылады.

Мемлекет KPI орындалуын қалай тексереді?

- жекеше әріптестің тұрақты есептілігі арқылы,
- инспекциялар және көшпелі тексерулер арқылы,
- тәуелсіз аудитордың көмегімен (көбінесе ірі жобаларда).



Күшейту механизмі (ratchet mechanism): Жүйелі бұзылулар үшін пайдалы. Ол жекеше әріптесті жедел әрекетке ынталандыра отырып, белгілі бір мерзім ішінде қайталанатын бұзушылықтар үшін айыппұлдар немесе шегерімдер деңгейін арттыруды көздейді.

Шегерімдерге шектеулердің болмауы: әдетте, пайдалануға дайындыққа байланысты шегерімдер үшін үкімет көрсетілмеген қызметтер үшін ақы төлемеуі үшін шектеулер белгіленбейді.

Операциялық тиімділік ұпайлары режимі: бұзушылықтарды бақылауға және құжаттауға қызмет етеді. Ұпайлардың белгілі бір шегіне жету қадағалауды күшейтуге, жекеше әріптес есебінен жұмыс істеуге, шартты тоқтата тұруға немесе тіпті бұзуға әкелуі мүмкін.

Операциялық тиімділікті арттыру үшін ынталандыру:

Белгіленген бағалар: жекеше әріптес тиімділікті арттыру арқылы кірісті арттыра алады.

Пайданы бөлу: жекеше әріптесті үнемдеуге ынталандырады.

Қосымша құндылық: шарт жекеше әріптестің қосымша құндылық әкелетін инновацияларды немесе тиімдірек жұмыс әдістерін (мысалы, жаңа технологиялар, рәсімдердердегі өзгерістер) енгізуін ынталандыруы мүмкін. Үкімет барлық пайдаларды өзіне толық алып қоймауы маңызды, осылайша жекеше әріптестің жақсартулар іздеуге мүдделілігі сақталады.

Вариацияларды (өзгерістерді) басқару тетіктері: шарт қажеттіліктердегі өзгерістерді есепке алу (мемлекеттік әріптес бастамашылық еткен), сондай-ақ жақсартуларды енгізу (жекеше әріптес бастамашылық еткен) немесе сыртқы оқиғаларға жауап беру үшін икемділікті көздеуі тиіс.

Жобаны тікелей басқару құқығы (Step-in rights): мемлекеттік әріптес немесе кредиторлар елеулі бұзушылықтар немесе қоғамдық мүдделерге қауіп төнген жағдайда жүзеге асыра алады. Бұл қызметтердің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін



қысқа мерзімді араласу.

Қаржылық қайта құрылымдау: шартта жобаны қайта қаржыландыру туралы ережелер, сондай-ақ жекеше әріптес пен мемлекеттік әріптес арасында қайта қаржыландырудың пайдасын бөлу механизмі қарастырылуы мүмкін.

Дауларды реттеу рәсімдері: келіспеушіліктерді шешудің нақты белгіленген кезеңдері – төменгі деңгейдегі келіссөздерден медиацияға, төрелік немесе сотта қарауға дейін. Проблемалық мәселелерді ерте кезеңде тиімді басқару қымбатқа соғатын дауларды болдырмайды.

Бақылау мысалдары

Мектеп: сынып уақыттың 1%-дан астамын жабық төлемді азайту.

Аурухана: жабдық уақыттың 2%-дан астамын падаланылмайды төлемнен ұстап қалу.

Жол: шұңқыр 24 сағат ішінде жойылған жоқ айыппұл.

МЖӘ шарттарына KPI, есептілік және бақылау тетіктерін қалай енгізуге болады?

МЖӘ жобасын тиімді пайдалану мен басқарудың кілті – **МЖӘ шартының өзіне тиісті ережелерді мұқият әзірлеу және енгізу.**

Шығу сипаттамалары (Output Specifications): шарт жекеше әріптестің оны қалай жасау керектігін емес, қандай қызметтерді және қандай деңгейде ұсынуы керектігін нақты анықтауы керек. Бұл инновацияны ынталандырады және тәуекелдердің берілуін оңтайландырады.

• **Мониторинг және есептілік жүйесі:** шартқа мынадай тармақтар енгізіледі:

• Операциялық тиімділік бойынша жекеше әріптестің дербес есептілігіне қойылатын талаптар.

• Мемлекеттік әріптестің аудит және тексеру құқықтары.

• Есеп беру күндері мен форматтары.

• Қолжетімділік пен модернизацияны қоса алғанда, MIS жұмыс ережелері.

• **Төлем механизмі:** операциялық тиімділікке нақты байланысты болуы керек. Ол жекеше әріптесті қажетті қызмет көрсету деңгейін қамтамасыз етуге ынталандырады және бұзушылықтар үшін жазалайды. Қамтиды:

• **Айыппұлдар/шегерімдер:** шығу сипаттамаларын бұзғаны үшін айыппұлдар сомасының толық сипаттамасы, шегерімдер шкаласы, көтеру механизмі.

• **Бірыңғай төлемді индекстеу:** инфляцияны ескере отырып тұрақты түзету (мысалы, ТБИ бойынша).

• **Нарықты тестілеу/көрсеткіштерді салыстырмалы талдау (Benchmarking):** нарықтық баға мен максималды құнды қамтамасыз ету үшін әр 5-8 жыл сайын «жұмсақ қызметтердің» (тазалау, тамақтану) құнын үнемі қайта қарау тетіктері. Бұл мемлекеттік төлемдерді қызметтердің ағымдағы құнын ескере отырып түзетуге мүмкіндік береді.

• **Өзгерістерді (вариацияларды) басқару тетіктері:**

• **Мемлекет бастамашылық еткен:** хабарламаның нақты процесі, салдарын бағалау (техникалық, қаржылық, уақытша), қаржыландыруды анықтау (мемлекеттік немесе жекеше әріптес), сондай-ақ айтарлықтай шығындар кезінде мүмкін болатын конкурстық рәсім.



- **Жекеше әріптестің бастамасымен:** өзгерістердің сипаттамасы, олардың шарт үшін салдары, мемлекеттік әріптес үшін қосымша шығындардың болмауы, келісу процесі.

- **Сыртқы оқиғалардан туындаған (форс-мажор, заңнамадағы өзгерістер):** хабарлама тәртібін, шартқа әсер ету дәрежесін және дауларды реттеу рәсімдерін сипаттау.

- **Дауларды реттеу рәсімдері:** төменгі деңгейдегі келіссөздерден басталатын кезеңдік механизмдер, содан кейін медиация, төрелік немесе сот талқылауы. Дауларды шешу/алдын алу бойынша кеңестерді (DRB/DAB) қамтуы мүмкін.

- **Активтің шығу және қайтару стратегиясы:** Шартта мыналар жазылуы керек:

- Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған сәттегі **объектінің күтілетін жай-күйі.**

- Активтерді жаңарту мен ауыстыруды қаржыландыру үшін **қамтамасыз ету тетіктері** (мысалы, резервтік шоттар).

- **Зияткерлік меншік құқығын беру.**

- **Қызметкерлерді ауыстыру.**

- Берілгеннен кейін қызметтердің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспары.

Табыстың кілті – шартты проактивті және жүйелі басқару, әріптестер арасындағы тұрақты өзара іс-қимыл және өзгеріп жатқан жағдайларға бейімделуге дайын болу, сонымен қатар қоғам үшін ең жоғары құндылыққа қолжетімділікке басымдық беру керектігін есте сақтау қажет.

FAQ

№ 52 қағидаларға 10-қосымшаның 6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде міндетті аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалар да соңғы қаржы жылындағы аудиторлық есепті ұсынады.

Сонымен қатар, көрсетілген қосымшаның 2) тармақшасының талаптарына сәйкес еншілес ұйымдары бар ұйымдар негізгі ұйымның қызметі бойынша қаржылық есептілікке қосымша «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына немесе халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды және ұсынады.

Осыған байланысты, егер әлеуетті жекеше әріптестің еншілес ұйымдары болса және шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасаса, шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп міндетті түрде ұсынылуға жататынын немесе бас ұйымның жеке (бөлек) қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есепті ұсынуға жол берілетінін түсіндіруді сұраймыз.

№52 қағидаларға 10-қосымшаның 2) тармақшасында еншілес ұйымдары бар ұйымдар негізгі ұйымның қызметі бойынша қаржылық есептілікке қосымша «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңға (Бухгалтерлік есеп туралы Заң) немесе халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды және ұсынады.

Бухгалтерлік есеп туралы Заңның 17-бабында еншілес ұйымдары бар ұйымдар, негізгі ұйымның қызметі бойынша қаржылық есептіліктен басқа, бухгал-



терлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманың талаптарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасауға және ұсынуға міндетті екендігі қарастырылған.

Сонымен қатар, Қағидалардың 10-қосымшаның 6) тармақшасына сәйкес заңнамалық актілерде міндетті аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалар да соңғы қаржы жылындағы аудиторлық есепті ұсынады.

Осыған байланысты, еншілес ұйымдары бар ұйымдардың негізгі ұйымның қызметі бойынша қаржылық есептіліктен басқа шоғырландырылған қаржылық есептілікті құруы және ұсынуы, сондай-ақ егер заңнамалық актілерде міндетті аудит жүргізу белгіленген ұйымдар соңғы қаржы жылындағы шоғырландырылған аудиторлық есепті ұсынуы орынды деп санаймыз.



7. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БӨЛУ



Тәуекелдерді тиімді бөлу және басқару МЖӘ жобаларын табысты іске асырудың негізгі элементтерінің бірі болып табылады. МЖӘ жобаларындағы тәуекел деп мұндай жобаның мақсаттарына, міндеттеріне және қаржы-экономикалық көрсеткіштеріне қолжеткізуге әсер ететін белгісіз оқиға немесе шарт түсініледі (МЖӘ жобаларының тәуекелдерін бөлу және бағалау әдістемесі (№52 қағидалардың 7-қосымшасы)).

МЖӘ теориясы мен практикасында тәуекелдер ажырамас бөлігі болып табылады және МЖӘ жобаларын дайындаудың, құрылымдаудың және іске асырудың барлық кезеңдеріне енеді. Қазақстан контекстінде тәуекелдерге де ерекше назар аударылады, МЖӘ туралы Заңға сәйкес МЖӘ жобасын іске асыру процесінде мемлекеттік әріптес пен жеке әріптес арасында тәуекелдерді өзара тиімді бөлу (міндеттермен, кепілдіктермен және кірістермен қатар) МЖӘ туралы заңнамада көзделген МЖӘ іргелі қағидаттарының бірі – теңгерімділік қағидатының негізінде қаланды.

№52 бұйрықпен бекітілген МЖӘ жобаларын бөлу және тәуекелдерді бағалау әдістемесі (бұдан әрі – әдістеме) МЖӘ жобаларын жоспарлау және іске асыру кезінде ескерілетін төрт негізгі кезеңді көздейді:

- 1) тәуекелдерді сәйкестендіру;
- 2) тәуекелдерді бағалау;
- 3) тәуекелдерді бөлу;
- 4) тәуекелдерді басқару.

Бұл ретте алғашқы үш кезең (сәйкестендіру, бағалау және бөлу) МЖӘ жобасында қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу мүмкіндігін талдау мақсатында жүзеге асырылады.

Бірінші кезең – **тәуекелдерді анықтау – мыналарды қамтиды:**

- 1) туындауы мүмкін тәуекелдердің тізбесін жасау;
- 2) тәуекелдердің сипаттамасы;
- 3) олардың пайда болу себептерін сипаттау;
- 4) осындай тәуекелдер туындаған кезде туындауы мүмкін салдарлардың сипаттамасы.

Бұл ретте тәуекелдерді МЖӘ жобасының екі негізгі контекстінде – инвестициялық және пайдалану кезеңінде қарастыру қажет екенін есте ұстаған жөн. Бұл ескерту өте маңызды, өйткені аталған кезеңдердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар және екі кезеңде де бірдей тәуекел түрлері (түрпы) туындауы мүмкін болса да, олардың әсер ету дәрежесі айтарлықтай өзгеруі мүмкін.

МЖӘ-нің әртүрлі кезеңдерінде туындайтын тәуекелдердің әдістемесі мен үлгілік тізбесінде инвестициялық және пайдалану кезеңдерінде туындайтын тәуекелдердің мынадай түрлері көзделеді:

1) заңдық тәуекелдер (ҚР заңнамасына сәйкес келмеу тәуекелі, МЖӘ жобасының дұрыс жасалмаған құжаттамасының тәуекелі және МЖӘ шарты тараптарының құқықтары мен міндеттеріне байланысты өзге де тәуекелдер);

2) коммерциялық тәуекелдер (жеке әріптестің қаржы-шаруашылық



қызметі көрсеткіштері мен нарық конъюнктурасы өзгерістерінің МЖӘ жобасын іске асыру шеңберінде кірістер алуға әсеріне байланысты тәуекелдер);

3) әлеуметтік тәуекелдер (МЖӘ жобасын іске асыру шеңберінде халыққа, жекеше және (немесе) мемлекеттік әріптес қызметкерлеріне залал келтіруге байланысты тәуекелдер);

4) экономикалық тәуекелдер (ҚР экономикасы көрсеткіштері өзгерістерінің әсеріне байланысты тәуекелдер);

5) техникалық тәуекелдер (МЖӘ объектісінің болжанбайтын және (немесе) бақыланбайтын жұмысына, сондай-ақ жобалық құжаттама мен техникалық шешімдердің дұрыстығына байланысты тәуекелдер);

6) қаржылық тәуекелдер (МЖӘ жобасының қаржы-экономикалық көрсеткіштеріне қаржы нарығы көрсеткіштері өзгерістерінің қолайсыз әсерімен байланысты тәуекелдер);

7) саяси тәуекелдер (МЖӘ жобасында ескерілмеген немесе МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде өзгерген заңнамаға байланысты тәуекелдер, сондай-ақ МЖӘ жобасын іске асыру кезеңінде саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты өзге де тәуекелдер);

8) экологиялық тәуекелдер (МЖӘ жобасын іске асыру шеңберінде қоршаған ортаға, сондай-ақ үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына залал келтіруге байланысты тәуекелдер).

Жоғарыда аталған тізім тәуекелдердің негізгі түрлерін қамтиды, бірақ сонымен бірге ол толық емес екендігін айта кету керек. МЖӘ-нің әрбір нақты жобасын жоспарлау және (немесе) іске асыру кезінде оның ерекшелігіне, ол іске асырылатын салаға (аяға), аймаққа және т. б. байланысты тәуекелдердің өзге де түрлері анықталуы әбден анық.

Тәуекелдерді анықтағаннан кейін оларды дұрыс бағалау керек. Әлемдік тәжірибеде **тәуекелдерді бағалаудың** әртүрлі әдістері бар, оларды екі негізгі топқа бөлуге болады: сапалық және сандық (мысалдар төмендегі кестеде келтірілген). Сапалық әдістер тәуекелдерді сараптамалық пайымдаулар мен тізімдер арқылы, ал сандық әдістер есептеулер мен статистика арқылы бағалайды.



Тәуекелдерді бағалау әдістерінің жіктелуі*

Сапалы әдістер	Сандық әдістер
• Сараптамалық бағалау әдісі: мамандардың тәуекелдерді олардың тәжірибесі мен біліміне қарай бағалауы. • Бақылау тізімі (тексеру парақтары): тәуекелдерді анықтау үшін ықтимал тәуекелдердің дайын тізімдерін пайдалану. • Аналогтық әдіс: ұқсас жағдайларда бұрын пайда болған ұқсас тәуекелдермен салыстыру. • SWOT талдау: күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін анықтау. • Исикава диаграммасы («Балық қаңқасы») тәуекелге әкелетін себеп-салдарлық байланыстарды визуалды анықтау.	• Статистикалық әдіс: тәуекелдердің ықтималдығын бағалау үшін өткен деректерді зерттеу. • Сезімталдықты талдау: бір параметрдің өзгеруі (мысалы, баға) жалпы нәтижеге қалай әсер ететінін бағалау. • Сценарийлерді талдау: оқиғалардың дамуының әртүрлі сценарийлерін құру (мысалы, үздік, ең нашар және ықтимал). • Матрицалық әдіс: осьтер тәуекел әсерінің ықтималдығы мен дәрежесін білдіретін матрицадағы тәуекелдерді визуализациялау (мысалы, «төмен», «орташа», «жоғары»). • Шығындардың орындылығын талдау: экономикалық пайда мен шығындар тұрғысынан тәуекелдерді бағалау. • Монте-Карло әдісі: оқиғалардың пайда болу ықтималдығын бағалау үшін көптеген кездейсоқ сценарийлерді модельдеу.

* Сондай-ақ жоғарыда аталған бірнеше әдістерді біріктіретін және тәуекелдерді неғұрлым кешенді бағалау үшін қолданылатын тәуекелдерді бағалаудың жартылай сандық (аралас) әдістері бар.

Мәселен, мысалы, Әдістемеге сәйкес МЖӘ жобасының тәуекелдерін бағалау сараптамалық бағалау әдісімен жүргізіледі және мынадай кіші кезеңдерді қамтиды:

- 1) сарапшыларды іріктеу және сараптама тобын қалыптастыру;
- 2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының тәуекелдерін бағалау сауалнамасын қалыптастыру;
- 3) сарапшылармен жұмыс;
- 4) сараптамалық бағалау деректерін талдау және өңдеу.

Осындай әдіспен тәуекелдерді бағалауды жүргізу үшін, біріншіден, кемінде үш сарапшыдан тұратын сараптамалық топты жинау қажет. Бұл сарапшылар МЖӘ, экономика, қаржы немесе инвестициялар саласындағы мамандар қатарынан іріктеледі. Бұдан басқа, заңтану саласындағы, сондай-ақ МЖӘ жобасы іске асырылатын саладағы сарапшылар мен техникалық мамандар қажет.

Кейіннен сарапшылардың жоғары білімі, жұмыс тәжірибесі мен біліктілігінің болуын растау үшін олардың жұмыс орны мен кезеңі, атқаратын лауазымы туралы ақпаратты көрсете отырып, осы сарапшылардың қысқаша мазмұны МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасына (КҚ) немесе бизнес-жоспарына (БЖ) қоса беріледі.

МЖӘ жобасының тәуекелдерін бағалау жөніндегі сарапшылардың деректері

1	Жобаның атауы	
2	Сарапшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
3	Жоғары білімнің болуы	
4	Экономика, қаржы, инвестициялар саласында жұмыс тәжірибесінің болуы	
5	Құқықтану саласында жұмыс тәжірибесінің болуы	

6	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру саласында (аясында) жұмыс тәжірибесінің болуы	
7	Ұқсас объектілерді құру, салу, реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеу саласында жұмыс тәжірибесінің болуы	
толтыру күні _____		қолы/тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

Іріктелген сарапшыларға Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалатын ықтимал тәуекелдер тізбесі бар МЖӘ жобасының тәуекелдерін бағалау сауалнамасы жолданады. Бұл ретте сарапшыларға бағалау жүргізу үшін МЖӘ жобасы туралы барлық қажетті ақпаратқа қолжеткізу ұсынылады.

МЖӘ жобасының тәуекелдерін бағалау сауалнамасы

№	Тәуекел түрі	Тәуекел атауы	Басқаруға жауапты	Тәуекел ықтималдығы	Туындаған жағдайда әсер ету дәрежесі
1	2	3	4	5	6
толтыру күні _____					қолы/тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

Барлық сауалнамалар сарапшылар тарапынан қағаз түрінде толтырылады, әр парағына бұрыштама қойылады және МЖӘ жобасына қатысты КҚ немесе БЖ ажырамас бөлігі болып табылады. Сарапшыларда сауалнамада көрсетілген жекелеген тәуекелдерді қосуға және (немесе) алып тастауға қатысты бірауыздан шешім болған жағдайда, мұндай сауалнама түзетіледі және жобаның тәуекелдерін бағалауды қайта жүргізу үшін сарапшыларға жолданады.

Сауалнама қалай толтырылады?

Тәуекелдерді бағалау кезінде сарапшылар олардың пайда болу ықтималдығы мен әсер ету дәрежесін бағалайды. Тәуекелдің пайда болу ықтималдығы сандық өрнекте анықталады, ал олардың әсер ету дәрежесі (залал) баллмен бағаланады.

МЖӘ жобасында тәуекелдің туындау ықтималдығын бөлу (бағалау жүйесі)

Ықтималдығы	Сипаттама
0-20%	тәуекелдің орындалмауының үлкен ықтималдығы
21-40%	тәуекелдің жүзеге асырылуының мардымсыз ықтималдығы
41-60%	тәуекелдің жүзеге асырылуының орташа ықтималдығы
61-80%	тәуекелдің жүзеге асырылуының жоғары ықтималдығы
81-100%	тәуекел толық сенімділікпен жүзеге асырылады



МЖӘ жобасында ол басталған кезде тәуекелдің әсер ету дәрежесі

Ұпайлар	Тәуекелдің әсер ету дәрежесі (залал)
1	залалдың мардымсыз деңгейі
2	залалдың төмен деңгейі
3	залалдың орташа деңгейі
4	залалдың айтарлықтай деңгейі
5	залалдың сыни деңгейі

Сондай-ақ Әдістемеде МЖӘ жобасының тәуекелдерін бағалауды оны әзірлеуші жобаның қаржы-экономикалық моделінің (ҚЭМ) деректерін пайдалана отырып, осы сауалнамалар негізінде жүргізетіні көзделген.

МЖӘ жобасын әзірлеуші жүргізетін тәуекелдерді бағалау

Тәуекел түрі	Тәуекел атауы	Тәуекелдің жобаға әсері				Тәуекел ықтималдығы				Тәуекел ықтималдығы-ның орташа мәні	Тәуекелдің жобаға әсер етуінің орташа мәні	Тәуекел салмағы	Тәуекел құнын есептеу базасы	Тәуекел құнын есептеу үшін базаның шамасы	Тәуекел құны
		1-сарапшы	2-сарапшы	...	n-сарапшы	1-сарапшы	2-сарапшы	...	n-сарапшы						
Инвестициялық кезең															
	1-тәуе-кел														
	2-тәуе-кел														
	...														
	n-тәуе-кел														
Пайдалану кезеңі															
	1-тәуе-кел														
	2-тәуе-кел														
	...														
	n-тәуе-кел														

Кестедегі көрсеткіштерді есептеу тәртібі мен формулалары Әдістеменің 17-21-тармақтарында келтірілген.

Бұл ретте, қажет болған жағдайда тәуекелдердің құнын бағалау тиісті саладағы тәуекелдерді бағалау әдіснамасын регламенттейтін бекітілген салалық ұсынымдарға немесе есептеулерді негіздей отырып, өзге де қолданылатын әдістерге сәйкес жүргізіледі.

МЖӘ жобаларында **тәуекелдерді бөлу** кезінде осындай жобаларға тән және МЖӘ туралы заңда көзделген теңгерімділік қағидатын есте ұстаған жөн.

Әдістемеге сәйкес әрбір жеке тәуекелді МЖӘ шартының тарапы (мемлекеттік әріптес немесе жеке әріптес) қабылдайтын шартпен тәуекелдерді бөлу теңгерімді болып саналады:

- 1) тәуекелді жақсы басқарады;*
- 2) тәуекелді басқару үшін жеткілікті тәжірибесі, біліктілігі бар;*
- 3) тәуекелді минималды шығындармен басқарады;*
- 4) қысқа мерзімде тәуекелдің туындауынан болатын жағымсыз салдарларды жояды және (немесе) жұмсартады;*
- 5) тәуекелді басқару үшін қажетті қаржылық, материалдық, еңбек және өзге де ресурстарға ие болады.*

Шын мәнінде, тәуекелдерді бөлу кезіндегі тепе-теңдік МЖӘ жобаларының мемлекеттік инвестициялық жобалардың басқа түрлерінен (іске асыру тетіктерінен) айрықша ерекшелігі болып табылады. Мұндай айырмашылық, ең алдымен, МЖӘ жобаларының әкімшілік-бюрократиялық және нарықтық процестерді есепке алудың табиғи қажеттілігі бар таза мемлекеттік (бюджеттік) немесе таза жеке жобалармен салыстырғанда ұзақ мерзімді сипатқа және неғұрлым күрделі институционалдық құрылымға ие болуымен байланысты.

Осылайша, МЖӘ жобаларында **тәуекелдерді бөлудің негізгі бағыты тәуекелді оны басқара алатын тарапқа беру** болып табылады: жақсырақ оның алдын алады немесе басталған кезде салдарын азайта алады.

Сонымен қатар, МЖӘ туралы заңда МЖӘ шартын жасасу кезінде тәуекелдерді бөлу тараптардың оларды басқарудың орындылығы мен мүмкіндігін ескере отырып жүргізілетіні нақты көрсетілген.

Бұл ретте, мемлекеттік әріптес немесе жеке әріптес қабылдайтын тәуекелдердің саны мен құны тәуекелдерді бөлудің теңгерімді шарты болып табылмайды.

Жобаның тәуекелдерін визуалды бағалау және басымдық беру үшін арнайы құрал – тәуекел матрицасы жасалады. Әдетте (ең қарапайым түрде) ол барлық анықталған және бағаланған тәуекелдерді «ықтималдық» және «әсер ету» осьтері бойынша екі өлшемді кестеге орналастыру арқылы жасалады. Мұндай матрица қандай тәуекелдердің ең маңызды екенін нақты анықтауға және осылайша оларды азайтуға күш салуға мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді басқару теориясы мен практикасы дамыған жылдары әлемдік тәжірибеде тәуекелдерді бөлу матрицаларының әртүрлі түрлері мен формалары жинақталғанына қарамастан, олар әрқашан екі негізгі параметрге негізделеді: тәуекелдердің пайда болу ықтималдығы және олардың салдарының ауырлығы. Қазіргі заманғы тәуекел матрицалары жобалардың ең маңызды қауіптеріне назар аударуға, ресурстарды тиімді бөлуге және негізделген шешімдер қабылдауға және жобаға қатысушылар арасындағы байланысты жеңілдетуге көмектеседі.

Әдістемеге сәйкес МЖӘ жобасының тәуекелдерін бөлу және одан әрі басқару МЖӘ шартының тарапын айқындау мақсатында **осы Әдістеменің 3-қосымшасына** сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылады, ол қол қойылған сәттен бастап және оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін әрбір жеке тәуекелді басқаруға қабылдайды.



МЖӘ жобасының тәуекелдерін бөлу және басқару

Тәуекел атауы	Тәуекелді басқару үшін жауапты	Тәуекел құны	МӘ үшін тәуекел құны	ЖӘ үшін тәуекел құны	Тәуекел ықтималдығын азайту шаралары	Тәуекел салдарын жою жөніндегі шаралар
<i>Инвестициялық кезең</i>						
1-тәуекел						
...						
n-тәуекел						
<i>Пайдалану кезеңі</i>						
1-тәуекел						
...						
n-тәуекел						

Сонымен қатар, Әдістемеге сәйкес, МЖӘ-нің барлық жобаларында (егер заңнамада немесе МЖӘ шартында өзгеше белгіленбесе) мемлекеттік немесе жекеше әріптес өзіне алатын немесе оларды бірге қабылдайтын тәуекелдер (бірлескен бөлу бірде-бір тарап тәуекелді өз бетінше тиімді басқара алмайтын жерде қолданылады) келесідей бөлінеді:

Тәуекел атауы	Жобаға қатысушы	
	МӘ*	ЖӘ*
МЖӘ шартын мемлекеттік әріптес кінәсі немесе бастамасы бойынша бұзу	+	
мемлекеттік әріптес (МӘ) жерді мемлекет мұқтажы үшін жеке меншіктен уақтылы алмауы	+	
Мемлекеттік әріптес меншігіндегі жер учаскесін және (немесе) қолданыстағы МЖӘ объектісін (мүлікті немесе мүліктік кешенді) уақтылы бермеу	+	
жергілікті тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің жойылуы және өзге де теріс әсері	+	
мемлекеттік әріптестік жобалау кезінде МЖӘ объектісін сапасыз жобалау (құрылыс нормаларына, ережелерге немесе стандарттарға сәйкес келмеуі)	+	
МЖӘ жобасының шарттарын нашарлатуы немесе жақсартуы мүмкін мемлекеттік әріптестің бастамасымен жобалық шешімдерді өзгерту	+	
инженерлік коммуникацияларды уақтылы жүргізбеу	+	
Саяси тәуекелдер, оның ішінде МЖӘ жобасының шарттарын нашарлатуы немесе жақсартуы мүмкін ҚР заңнамасындағы өзгерістер	+	
МЖӘ объектісін мемлекет меншігіне уақтылы қабылдамау	+	
МЖӘ объектісін кейіннен пайдалану үшін иелену және пайдалану құқықтарын уақтылы бермеу	+	
МЖӘ объектісінің мемлекеттік әріптес кінәсінен бүлінуі немесе жойылуы	+	

Тәуекел атауы	Жобаға қатысушы	
	МӘ*	ЖӘ*
жекеше әріптеске (ЖӘ) шығындарды өтеу төлемдерін бермеу немесе уақтылы бермеу	+	
Жекеше әріптес кінәсі немесе бастамасы бойынша МЖЭ шартын бұзу		+
Мемлекеттік әріптес меншігіндегі жер учаскесін және (немесе қолданыстағы МЖЭ объектісін (мүлікті немесе мүліктік кешенді) уақтылы қабылдамау		+
МЖЭ объектісін уақтылы пайдалануға бермеу		+
МЖЭ объектісін құруға, салуға, қайта құруға, жаңғыртуға немесе күрделі жөндеуге, сондай-ақ пайдалануға рұқсат беру және өзге де құжаттарды уақтылы алмау		+
жекеше әріптестің (ЖӘ) банкроттығы		+
МЖЭ объектісін құру, салу, қайта құруға, жаңғырту немесе күрделі жөндеу үшін жекеше әріптесте білікті кадрлардың жетіспеушілігі		+
халық үшін қолайсыздық пен қауіпсіздік		+
қызметкерлер мен жұмысшылар тарапынан өндірістік жанжал (ҚР Еңбек кодексін бұзу, жаппай жұмыстан шығару, митингілер)		+
инвестициялық шығындарды ұлғайту немесе азайту (МЖЭ объектісін құру, салу, реконструкциялау, жаңғырту немесе күрделі жөндеу құны)		+
жоба шарттарын нашарлататын немесе жақсартатын валюта бағамының өзгеруі		+
салық ставкаларын көтеру немесе төмендету		+
инвестициялық кезеңнің ұлғаюы немесе қысқаруы		+
сапасыз жобалау (құрылыс нормаларына, ережелерге немесе стандарттарға сәйкес келмеуі), жекеше әріптес жобалау кезінде		+
мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының шарттарын нашарлататын немесе жақсартатын жобалық шешімдерді өзгерту		+
МЖЭ жобасының шарттарын нашарлатуы немесе жақсартуы мүмкін жекеше әріптестің бастамасымен жобалық шешімдерді өзгерту		+
сапасыз жабдықтарды және (немесе) құрылыс материалдарын жеткізу		+
жекеше әріптестің кінәсінен МЖЭ объектісінің бүлінуі немесе жойылуы		+
МЖЭ объектісін құру, салу, қайта құру, жаңғырту немесе күрделі жөндеу үшін қаржы қаражатын тартпау немесе уақтылы тартпау		+
жоба шарттарын нашарлатуы немесе жақсартуы мүмкін капитал құнының (пайыздық мөлшерлемелердің) өзгеруі		+
экологиялық стандарттар мен нормаларға сәйкес келмеуі		+
Тауарларға, жұмыстарға немесе қызметтерге сұраныстың/тұтынудың төмендеуі немесе артуы		+
МЖЭ жобасының шарттарын нашарлататын немесе жақсартатын тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтердің құнын өзгерту		+
объектінің пайдалану қолжетімсіздігі		

Тәуекел атауы	Жобаға қатысушы	
	МӘ*	ЖӘ*
операциялық шығындарды ұлғайту немесе қысқарту (МЖӘ объектісін пайдалану, қызмет көрсету құны)		+
нормаларға, ережелерге, стандарттарға сәйкес келмеуі		+
жабдықтың ақауы немесе істен шығуы		+
сапасыз техникалық қызмет көрсету		+
форс-мажор	+	+
сақтандырылмайтын тәуекелдер (МЖӘ шартының бірде-бір тарабы және нарықтағы бірде-бір контрагент қабылдай алмайтын тәуекелдер)	+	+
МЖӘ шартында көрсетілген тәуекелдер тізбесінде ескерілмеген тәуекелдер	+	+

Ескертпе: * МӘ - мемлекеттік әріптес, ЖӘ - жекеше әріптес

Жоғарыда аталған тәуекелдер тізбесі шектеу болып табылмайды, ал өздері теңгерімділік қағидатын ескере отырып, МЖӘ шарты тараптарының келісімі бойынша бөлінеді.

Тәуекелдерді дұрыс және теңдестірілген бөлу оларды әрі қарай басқаруға әсер етеді. **Тәуекелдерді басқару** – бұл олардың пайда болу ықтималдығын азайту және олар туындаған жағдайда жағымсыз салдарларды (залалдарды) жою немесе азайту бойынша шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әдістер, құралдар мен іс-шаралар жиынтығы..

Сонымен қатар, тәуекелдерді тиімді басқару үшін олардың әрқайсысын басқару жөніндегі егжей-тегжейлі қадамдық іс-шаралар жоспарын жасау қажет, ол жобаның КҚ немесе БЖ-на және МЖӘ шартына енгізіледі.

Әдістемеден:

...30. Қажет болған жағдайда тәуекелдердің туындау ықтималдығын төмендету жөніндегі шаралар мынадай іс-шаралар түрлерін қамтиды:

1) тәуекелдің туындау салдарынан туындаған жобаның күтпеген шығыстарын жабуға резервтер құру;

2) тәуекелдерді сақтандыру шарттарын жасасу (хеджирлеу);

3) тәуекелдерді мердігерлік шарттар арқылы беру;

4) персоналдың санын және (немесе) біліктілігін арттыру;

5) бюджетті және жұмыс кестесін бақылау және мониторингілеу;

6) МЖӘ жобасын іске асыру қағидаларын, стандарттары мен нормаларын регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды дайындау;

7) тәуекелдерді басқару жөніндегі өзге де іс-шаралар

Бұл ретте МЖӘ шартында тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарынан басқа, олар басталған кезде мемлекеттік және жекеше әріптестің құқықтары мен міндеттері де көрсетілуі тиіс.



МЖӘ туралы Заңнан:

46-бап. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының мазмұны

1. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының елеулі талаптары:...

...7) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының тараптары арасында **тәуекелдерді бөлу**;...

2. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты мынадай міндетті шарттарды қамтуы тиіс:...

...3) инвестициялық және пайдалану кезеңдерін қоса алғанда, сондай-ақ **тәуекелдерді басқару** бөлігінде мемлекеттік-жекеше әріптестік жобасының мақсатына қолжетімділікті қамтамасыз ететін тараптардың құқықтары мен міндеттері;...

...11) валюталық компонент бойынша қайта қаржыландыру тетігін қоса алғанда, **валюталық тәуекелдерді бөлу тәртібі**;...

...15) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша берілетін мүлікті ұстау ауыртпалығын, сондай-ақ **аталған мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну тәуекелдерін** ауыстыру шарттары мен мерзімдері;...

Тәуекелдерді басқару процесінде МЖӘ жобасының әрбір тарабы олардың туындауын барынша азайту үшін барлық күш-жігерін жұмсауы, ал қандай да бір бұзушылықтар болған жағдайда оларды жою үшін оңтайлы шешімдер қабылдауы маңызды. Бұл жағдайда оңтайлы шешім – оны іске асыру үшін ең аз уақыт пен ең төмен шығын көлемін талап ететін шешім болып саналады.

Әдістемеде тәуекелдерді басқару бөлігінде МЖӘ шартына қол қойылған сәттен бастап және оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін мемлекеттік әріптес осы шартта көрсетілген рәсімдерге сәйкес **тәуекелдерге мониторингті** жүзеге асыратыны көзделген. Бұл ретте тәуекелдер мониторингі шартта айқындалған және көрсетілген тәуекелдерді қадағалау процестерін ғана емес, сондай-ақ осындай ұзақ мерзімді жобалар үшін жекеше құбылыс болып табылатын ықтимал жаңа тәуекелдерді анықтау процестерін де қамтуы тиіс.

Мемлекеттік әріптес тарапынан мониторинг жүргізу өз кезегінде жекеше әріптес тарапынан тәуекелдерді басқару бөлігінде қандай да бір жауапкершілік алынып тасталатынын білдірмейді. Мәселен, мысалы, Әдістемеге сәйкес, жекеше әріптес МЖӘ шартына қол қойылған сәттен бастап және оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жобаның тәуекелдер тізілімін жүргізеді.



МЖӘ жобасының тәуекелдер тізілімі

№	Тәуекел түрі	Тәуекел атауы	Тәуекелдің себептері	Тәуекелдің басталуынан туындаған салдарлар	Тәуекелді басқаруға жауапты	Шартқа сәйкес тараптардың жауапкершілігі	Туындау ықтималдығын төмендету бойынша қабылданған шаралар	Туындау салдарын жою бойынша қабылданған шаралар	Тәуекелдерді басқаруға бағытталған ресурстар		
									қаржылық	еңбек	өзге

Осылайша, тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, бөлу және басқару МЖӘ шартының ресми бөлігі ғана емес, сонымен қатар МЖӘ объектісінің экономикалық тиімділігін, қаржылық тұрақтылығын және тұрақты пайдаланылуын қамтамасыз ететін стратегиялық тетік болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген ұсынымдар мен жүйелі тәсілді ұстану мемлекеттік және жекеше әріптестерге сәтсіздіктер ықтималдығын азайтып, МЖӘ жобаларын табысты іске асыру ықтималдығын арттыра отырып, жобаларды орнықты құруға көмектеседі.



8. ҚОСЫМШАЛАР



Нормативтік-құқықтық база

1. Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 наурыздағы № 171-VIII Бюджет кодексі
2. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» ҚР 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V Заңы
3. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м. а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 713 бұйрығы
4. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру үшін, оның ішінде концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 қарашадағы № 710 қаулысы
5. «Мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы болжамды мәліметтерді есептеу әдістемесін және үкіметтік борыштың, жергілікті атқарушы органдардың борышының лимиттерін айқындау, мемлекеттік кепілдіктер беру, экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер, жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер, мемлекет кепілгерліктерін беру әдістемесін бекіту туралы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы борышын айқындау, сыртқы қарыздарды тарту құқығы берілген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өлшемшарттарын айқындау және тізбесін қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 27 мамырдағы № 37 бұйрығы
6. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау мен іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 16 маусымдағы № 52 бұйрығы
7. «Бюджетті қазынашылық атқару және оларға кассалық қызмет көрсету рәсімдерін, қазынашылық есепке алу және мониторинг рәсімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 328 бұйрығы
